

**Аманғазы КӘРІПЖАН**

**САНА  
СУРЕТТЕРІ**



Алматы  
“Жазушы”  
2014

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)-5  
К 25

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Кәріпжан А.**

**К 25 Сана суреттері.** – Алматы: Жазушы, 2014. – 208 б.

ISBN 978-601-200-485-4

Ақын Аманғазы Кәріпжанның бұл жинағына көпшілік модернистік бағытқа жатқызып жүрген, әйтсе де, жұмбақ абстрактіден гөрі өзіндік пәлсапалық сараптауы бар өлеңдері енгізіліп отыр. Кітап көпшілік оқырманға арналған.


ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-200-485-4

© Кәріпжан А., 2014  
© “Жазушы” баспасы, 2014

# **...Шексіздікке қысылмай Сыйып кетсем деп едім...**

*(Лирика, таным)*



*Тіршіліктен нем қалды күйретпеген?  
Дүниеге нем қалды үйретпеген?  
О дүние мен бұ дүние қаһарына  
Мәңгілікті талатпай сүйреп келем.*

## КӨЛЕҢКЕ

Қиялымның мінгеспей ұшағына,  
Кірді күннің көлеңкем құшағына.  
Ақыл-есім барады қидаланып,  
Шуақтардың ілініп пышағына.

Жөргегінде тұншығып асыл үміт,  
Шуақтарға жұтылды жасын ұлып,  
Көлеңкесі Күннің де Күннен үркіп,  
Аяғыма шырмалды жасырынып.

Ғайыптың да кепіл боп түспесіне,  
Мәңгіліктер тұтылды ішке сіңе.  
Көлеңкеден жасырып Күн сәулесін  
Көңілімнің жұтқаны түсті есіме.

Түнді жыртып ойнаса отты өлеңім,  
Көлеңкемді іздейтін от көремін.  
Ал, жарықта шашылған көлеңкелер  
Бірікпесін мезгілсіз деп келемін...



Ем жетпесе  
Менен бітер ғаламдық шеңбер шегі.

Жаратушы қосылған Жаратылыс –  
Мәңгіліктен үзіліп қалатын іс  
болмағасын,  
бұлардың қайғысынан  
Қалғымады санамда нала тыныш.

Жуындым да шегі жоқ былыққа мың,  
Шексіздікті қиялға құлыптадым.  
Санамыздың сыртында көп ойланып,  
Жан айғайымды естідім,  
Дым ұқпадым.

Тіршіліктен нем қалды күйретпеген?  
Дүниеге нем қалды үйретпеген?  
О дүние мен бұ дүние қаһарына  
Мәңгілікті талатпай сүйреп келем.

### ЖОҒАЛУ

Айыра алмай тағы да ақ-қараны  
Болмысымды болмысым ақтарады.  
Жаратылыс марқұм да мұрағат боп  
Менің тозған жүйкемде қап барады.

Өзімді өзім тағы да бөлшектедім,  
Таразылар таласты...  
Өлшетпедім.  
Қиялымды жанымнан суырып ап,  
Жұттым дағы Тәңірге көрсетпедім.

Кеңістіктің кетірдім күйісін де,  
Қиялымның күйік бар иісінде.  
Өзіме өзім қамалып тұтқындалдым,  
Ойларым да тұншықты ми ішінде.

Ақыреттің ақырғы айласы да  
Сол қиялдың шешілді пайдасына.  
Кеңістік те тыпырлап қала берді  
Көңілімнің қысылып айнасына.

Керуенін тарта алмай үміт көптің  
Абыройы шашылды сынып көктің.  
Жылдамдықтан жарықты қағып алып,  
Сәулесіне жарқ етіп сіңіп кеттім.

Жүрегімді аңдып ем, шешіп етті,  
Менен қашып ғұмырдың көші кетті.  
Өйткені ол да тұтқын боп,  
Шындық деген  
Жаратылыс жауынан шошып өтті.

Өгейлікті өкшелеп өрем менің,  
Қалды әлсіреп ала алмай өлең демін.  
Жиып беріп ғаламды уысына  
Қүдіретке бәрібір еленбедім.

Тірлік армен төлей ме жол бағамды,  
Табыстай ма жұмаққа жолдамамды,  
Қүдіреттің құйылсам құлқынына  
Сорғалатып көзімнен сорлағанды?

Ләззат тапсам мезгілді түршіктіріп,  
Кезеді үрей санамды ыршып, күліп,  
Қиялымның түйілген ішегінде  
Тіршіліктен қалған-ау қылшық тұрып.

Жаратылыс мен десе жылымас-ты...  
Жаратты да көре сап сұры қашты.  
Менің мысым кетті ме тұншықтырып,  
Ғайып құлпын қиялмен жұлып ашты...

Үнсіздіктің үрейін шала ұқтырып  
Мазағына шыжғырды шабыт күліп.  
Кеңістік те кеудеме еніп кетті  
Шаттығымның әйнегін шағып кіріп.

Асау ажалды үйретіп көзімде жын  
Бола қалды селк етіп төзім де жым  
О дүние мен бұ дүние,  
Бар дүниеден  
Іздеу салып таппадым өзімді өзім.

### СЫРҚАТ

Түзеген болдым сыртымды,  
Ішімде әлі – төңкеріс...  
Көзімнен ытқып жыртылды  
Ішекті жарған теңселіс.

Жарым естердің сарабы  
Намысты тағы бұрғылап,  
Жанымды жайғап барады  
Жүректің жыны ұрғылап.

Сезімді сезбес тас құрлы  
Өреге біткен олқыны  
Толтырмақ еді...  
Басқа ұрды  
Қысылған қанның толқыны.

Дәуірлер беріп, ел ішкен  
Ащыны құсып асқазан,  
Тепкілеп жатыр мені іштен  
Бауырдан өткен тас – тозаң.

Тұнбасы қырсық санамның  
Бүйрекке жетті жаншылып,



Тамырын кесті ғаламның  
Үрейден үркіп қанша үміт.

Тұздықтай берме жанымды,  
Дәрігердің соқыр дәрмегі,  
Ажалға тартсаң барымды  
Арымды қоссаң нәрлі еді.

Нәрі ем боп талай шерімнің  
Жұтты да мені туды ажал.  
Кеденін өмір, өлімнің  
Босатпай кетті қу базар.

Босатпай кетті кіл мықты  
Фәниді тұтас жастанып,  
Ұйықтатып тынды тірлікті  
Қасірет шеккен мас халық.

Жараттың мендей мүсінді  
Өнерің тасып, бір Құдай,  
Өз қолың қылған ісінді  
Ұрғылай берме, ұрғылай...

\* \* \*

Тағдырымнан ұрланып дара тыныс,  
Жата алмады жұтпаса нала тыныш.  
Тұғырларды қиялмен теңшесем де  
Сатылауын қоймады жаратылыс.

Ішті жеген көп сырқат, қалың азап –  
Ол да пәни сыйлаған кәрі мазақ.  
Өз қанымды түкіртпей жұтқызады  
Босқын, ұры ұйқылар жаныма жат...

\* \* \*

Құдайға жетсе ғанибет үні,  
Бақи да тірі, Фәни де тірі.  
Бір-бірін алдап жеп тынар ма екен  
Шексіздік деген тар үйде түбі?...

Екеуін құшсам тыңайып қалам,  
Сұрақ демессің Құдай ұқпаған.  
Шексіз ғаламның жүрегі болып  
Мәңгілік соғу лайық маған.

\* \* \*

Өзімді келем өзімнен қорғап,  
Мазмұнсыз күлген көзімнен қорғап,  
Тәңірден биік кезімнен және  
Тәңірге бұққан төзімнен қорғап,

Санамды бөлген сынақтан қорғап,  
Қиялым жеткен жырақтан қорғап,  
Өзгеге жақпас сұрақтан және  
Сөзіме өгей құлақтан қорғап,

Ырымшыл, адал арымнан қорғап,  
Қанымды бұзған дарыннан қорғап,  
Келемін залал-зарымнан және  
Ғұмырда есен барымнан қорғап...

## ТҮН

Естімепті жанымды түн құлағы,  
Үнсіздіктен үрейлі үн құлады.  
Сорлы тарих санамда қабат-қабат  
Секундтарға қысылып шыңғырады.

Киeмiздi сүзем деп құлыптастан  
Киесi ұрып тозақтың сыныпты аспан.  
Көлеңкемдi жымқырған қара түндi  
Қылғыттым да жайрадым дым ұқпастан.

Түндi жұттым,  
жарқ етiп жасын өттi,  
Жарқанаттар жазықсыз басы кеттi.  
Бекер жұттым, iшiмде байыз таппай  
Байғыз үнi жаудырды қасiреттi.

Бойламады санамды түктiң мәнi,  
Айналаны жүрегiм тұтқындады.  
Қағып кеттiм өзiмдi андаусызда,  
Қараңғыны дым қоймай жұттым дағы.

Аңғалдыққа сүрiнiп намыс тағы.  
Құлағыма құрдымның жабысты әнi.  
Жыртығынан жанымның тамшылап түн,  
Қараңғының салмағы жаныштады.

Бiр түн өттi,  
Сол түннен мың түнектi  
Жымқырды да жанымның шырқы кеттi.  
Санама кеп кеп тығылған азаттығым  
Көлеңкемдi өзiмнен қырқып өттi.

Жарқ еткiзiп жай оты жүректi де  
Уысыма жиналды түнек, мiне.  
Жыр-жарыққа соғылды жарқанаттар  
Қап-қараңғы жанымнан пыр еттi де.

Жетiм ажал жарыққа түнесiн бе?  
Тәңiрдiң де тағдыры тұр есiнде.  
Сынып кеттi жүрегiм.

Жанарымнан  
Түсті ғұмыр сау етіп күресінге.

Бағы дәуір кеткенде мантирап тым –  
Тітіркенді сұсынан қалтырап түн.  
Түннің сонда жейдесін бір-ақ тартып,  
Омырауын ай қылып жарқыраттым.

Шыңның бірде намысы қайнап ағып,  
Өгіз бұлттар өкірді жай қадалып.  
Өксігенде өзекке ой қамалып  
Өліп кетті кеудемде ай жоғалып.

Айды аңдыған көк бөрі ем,  
Жатпай ұлып,  
Жұлдыз жұтып масайдым,  
от қайырып.  
Қансырата таң нұрын сорғалаттым,  
Қара түннің маңдайын қаққа айырып.

Күлкісінен адасып сан сұрақтың,  
Қарашығын түнектің қансыраттым.  
Әлсіз нұры шытынап бара жатты  
Шағылғанда күл болып “шамшырақ” түн.

Әр секундтың есігін баптап ашқан  
Егілді іште Тәңірін жоқтап аспан.  
Менің ұзақ ойларым керіп кетіп  
Түн тігісі сөгілді тоқтамастан.

Түнді бекер үркіттім түсім қашып,  
Құтқарусыз қалды үміт ішімде ашып.  
Көлеңкемді суырып ала кеттім  
Қараңғының қинамай мысын басып.

## ШАРАСЫЗДЫҚ

Басым қатып барады, басым қатып...  
Жанашырым қалмапты қасымда түк.  
Домалатып барады дүниені  
Езуіне қан қатқан масыл бақыт.

Кезікпеппін,  
Жүрегім, тірісің бе?  
Мәңгіліктің табынған пірісің бе?  
Ірісің бе Құдайдан?  
Әлде соның  
Мұң ішінде тұншыққан мінісің бе?  
Тазармайтын фәнидің кірісің бе?  
Саудың ісі қалмапты бір ісімде...

Жаратылыс мен ішкен бақырда еді –  
Құдайдың бұл мен үшін ақырғы емі.  
Сол емінен жұқтырған барлық күнәм  
Тозаққа да дайындап жатыр мені.

Батыраштар бәйгісі, міне, осында  
Тықпалады қай қырсық мына сынға?  
Тәңірдің көп қылмысы жоқ па дедім,  
Жылап қалған тірліктің күнәсында.

Құтқара алмай өзінің азаттығын  
Санамыздан сескенді тозақ бүгін.  
Мәңгілікті миыма жасырдым да,  
Шексіздіктің тауыстым қажап түбін.

Нем бар еді фәниге кіріп тағы?  
Тағдырымнан шошыдым құрықтағы.  
Ойларымды бауыздап бара жатты  
Жанарымның шағылған сынықтары.

Қасіреттер ашытқан сұрақты іштім.  
Масайдым да өзімді жылап құштым.  
Арманымның азуын қиял керіп  
Құлқынына менде оның құлап түстім.

Құлқынды да жыртты арман тісімді еміп.  
Барам мен де өзімнің ішімде өліп.  
Өлі секунд санамнан ақтарылды  
Көп ұйқының үрейлі түсін көріп.

### МҰҢ МЕН СЫНАҚ

Қалғымадың, қиялым, көз ілмедің,  
Ойым да іліп алған ба өз ілгегін,  
Әділеттің айласын сезінбедім.  
Бекер маған қадалдың,  
Болмысымды  
Тұншықтырып барады көзіңде мұң.

Бұ дүниені жұлқылап мол арманым,  
О дүниеге кірсем де өле алмадым.  
Пәни, бақи жігіне қысылдым ба?  
Қай жағына, белгісіз, тоналғаным...

Келмесе де бақиға санат құрғым  
Бар мен жоғын пәнидің тонап кірдім.  
Қиялыма қамалып,  
Әйнегінен  
Гайыптағы өзіме қарап тұрдым.

Мәңгілік пен шексіздік жылап тағы  
Бір-біріне паналап тұрақтады.  
Үшеумізді қосақтап жеп барады  
Қүдіреттің себепсіз сынақтары.

Бақиды алдап,  
Пәниді байытты мұң.  
Мұң жаратқан Құдай ма,  
Айыпты кім?...  
Кім жаратты сынақты? –  
Жауап қатпай,  
Енді өзінен айырылды ғайып бүгін...

### **АҚЫРЕТТІ МҮСІРКЕП ЖАРАТЫЛЫС...**

Заманақыр ордасын от қамады,  
Мен кідірдім,  
Дүние тоқтамады.  
Жүрегіме жармастым,  
Жыртығынан  
Менің көзім өзіме оқталады.

Тіршіліктің талқан боп тозды алаңы,  
Тәңірдің де тарылды өз ғаламы.  
Астан-кестен кетсе де,  
Арт жағымнан  
Өткенімнің елесі қозғалады.

Жер тірілді,  
Жөргектен атып тұрды,  
Жаратылыс көзіне бақыт кірді.  
Қасіреттен тарихты шешіндіріп,  
Санамызға бөлемек уақыт-құрбы.

Тағдырымды берем бе жала сұмға?  
«Қызғаныш жүр» Тәңірдің санасында.  
О дүние мен бұ дүние құшақтасып,  
Ажал қақпа қирады арасында.

Тәңір де енді күнәға құлақ түрді,  
Сан ажалды өлтіріп лақтырды.

Ақыретті мүсіркеп жаратылыс  
Жұлдыздары тамшылап жылап тұрды.

Келген жоқпын өмірге,  
Түсім бәрі...  
Өресіздің қозғалды мүсін-жаны.  
Жүрегімнің жартысы аруда емес,  
Қансырап жүр бөрінің тісінде әлі...

### АДАСУ

Жараттың ба, Тәңірім, есі барды?...  
Күн де нұрын көзімнен шешіп алды.  
Жөрегіңде жыртылған көңілімнен  
Сусып кеткен қиялдың несі қалды?...

Тәңір, сізге ойым жоқ алабөтен  
Ғаламнан тыс іздедім жаңа мекен.  
О дүниең мен бұ дүниең,  
Тағы басқа  
Қай дүниең бар, бәрін де ала кетем.

Дін біткенге сананы ермек қылып,  
Қалды тағы нақ шындық жөрегіңде ұлып.  
Адасқанның ақылын жерлеп тынып,  
Дүниені сапырдық тербеп, күліп.

Түп тегімді тергесем, бұрын құлдап,  
Шошытар ем заманды түрім құрғап.  
Шоқыну да, намаз да күнә кешті  
Игі істерге жаратқан күнімді ұрлап.

Дін біткеннен жиреніп ғұмыры өткен,  
Көмек күттім амалсыз күдіреттен.  
Есі ауысқан сенімдер елді ірітті  
Ақиқаттан тіксініп қыбыр еткен.



Жауластырып тамырсыз масқаралық,  
Сорғалады санамнан аспан ағып.  
Құшағымда бүріскен дүниеге  
Қиялымды босаттым баспана ғып.

Тасқа айналды Поссейдон, Зевс күліп,  
Киді мезгіл ғұмырды кебіс қылып.  
Күтті азаттық періште – Шайтан атты,  
Күтті азаттық діндерден Жер ышқынып.

Адам-Құдай көп, бәрі – ертегі елі,  
Табынса отқа, от мені өртеп еді.  
Иілсе индус сиырға – мал киесі  
Тірі рухқа тарта ма ерте мені?...

Қүдіретке құрдымнан қарап, күліп,  
Бақсы тірлік барады балақ түріп.  
Өресізді аядым,  
Уысымнан  
Шашыраған секундты санап тұрып.

Сескендіріп сезімді ылаң ішкі,  
Кеңістікке тағдырым жылап ұшты.  
Дүниенің кеудесін кері итеріп,  
Намысымен ғаламның жын алысты.

Өткелінен тозақтың өттім өліп,  
Көрден рухым қарады тек түнеріп.  
Қорқыныштан үзіліп  
Көңілімнің  
Жын билеген түбіне кеттім еніп.

Күнді айналып,  
Көзінде мұң байланып,  
Әлемді әлем барады бірге айналып.  
Кері айналған бақсы да, бақастық та  
Хақ жолына бағытын бұрды ойланып.

Қозғалыстың маңдайы қансырады,  
Шіреп тұрды ғайыптың сан сұрағы.  
Құдайға ақыл үйреткен уақыттың  
Күлкісінен қасірет тамшылады.

### ҚАҒА БЕРДІ ТАҢДАЙЫН КӘРІ САҒАТ...

Мен бір Тәңір...  
Құлымдай шырақ-ғұмыр  
Елең қылды ыңырсып құлақты бір.  
Қанша дәуір зыр еткен қас-қағымда  
Соңы жым-жырт.  
Сезгенім бір-ақ қыбыр...

Түп тегімнен олжа боп салмақты өлең,  
Тұғырымнан түсірмей самғатты ерен.  
Топырақ боп жоғалған тірлікті еміп,  
Тіршілікке ләззатты жалғап келем.

Жұмбақ дертін фәнидің айта күліп,  
Мертіктім бе санамды сайтан үгіп?  
Ғұмырымды көзіне іліп қойды  
Өз ауруым өзіме қайта жұғып.

Кімге ұрынсам деп тұрам анда-санда,  
Заманақыр, жағаңа жармасам ба?  
Ақыры өттім деме енді құлқыныма  
Ақыреттің ордасын қорғасаң да.

Қайғысына күрмеген арқан күліп,  
Салған ізін соңынын сортаң жұлып,  
Ғұмыр-кеме Аралда қаңтарылды  
Қозғалыстың күмбезін талқан қылып.

Тағдырымды қытықтап қатты күлдім,  
Мұң көзінен жанымды қапты кірбің.

Қапқан жерден жүрегім секірді де  
Қолтығына тығылды шаттығымның.

Қасіреттің паналап сұрқы бізді  
Шырқын онын шындықтың ырқы бұзды.  
Ембек болып уланды жиіркенбей  
Көздерінде мұң қатқан күлкімізді.

Қозғалыстың болмаса намысы ағат  
Көзден аққан секундтар – бәрі сабақ.  
Үнсіздікті қос тілі тілі сабап,  
Қаға берді таңдайын кәрі сағат.

Тірлік – тұтқын...  
Тағдырдың тұспалы кем.  
Сағым қысқа жанарда.  
Қысқарып ем –  
Саңылауы жамалды көңілімнің  
Қиялымның қажалмас пұшпағымен.

Сарқынындай өткеннің сұрақты ішіп,  
Жаһнамға жармастық жылап, құшып.  
Есебінен шатасты ғұмыр-сана,  
Есегінен қозғалыс құлап түсіп.

Тіршіліктен керең мұң жуықта өліп,  
Бөбек мұңы өлеңнің суықты еміп,  
Жетінші әлем шырмалды қиялыма  
Өр екпіні өремнің қуып келіп.

Тойдырсам деп тозақты базар құрып,  
Өлтіріппін байқамай ажалды ұрып.  
Тарихты адам тірідей жерлемек боп  
Ғасырларды қалапты мазар қылып.

Санамызға түнетіп бар азапты  
Ғұмырымның түңлігін нала жапты.  
Жыртығынан жанымның ұйқылы-оюу  
Жетім өлең домалап бара жатты.

Өлімді ішкен өзім бе,  
Төзім бе еді?  
Өлтірді де тірілтті сезім мені.  
Күдікті ойдың салмағын көтере алмай  
Шытынады қуаныш көзімдегі.

Қайта тыңдап үлгірмей көктем үнін,  
Жанып кеткем,  
Жоғалды көкке күлім.  
Жырға сіңген ғаламды жанымдағы  
Лақ еткізіп құрдымға төкті өмірім.

Мұң қайнаса жанымда, оттар ұлып,  
Армансыз бір арнамнан ақтарылып,  
Ақыретке олжамен аттанамын  
Қырандардың көзінен көкпар іліп.

Қызғанышқа аштырмай құлыпты ішкі,  
Мөлдір дейміз сезімді,  
сұрып күшті.  
Мөлдірліктің шағылған сынықтары  
Жүрегімнің жарты етін жұлып түсті.

Күпиясы абалап сан сұрақтың,  
Шырқын алды үрейдің қамшылап түн.  
Шексіздіктің шеңберін талқан қылып,  
Мәңгіліктің маңдайын қансыраттым.

## ОҚЫЛАР ЕДІМ ФӘНИГЕ...

Құрдымға көрден үңілдім адам қазатын,  
Жұмаққа сүйреп қашты, әне, жаман да жатын.  
Бейіштен жұлып шындықты Аманғазы ақын  
Шашырап кетті аңдаусыз заманға зақым.

Үміттің бәрі есігін құлыптап алған.  
Пендеге пейіл танытты сұрыптап арман.  
Құрықта қалғам...  
Бақытты қиялдан ішіп,  
Оянбай кетсем маужырап ұмытпа, қарғам.

Ғайыпқа қанат қаққанда қанша үміт қолдан  
Көзіме ғұмыр сүңгіді,  
Малшынып та арман.  
Құшақтап тұрып мезгілді,  
Өзімді көрдім  
Адасып тылсым тірлікке шаншылып қалған.

Дүбірден көріп жармасты таңырқап ғалам.  
Құрдымға құрып малдасты жабырқап барам.  
Оқылар едім фәниге,  
Тағдырым – қырсық...  
Мен де бір жұмбақ шешімін Тәңір таппаған.

Қозғамақ болып орнасын ғұмыр-өткелдің  
Қысылып қалған тірлікке құдірет көрдім.  
Мың рет келгім жоқ енді...  
Мыңдаған ғалам  
Бейнесін өмір көзінен бүгін өткердім.

1993 жыл.

## МАХАМБЕТШЕ

Мен мен едім, мен едім,  
Мен фәниге жазылған  
Мәңгіліктің шері едім,  
Ажалға арнап қазылған  
Әңгүдіктің көрі едім,  
Шексіздіктің шеңберін  
Шауып келсем деп едім,  
Санадан тыс адасып  
Ауып көрсем деп едім,  
Күннен үркіп тығылған,  
Құшағыма жығылған  
Көлеңкемді мүсіркеп,  
Үнсіздіктің уызын  
Сауып берсем деп едім,  
Қиялымды көзіммен  
Еркелетсем деп едім  
Ертеңімді өзіммен  
Ертегі етсем деп едім,  
Қозғалыстың оң-теріс  
Қос ішегін бір бұрап  
Шежіремді болашақ  
Шерте кетсем деп едім,  
Дүниені отыма  
Өртеп өтсем деп едім,  
Сұрастырып жындардан,  
Құрастырып мұңдардан  
Тауып алып өзімді  
Ерте кетсем деп едім,  
Мен мен едім, мен едім,  
Өз жанымда жүргенде  
Кеңістіктің төрі едім,  
Уақыттың соры едім,  
Құштарлығым қырқылып,  
Іштарлығым іркіліп,

Жылдамдығын жарықтың  
Бағындырсам деп едім,  
Жаратылыс дегенді  
Табындырсам деп едім,  
О дүние мен бұ дүние,  
Бар дүниенің санама  
Сағын бұрсам деп едім  
Мәңгіліктен сәл артық  
Ғұмыр кешсем деп едім,  
Ақылы аздау болса да  
Қаз-қаз тұрған фәнидің  
Жібін кессем деп едім,  
Ғұмыр деген азаптың,  
Тағдыр деген мазақтың,  
Жұмақтың да тозақтың  
Түбін кешсем деп едім,  
Бәрін тиеп мұңыма  
Сұрақтардан өзіме  
Бүгін көшсем деп едім,  
Дәл өзімдей барлығын  
Биіктетсем деп едім,  
Көздеріне нұрымды  
Құйып кетсем деп едім,  
Шексіздікке қысылмай  
Сыйып кетсем деп едім,  
Сосын сұлу бейіштің  
Қиялына тұншығып  
От демінен армансыз  
Күйіп кетсем деп едім...

2002 жыл.

## КҮНӨ БІТКЕН ТЕҢСІЗДІКТЕ ТУҒАСЫН...

Тылсымдарын қызғанса да өткел-мұң  
Ғұмырымда күнәсызды көп көрдім.  
Күнә біткен теңсіздіктен туғасын  
Тәңір де оған кінәлі ме деп келдім.

Күнәһармын,  
Кешір, бірақ, Тәңірім,  
Мен де өлікпін,  
ғұмыр – менің қабірім.  
Намыс тағы дүрлікті де,  
ғайыптың  
Терезесін шағып кетті сабырым.

Тірілмей-ақ өткізсем деп бір демді,  
Аңдамаппын Құдай жүрген іргемді.  
Қиқымынан қирап қалған сананың  
Құрастырып жинап алдым мүрдемді.

Қайта тудым,  
Тірі пенде көз қылды,  
Ар-ұяттан осалдығын сездірді.  
Көкейімде ұйықтап қалған өкініш  
Тітіркенсем шошытады мезгілді.



**МЕН ӨЗІМ...**

Адамнан да, ғаламнан да бөлекпін. –  
Бәсеңдемей бойымдағы өр екпін  
Қашып жүріп өмірден де, көрден де  
Заманақыр келгенде  
Жаңа ғұмыр жаратуға керекпін.  
Таразының бір жағы мен,  
Бір жағында тұр әлем.  
Ауып кетсем, сірә мен  
Адамың да,  
Наданың да,  
Ажалың да,  
Ғажабың да,  
Сыяпатың, сәнің де,  
Ғаламың да,  
Заманың да,  
Залалың да –  
Бәрің де  
Ақыреттен шығар ең.  
Ала алмаған еншім қалса бұ таңда  
Дүниені жұтам да,  
\\шынымен-ақ тажалмын\\  
үрейлерін ұшырам да ажалдың  
Жетем түбі қонақшылап,  
Күт, Алла!  
Намысымды жұтып ап,  
Сынып кетсем бірте-бірте шытынап,  
Бұйырма, Алла, айыпқа.  
Сабыр маған лайық па? –  
Менің жаным ғайыпта ғой,  
ғайыпта...  
Мені ешқашан ақтамас,  
Сөніп қалсам жоқтамас,  
Мезгіл маған бақталас қой,  
Бақталас.

Мені тіпті өлтірмейтін мәңгілік –  
Әділет те – әңгүдік.  
Жөргегінде көп қасірет, көп талас –  
фәни менен бақи заңы тоқтамас  
болмысымда қаңғырып...

1988 жыл.

### МӘҢГІЛІКТІ ҚҰШАҚТАП...

*(бард-толғау)*

Сойқан құрып сенімдер санамда тағы  
Жындандырып тарихты арандатады.  
Құдайдан да бір күнә сезіп қалса егер  
Ақыреттің өзі де арам қатады.

Арандатып тылсымды қаңғырып келем  
Тәңірді де күнәға қандырып көрем.  
Өлтірсем де ажалды тірліктің бәрін  
Күндес қылғым келмейді мәңгілікпенен.

Құштарлығым сейілді заңғарға көптен  
Жібімесем нұрыңа танданба, көктем.  
Санама ылғи сүрініп жаратылыс та  
Оқи алмай жанымды арманда кеткен.

Абалатып тағы да үмітке мені  
Адамзаттық сенімдер бірікпеп еді.  
Құдай берген кеңшілік санамызға енді  
Құдайды да сыйдырмай үріп келеді.

Білсем дағы еңіреп үміт те өтерін  
Күліп тұрып бас тіктім күдікке тегін.  
Мәңгілікті құшақтап жылыта алмасам  
Жылап қайтып өзіме сіңіп кетемін.

Құлшындық та құрдымды жастандық күрең.  
Бақытқа өлшем – бақ емес, бостанық, білем,  
Шырқырама шындық деп –  
Шындықтың дағы  
Жолыңа енді құрғаны қастандық кілен

Жүрегімді талауға шашылып болған  
Тісі тиді фәнидің асығып барған.  
Мәңгіліктің өзі де қылмыскер еді  
Ғалам сыйған жанымды жасырып қалған.

Ғалам болып тіріліп тұрып қарадым –  
Дүниені бір жаққа бұрып барамын.  
Теңсіздіктер қылғасын күнәнің бәрін  
Күнәһар деп ешкімді сұрыптамадым.

Тірілсемде қанша рет,  
Тозаққа басым  
жаралмапты  
О дүние мазақтамасын.  
Шындық бекер мені де жазалайды әлі  
Өтіріктің ұқпаса ғажап бағасын...

\* \* \*

Көзімнің нұры әлсіреп,  
Қисайып бара жатқанда,  
Оянып кеттім қанша рет  
Іліне жаздап қақпанға

Емгісі келіп мәнімді  
Жанымды ғұмыр жыртқанда,  
Тістете салдым барымды  
Ақырет атты сырттанға.

Мезгілдің көзін қазды мұң –  
Көздегі сиқыр шатқалға  
Жазылып қалды мазмұным  
Шошынып кірпік қаққанда.

Жоққа да барға табындым –  
Дүние! Неткен сүйікті ең!  
Түрмеден шыққан Тәңірдің  
Қырқылды сағы күйіктен.

Үрейін ұрлап басқаның,  
Тәңірді тағы жасқадым.  
Өзімнен қашып, көзімнен  
Ғұмырды күреп тастадым.

Тұңғыықтардың көзіне  
Мұң құйып бірге ағылдым.  
Ыржиып, сосын өзіме  
Есалаң күйде табылдым.

...табындым?...

## ЛАП ЕТІП ЖАНСАМ БІР КҮНІ

Ғайыпта бір ел көрші отыр,  
Тірліктен тайсам әсте мен.  
Тәңірдің бәрі – көрсоқыр,  
Тағдырдың бәрі – таскерен.

Тірілдім,  
бірақ, санамнан  
Сырғанап кеткен азаттық,  
Шуағымды ұрлап ғаламнан,  
Мақтанды мезгіл мазақ қып.

Пәниге енші – еркелік,  
Былдырлап шыққан мұң тілі.  
Ғаламда кетер өртеніп,  
Лап етіп жансам бір күні.  
Күлкілі бәрі,  
Күлкілі!...

## ТЫНЫМСЫЗ ТЫЛСЫМ ЖОЛ КЕСТІ

Үмітке тиеп жібердік тілекті өндіріп,  
Тынымсыз тылсым жол кесті түнектен бүріп.  
Жүректен кіріп,  
Жанымды жүдеткенде ұлып,  
Көңілдің үңгір үрейін күреп көмдіріп,  
Бесікке бөлеп мұңымды әлсіреп барам,  
Көзімнің нұры, қайдасың,  
шыр еткен күліп?

Тозақтың олқы тұсына сына қып көпті,  
Құрдымды қанша жуғанмен күнә бітпепті.  
Жөңкіле көшкен жұлдыздың дүбірі сыймай,  
Көңілім оқыс шағылып,  
Түн ағып кетті...

\* \* \*

Зардабын ішіп тағы да жырдың  
Жындыны тауып табына күлдім.  
Көбейді жынды дәрілеп өзін,  
Көбейіп кеткем – бәрі де өзім.  
Табытқа кірдім өзімнен қашып,  
Жылайды тірлік көзімнен қашық.  
Өлі қиялдан тіріліп алған  
Тірлікке тартты ұрынып арман.  
Мені енді күтіп зарықпа, Көктем! –

Келмеспін...  
Жарыққа қарап жанып та кеткем,  
Сөнбеспін.  
Үмітке ұры қалықтап өткен  
сенбеспін.  
Мінімді білмес,  
Мұңымды білмес,  
Жырымды білмес  
енді ешкім.

1989 жыл.

\* \* \*

Сыңсиды жаралы жылдар,  
Мезгілден шалағай қалып.  
Бейқамдық сананы ұрлар,  
Көкірек молаға айналып.

Жұмақтар дәуірді кезген  
Жалт беріп ертегілерден,  
Жырақтап жауыр мінезден,  
Жанды өлең өртеніп өлген.

Адасса бір асыл арман  
Сүрініп шоқалақтардан,  
Жөн сұрап дұғасы бардан,  
Жүректі тасалап қалған.

Ащыдан үйрен дегенім  
Азап та, ғажап та шығар.  
Дәуірден кигенде кебін  
Тарих па мазаққа шыдар?!

Талқандап мұң құлыптарын  
Жасын жыр түнекті тілген.  
Жаһанның тұндырып қанын,  
Пәниге жүрек бітірген.

## ЫЗАЛЫ ҚАНДАСТАРЫМ

Тарихқа тұтқын, тағдырлас ызалы қандастарым,  
Қарадай үркіп ғарыштан құлазығанда аспаның  
Қырсықта қырық жан барда сірә жыға алмас та әлің,  
Шындық та бірге құлқынға құрады малдастарын.  
Құтқара қоймас сұмдықтың сұрағынан қашқаның,  
Пәниді бөлмес бакидан ұзарып алдаспаның...  
Қиямет жазып жатса да қырағылар дастанын  
Пәнидің заңы өзінен сызады алжасқанын,  
Намысқа күйсін соңғы рух, қыз әлі қандастарым! –  
Десем де,  
Сиреп кеттіңдер ызалы қандастарым...

\* \* \*

Толғақ қысқан жүрегім жүр шыдатпай,  
Тағдыр тірі көмбегей бүршік атпай.  
Ақыл-ессіз мезгілдің жылдамдығы  
Болмысымды тілгілеп сусып ақты-ай.

Адалдықтың жолында жан ұшырдым,  
Пәктігі енді жылап жүр әр ісімнің.  
Ақтық сында ағымнан ақтаратын,  
Қын ішінде жатқан-ай намысымның...

Сан ақиқат жалғанға кетті адасып,  
Адалдығым да аңғал-ау жоққа машық,  
Өрт тірліктен шындықты құтқарам деп,  
Алдым талай аяқты шоққа басып.

Ар жағында үміттің арман күліп,  
Кекетті ме ?  
Шығарды жаннан бүлік.  
Барады өмір өзімен арпалысқан  
Өз жүрегімді өзіме таңғалдырып.

Қай белесі өмірдің?  
Қайдағы маң?  
Жүрегімде тыным жоқ ой қарыған.  
Мінезімнің мінезі қолды болды  
Қаймықпаған қасірет айбарынан.

Берме, Намыс,  
Берсең сен мінезге ерік,  
Тағдыр маған жолығар мың өзгеріп.  
Сыйдырмаған мезгілдің жүйкесіне  
Сіңіп кетем өзім де лезде еріп.

Өткен күннің көңілде сыңғыры қап,  
Жалықпадым жанымды сындырып ақ,  
Жарақатын үміттің таңа бердім,  
Сағынышты қиялдан тұндырып ап.

1987 жыл.



**МЕН ӘЛЕМНІҢ КЕҢДІГІН ӨЛШЕП ӨТЕМ...**

*Қайырғазы Алтыбаевқа.*

Шындық мініп сұмдықтың арқасына,  
Жасырынды мезгілдің қалқасына.  
Адамзаттың қадірі саудаланып,  
Түсіп жатты тарихтың қалтасына.

Сүңгіп шықты қиялым сан аңызға.  
Ақыреттің жүрегін жарамыз ба?  
Секунд сайын сан түске боялады  
Ар елінің картасы санамызда.

Жанарынан мезгілдің сұрақ тамып,  
Шындық күлді ғайыпқа сыр ақтарып.  
Жарық күннің «күтқар» деп,  
Жағасынан  
Ала түстім құрдымға құлап барып.

Қасіреттің тұтқындап қарашығы,  
Сүріндірді Тәңірдің дара сыны.  
Жылап жаттым,  
өңменнен барады өтіп  
О дүниенің ұлыған борасыны.

Тамұқ торып үріп жүр күдік кімге?  
Жынның есін шығардым күліп мүлде.  
Бір саңылау таба алмай тырмысып ем,  
Сынып кетті сағымы үміттің де.

Айналып ем содан соң албастыны  
Көзінде оның байқалды алғаш мұңы.  
Дүниенің тәртібін өзгертпек ем  
Құлағыма Құдайдың жалғасты үні.

Әлем бүгін телмірді жыр маңында.  
Атас күштер сыйыспай жүр қанымда.  
Тәнімді ал деп қашамын адастырып,  
Жаным кетсе ажалдың тырнағында.

Уақытты жылдамдық жеңсе бекем,  
Бәрі де оның санамның бөлшегі екен.  
Әр аттастың теңселіп арасымен  
Мен әлемнің кеңдігін өлшеп өтем.

1993 жыл.

# Көлеңкемен көз жаздым өзімді ішіп...

*(Диалектика, қарсылықтар заңы...)*



*...Топас пенде тағы да тұр күнә артып:  
«Мың жасынан қыранның бір күні артық».  
Қыран етіп жаратса өлгісі бар  
Құзгынның да биіктен бір құмартып...*

## ОРТАҚ СЫРҚАТ

Әділеттен қаймыққан соқыр үміт  
Санасында ақынның отыр ұлып.  
Шайқалақтап барады екпініме  
Уақыттың тағаны опырылып.

Ісім мазақ болғасын сайқалға мың  
Тынықсын деп, тиылдым, қайта арманым.  
Өткенімді өксіткен өкінішті  
Өзге түгілі өзіме айта алмадым.

Қасіретті көшірген қанша реткі,  
Мазмұнымды ақиқат мансұқ етті.  
Намысымды бақталас уақыттың  
Есі ауысқан екпіні жаншып өтті.

Адамзаттық сананың белі сынды...  
Пәни, бақи бір-бірін кері ұшырды.  
Әділет те мен өлсем өлгісі кеп,  
Жасыра алмай толғатты өлі сырды.

Шындықтың да шайылып кетті аралы.  
Пенделіктің ызғары бет қарады.  
Мен мезгілге,  
Мезгіл де маған сыймай,  
Сәйкессіздік аяусыз жеп барады.

## ШАЙТАННЫҢ МҰҢЫ

Келмегесін тірлікті ермек еткім –  
Күдіреттен сәл биік төрлемекпін  
Ұрлап тынып төркінім қасіреттен  
Өзімді әкеп өзіме жерлемекпін.

Қозғалыс та, Құдай да үндемеді.  
Мезгіл де үнсіз көзімнен мұңды емеді.  
Жаратылыс дегенді кім жаратты?–  
Санамда ол да тұншығып күнде өледі.

Мысы басып үрей мен жаңғырықтың  
Күнді құшып құлады қаңғырып түн.  
Менде үркітім о дүние, бұ дүниені  
Болғым келмей тұтқыны мәңгіліктің.

Көз жасынан мұңды іркіп ұрғашының  
Тәңірді емдеп жұтқыздым бір қасығын.  
Сүргін көрген мен де бір Шайтан атты  
Мәңгіліктің саналы құрдасымын.

Періштелер қызғанып шеттеп еді,  
Жылап құшты шексіздік,  
Шектемеді.  
Жақсы атты өзі Тәңірім еншілепті,  
Жаман атқа құрбан ғып текке мені.

Жаратқанның жаратқан кемдігімін –  
Сондықтан да Тәңірде ендігі мін.  
Дүние өзін түзетсе мен арқылы –  
Айнасымын,  
Сыбайтын кеңдігімін.

Өзімді іздеп тозақтан көп қарадым...  
Арасынан таппадым ақ-қараның.

Сыйдырмаған сананың көз-жасы боп  
Ақ жанымнан үзілді қап-қара мұң.

Тәкәппарлық танытсам өкпелі ме?  
Алалады Құдай да текке, міне...  
Жалғыз мені жаратты күнәһар ғып  
Жаратпауға шамасы жетпеді ме?

Тәңір де өзі қызғаныш сырын ұқты –  
...Мен болғысы келгендер сүрініпті.  
Кеңдігіне ғаламның сыймай кеткен  
Енді өзімнен таныдым ұлылықты.

## САЗ АСПАПТАРЫ

### 1. Қызметі.

Далам – майдан...  
Тарихтың жатты мұңы,  
Дауылпаздан дүрлікті сақтық үні.  
Дауылпаздан тамшылап қасіреттер,  
Жаншып жатты рухымды ат дүбірі.

Мезгілге алқа дыбыстан тағып түрлі,  
Сазды әлемге пейілін шабыт бұрды.  
Дабыл үні түлеткен жаңғырықтар  
Мәңгіліктің есігін қағып тұрды.

Қобыз біткен қайғының өртің ішті,  
Домбыраға күш бітті өр тынысты.  
Өр тынысты бақсыдан шайтан қашып,  
Кепшік үні үркітті қорқынышты.

\* \* \*

...Айта берсең бәрінің «дерті» күшті...

## 2. Жаратылысы.

Ешкі ішегін тарттық та домбыраға  
Айландырдық малды да мол мұраға.  
Ақтылы қой бермесе жеті асығын  
Жетігеннің үні де жаңғыра ма?

Мал бауыздап тірліктің зарын көрдік,  
Малдан алып қобызға қарын кердік.  
Тұяқты да, қылды да зар қақтырып.  
Қазағымды жараттық дарынды ел қып.

Қайың да – өлі,  
мал да – өлі,  
Өліктермен  
Саздың үнін жараттық көрікті елден.  
Ескі ағашты таңдадық үні – ащырақ  
Фәниді де, бакиды көріп келген.

Бақ десек те дарынға артық арман,  
Мұңмен келген бақыттың нарқы – жалған.  
Қасіретсіз жүрекке жетпейтұғын  
Саз – тірліктің зар-мұңы, алған.

### ЖАЛҒАН ТУЫС

Жаратса егер пейілдерін сыймас қып,  
Жалған туыс – көз бояушы сыйластық.  
Ұрпағында орға жығып жатады  
Әкелерін тұтастырған қимастық.

Арлы туыс сын сағатта шыдайды,  
Арсыздары пысқырмайды Құдайды.  
Бүтінделген жыртығын да ұмытып,  
Сыр алдырмай сыбайды кеп, сыбайды.

Тыным бермей төрінді алса кезекпен  
Туыс – қонақ,  
Тірлігіңе көзі өткен,  
Кіре бере қошаметке масайып,  
Шыға бере жыртығыңды сөз еткен.

Жарыта алмай сәлемге де жарлысын,  
Жалған туыс іріктейді әлдісін.  
Сыйластығы өлшенеді сыйлықпен  
Сығып алған әлсіздердің бар күшін.

Арысын да қадірлемей құл ғұрлы  
Арба орнына пайдаланып ділгірді.  
Кері тартқан таяздықтың заңымен  
Талай тағдыр құмға сіңіп үлгірді.

Қасіреттен кие қалсаң сауытты  
Ұмытарсың бірге өткізген сауықты.  
Дұшпаның да қатерлі емес,  
Ондайда  
Тек туыстың жалтақтығы қауіпті.

Ата көрген бір қасиет қалмаса  
Туысыңның туыстығы – далбаса.  
Жанашырлық жараспайды,  
Жақпайды  
Жүрегі ортақ,  
Пікірі ортақ болмаса.



## ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

1. Гажабы болып бір күннің,  
Назары болып сүргіннің,  
Базары болып қырғынның,  
Ажары болып құрдымның,  
Моласы болып арманның,  
Сорасы болып сорғанның,  
Таласы болып талғамның,  
Жаласы болып жалғанның,  
Аңғалы болып албырттың,  
Салмағы болып салғырттың,  
Қан беті болып қан құрттың,  
«Мәмбеті» болып мәңгүрттің,  
Кергіші болып желкеннің,  
Сенгіші болып ертеңнің,  
Шерлісі болып ерке елдің,  
Белгісі болып «ертеңнің»,  
Қиқымы болып кей тәннің,  
Титығы болып бейқамның,  
Сиқыры болып сойқанның,  
Сүйкімі болып сайтанның,  
Санамды қайрап сұраққа,  
Ғаламды байлап жұмаққа,  
Сүйкеніп керең мұратқа,  
Итеріп келем жыраққа.

\* \* \*

2. Сұлудың да дауласаң –  
«Өкілсізі» болмайды,  
Жылудың да жаурасаң –  
Отынсызы болмайды,

Ажалдың да аңдаса –  
Армансызы болмайды,  
Тажалдың да таңдаса –  
Талғамсызы болмайды,

Құштарлықтан жалықпа –  
Керексізі болмайды,  
Іштарлықтан қамықпа –  
Себепсізі болмайды,

Жылға жылға болғасын  
Жырасызы болмайды,  
Тұлға тұла болғасын  
Күнәсізі болмайды.

### АҚЫН АПАЙҒА

Тұңғиықты,  
Тым биікті меңгерген,  
Мұң, күйікті миығына өңгерген,  
Жүрегінен көлеңкесі тамшылап  
Талықсыған қиялына дем берген,

Жырларының қабағына шер бекіп,  
Шегіндірген шексіздікті терлетіп,  
Үмітіне құндақталған ғұмырды  
Нәзіктігі жататұғын тербетіп,

Ұйқысына үрей қосса түн – қақпан,  
Құшағына күлкі үйіріп мұң қатқан,

Бүркеніп ап қырық жамау жүрегін,  
Жан айқайын үнсіздікке тыңдатқан,

Сіз де – әйелдің тағат күткен бір түбі,  
Һауа ананың тағдырының жыртығы,  
Және қаққан қас сұлудың кірпігі.  
Жырыңды әсте жұбата алар емес-ті  
Әйел жеген соққылардың тыртығы.

Ақиқаттың жеткізе алсақ өлшемін  
Жаны – шешен,  
Тәні – мылқау елші едің,  
Оқылмайтын оқымаған ғаламға  
Құпияны барлығын да мен сенің  
Үмітінен желбіреген өр сенім –  
Тағдырыңмен өлшедім.

## ТЕКЕСТЕ

*Дәуітбай ақсақалға*

Қосқан сайын көліктер сайға сайды  
Жылдамдықтан шайқалып ой босайды.  
...Токсан беске кеп қалған әкесіне  
Шормановтар әулеті той жасайды. –

Жүйрік жолға жол беріп құзға өрлеген,  
Белестер де жарылды жүз бермеген.  
Ұшқан сайын келеді тұлғаланып  
Қиялдағы қария біз көрмеген.

Тал да, тау да біртіндеп бұлдырады,  
Саңылаулар жарықты тұндырады.  
Көлеңкелер жортып жүр,  
Құшағында  
Буыны жоқ сағымдар шыңғырады.

Сауықшыл жұрт жеткенде ауылына  
Мінді сәуле бұлттардың сауырына.  
Ымыртты әбден қызартып,  
тарта түсті  
Хан Тәңірі қызғанып бауырына.

«Қызыл ымырт» жайлаған бір түнекті  
Тоқсаныншы жылдар кеп сілкіп өтті.  
Тоқсанында болмаған тойды Тәңір  
Тоқсан беске жеткізіп дүркіретті.

Тілек те айтты, ән де айтты әр ұялар,  
(Сөз деген де өкпешіл дария бар),  
Қарт тарихты ұрпаққа жалғастырып  
Қалмақша да биледі қариялар.

Той жүргізіп, менің де ділгіргенім –  
Қартпен жақын сұқбатқа үлгірмедім.  
Тірісінде жеткізбей қадіріне  
Тарих солай көшеді – бір білгенім.

Таң бозынан қария түрегелді...  
Тіс жармайды ешкімге жүрегі енді.  
Қарғып мініп атына,  
Байынқолға  
Текес бойын жағалап жүре берді.

Қарт көңілі – арғымақ,  
Өрге ұшады,  
Текес суы екпіндеп жер құшады.  
Көкейде – осы қарсылық...  
Көңілінде –  
Мағынасыз кешегі ел құшағы...

Қарт келеді биікке ұйып тегі,  
Шың да, бірақ, аспанға тиіп пе еді?

Ал, көне тау рухымен иықты еді –  
Қарттың шөккен бойы да дәл осылай  
Өлшемімен тарихтың биіктеді.

2002 жыл.

## АҚЫН НАЗЫ

*(Мұқағали ескерткіші ашылғанда)*

Пейіліммен тойдырған аш ғұмырды  
Мен тірі едім,  
жоғалттым жастығымды.  
Орнатты да өтірік тас тұғырды  
Жаратылыс көзіне жас тығылды.

Мың тіріліп,  
Басты мың шайқап өлдім.  
Арызыңды, ақырет, айта бергін!  
Үрейленбе, дүние,  
тас та болсам  
Тағдырыңды қақ бөліп қайта келдім.

Намысына тисе де ерсі екенім,  
Тасты аяма, табиғат берсе тегін.  
Керендерге мәңгілік енді осылай  
Үнсіздіктің өнерін көрсетемін.

Бәлкім, тастың қадірін сараптар күн  
болса,  
көнем ісіне жаратқанның.  
Тас көзімдей мазмұнсыз өлі көздер,  
Көз тиер деп қорықпай қарап қалғын!...

## ЖАЗЫЛМАҒАН ШЕЖІРЕ

Аталардан немерелер не түрлі  
Жасырынбақ ойнатуды өтінді.  
Ойнап жүріп қарттар енді аңдамай  
Әр тасада қалғып кеткен секілді.

Жылдар талай уысымнан шашылып,  
Бір немере – мен де жеттім асығып.  
Қарттарым жоқ...  
Қанбаған ба ойыны,  
Уақыттың шымылдығы жасырып?

Жастығымның көзінен қар қылаулап  
Көңілімнен көлбей ұшты тыраулап.  
Жасырынып мәңгіліктің ығына  
Шежірелер жатқан шығар бір аунап.

Қалдырғысы келмеген бе артына? –  
Өткенімнің жеткізбестен нарқына  
жазуға да үлгіртпепті...  
Жынды өмір  
Бақиды да салмасын деп талқыға.

Шынында да шежіреміз қаңғырып  
Таланғанша,  
Көшкен де абзал мәңгілік.  
Өйткені, бұл өтіріктен жаралған  
Фәни үшін не десе де заңдылық.

## БАЛАҒА АТ ҚОЮДЫҢ ДАУЫ

Дүниеге бір ұл келсе қуантады алашты,  
Құттыған туған туыс ат қоюға таласты.

– Жеңіс келген күнде туды,  
қойсақ қайтер «Жеңісті»?

– Жоқ, әлі де соғыстардан көз ашпады жер үсті.  
– Дарын дейк...

ол да сендей төкпе болсын тоқтамас?

Сарай ақын көп онсыз да, кілең «жиен», бақталас...

– «Темірлан» деп қойсақ қайтер?

– Алма олардың мазасын,

Патшалардың тарих білер пенделіктен тазасын.

– Онда атаңның атын қойсақ...

– Айтуға тіл күрмелер.

– Мұқағали атын берсек...

– Атына оның кір келер.

– «Сұлтан» десек...

– Өзін елден биік қою арға сын.

– «Әбу» десек...

Орыс бітіп, қалды ма араб?

Болмасын!

Мен айтайын,

Қала болып баршылыққа мастандық.

Ауыл болмай ұлтымызға болар ма еді бостандық?

Тәуелсіздік тамыры – ауыл,

арға қазы болатын,

Ауыр демей, «Ауылғазы» қойсақ қайтер бала атын?

– Ауыр, – деді.

Ауырлықты ұл емес пе көтерер?

Өз тамырын өгейсітіп менсінбейді бекер ел.

Ұқтырмаған дәуір шығар – «Дәуірғазы» десек те

Шуылдасты көп дауыстар оны да алмай есепке.

Онсыз да от ем ауыл сөзін «Д» әрпіне жасырдық,

Дауылғазы атадық та дауыл болып басылды.

Дауыл бірақ тұрақтамай іштегі үрлеп намысты,

«Ауылғазы» деген есім құжатыңмен табысты.  
Таяз болып өссе ұлым, өкінеді өскенде,  
Биік болса бұл есімге мақтанады,  
Сескенбе!...

### ІШІП ӨЛСЕ АРЫСЫН КІМ КҮШТЕГЕН?...

Арақ шіркін еркекті аздырады,  
Шарап та әйел «шабытын» қоздырады.  
Сыра, шампан пәлені бастап беріп,  
Коняғың да қалыспай азғырады.

Ішер сәтте достыққа сүйретеді...  
Ішті, бітті – бірлікті күйретеді.  
Ал, дүмшелер «күнәдән тазартам» деп  
Қымыз, боза, шұбатқа үйретеді.

Қымызды да көп ішкен мас болады,  
Бозадан да бір қыжыл басталады. –  
Имандылар той тойлап,  
Сүт ембеген  
Құлын, бота жарымай аш қалады.

Иіс май да қылғытсаң өткір еді,  
Бәрін де ішсең – ажал да жеп кіреді.  
Ал, тарихта нені ішіп бар күнәдан  
Тазарды екен қазақтың тектілері?...

Мөрі емес пе мезгілдің қылмыс деген? –  
Ішіп өлсе арысын кім күштеген?  
Демің бітпей одан да шындық іздеп,  
Өртене бер мен құсап мүлде ішпеген.



## КЕШІККЕН ЖІГІТ

Ұ. Есдәулеттің «Қара пима» дастаны ізімен.

Мені оятқан сөзіне Ұлықбектің  
Қиды тәңір киесін жұлып көктің.  
Қара пима кеткенде мен де ішінде  
Көк бөрінің жаны боп ұлып кеттім.

Бейіш күндеп мезгілдің бейкам ісін,  
Мұзға қатты пимасыз тойтарысым.  
Менің де әкем шарлап жүр суға кетіп,  
Жанарыңа іркілген Зайсан ішін.

Тағдырым деп білсе де ел боранды  
Періште арман тағы да емге оранды.  
Бала аяғын тәрк еткен қыс кешігіп,  
Шашына оның қырау боп енді оралды.

Оралған жоқ,  
Тұр тағдыр балағаттап,  
Бақсаң, бірақ, дала да, сана да аппақ.  
Мұз қабақты дәуірлер мұң біткенді  
Ақыретке жеткізбей алады ақтап.

Бірі шалқып, ал, бірі жылап, талып,  
Мазак болған пәниге тұрақтадық.  
Кінәлі оған арақ та, адам да емес,  
Тәңір де емес жататын сынаққа алып...

Дәуірлерден бұйырған жеңілісім –  
Жеңіс көзі десек те елім үшін,  
Тәңірді кім жаратты?  
Ми жетпейді.  
Ал, тәңірсіз тағдыр да – өлі мүсін.

Адам да әлсіз, ой да әлсіз, ескереміз..  
Кешіктірсе тағдырдан сескенеміз.  
Кеш ұғудан жаралған құбылыс та –  
Біз екенін ұға алмай кеш келеміз.

## СЫР ТАСҚЫНЫНДАҒЫ ТІКҰШАҚ АПАТЫНА

Жолдағыны жайратып Сыр екпіні,  
Жоқтан болған теңіздің шыр етті үні.  
Сырдың беті ауғалы тұзды Аралдың  
Тағдырына қақталды жүрек түбі.

Әділеттің алыста ұшпағы әлі..  
Бейқамдықтың биікке ұшты аралы.  
Сол биіктен жасанды теңіздегі  
Жұлып түсті қасірет «ұштағаны».

Қазығұртқа топанның шықты елесі,  
Тарихымды қозғады Нұх кемесі.  
Су үстінде қанғыған инелік деп,  
Көз жасымды мезгілдің жұтты өресі.

Шикі бастың көзіне шық тұрмады –  
Жасандылық зұлматын ұқтырмады.  
Жайғамасын Аралдың қасіреті  
Шардара мен Қапшағай, Бұқтырманы...

Табиғатты бөгемей тек тұрмадық,  
Қүдіретті ағыстан тоқты ұрладық.  
Өркениет тамырын солай шандып,  
Жол нұсқайтын тәңірге таптырмадық.

Нұрын төкпес жасанды шырақ кімге?  
Ақыл-ойдың пайдасы жырақ мүлде...  
От шығарса зарядтар түйіншегі  
Сөндіреді топандар бір-ақ күнде.

Су жаратқан тірлікті сарапқа әлі  
Салмас бұрын ақырет сораптады.  
Пенделіктен пәниді жуып шайып,  
Тәңір қайта жатыр ма жаратқалы?

### **ШАХТЕРЛАР ҚАЗАСЫНА АЗА**

Саңылаусыз санада  
соқыр үміт  
жанарында көк бөрі отыр ұлып.  
Мінәжаттың қарызын көтере алмай  
Қараңғылық барады опырылып.

Тереңіне тоғытса тамшы көпті  
Үмітке олар тәубәні талшық етті.  
Қараңғының екпіні жер астынан  
Бақидың да сәулесін жаншып өтті.

Мың дәуірлік өскінді көмір еткен  
Мезгілдің де тірлікке көңілі өктем.  
Жерден бұрын жаралып өмірі өткен  
От Құдайы кетпеді төңіректен.

Ар алдында танымай «ақтық ісін»  
Адамдардың ішінде ақты «мүсін».  
Қапырыққа тұншыққан қараңғылық  
Қара түгілі тарылтты хақ тынысын.

Қасіретін ұқтырмас шырақ түнге,  
От Құдайы жасаған тұрақ кімге?  
Санамыздан шапшыған қараңғылық  
Сөндірді отын қанша үйдің бір ақ күнде?...

Әруақтар мекені Жерге бітті,  
Жер астынан жүк түсті ерге мықты,

Көтерем деп боздақтар жапырылды  
Жердің үстін жайлаған пенделікті.

Бақидан да қайысты көп қырағы,  
Қаза берсек оның да жоқ тұрағы.  
Сана жеткен үрейлі тұңғиықтар  
Қопарылып түсердей боп тұрады.

### КЕҢСАЙДАҒЫ БЕЙІТТЕР

Әруақтың көзінен жарық түтеп,  
Арандатты ақиқат тамұқты тек.  
Кең даламды місе етпей,  
Тар тұғырға  
Тұлғаларды қамады нарық бітеп.

Менің барым – фәниге күйік бөтен.  
Іздемеппін бейіштен тұйық мекен.  
Көкірегі Кеңсайдың кері итерсе  
Кеңдігіне ғаламның сыйып кетем.

Мен бір ғалам,  
Биікке кішірдім бе?  
Мен жайлы ойы ажалдың қысыр мүлде.  
Кеңсайдағы баршаның көлеңкесін  
Кеп тұрған жоқ өзіме түсіргім де,  
Құдірет, түсіндің бе?...

Фәнидегі биік пен аласамыз  
Ауысады бақида,  
қаласаңыз.  
Марқұмдарын мықтылар өрге сүйреп,  
Ақыреттік еңіске таласамыз.

Тұлғаларды төбеге төкпеледің,  
Әруақтың өрісін шектемегін!

Қарапайым бабадан төмен жатқан  
Төменірек жайғассам деп келемін.

### ӘЙЕЛ

Сезіктенбе түршігіп –  
Сиқыры көп сынақтарға тұншығып  
Өтетұғын әйел – жұмбақ құлшылық.  
Бақидағы еркектің де күні осы,  
Әйел, еркек – ауыспалы тіршілік.

Әйел жаны – ұлы ұрпақтың базары,  
Әрі ажары,  
Мазағы мен азабы,  
Ер – фәнидің еркін ұшқан тозағы,  
Ал, бақидың әйелге тән тозағы.

### «ҚИЯН» ФИЛЬМІН КӨРГЕН СОҢ

*(Менің екі көзқарасым)*

1. Қайран достар, бір туған құрбым еді,  
Жамандықтың жиі есіп тұрды лебі.  
«Қияндағы» қиянат қылқындырып,  
Бір өкініш аяусыз ұрды мені.

Жүрегімнен жұлқылап кесімді үміт,  
Қайта үңілдім фильмге, есім кіріп.  
Жатыр, эне, режиссер, аруды емес,  
Абыройдан елімді шешіндіріп.

Кемпір-шалдың үйінен ұрыс тілеп,  
Кетті экран әрнені тіміскілеп.  
Жер жаратқан жаранды тыныстатпай  
«Жертөлеге» қамауға тырысты кеп.

Ішімдікпен уланса қиялы шын –  
Көзден шарап ағыздым ұям үшін.  
Күнәсі деп адамның құптамадым  
Жаратылыс жаратқан «Қиян» ісін.

...Жо-жок, мерейлі әулеттер иесі боп,  
Шақырады құрбылар «Үй осы» деп...  
Шымылдығын жанымның жұлқылайды  
Қалғып кеткен экран жиі есінеп.

Қайта кеттік фильмге біз асығып. –  
Жаз арудың мойнына күз асылып,  
Бұлттың сұрғылт құрсауын бұза шығып,  
Ұясына күн кетті қыза сіңіп...

1988 жыл.

2. Өзгерістер сананы аландатса,  
Ащы шындық қоғамды арандатса  
Жалған намыс жеткізбес нарқына елдің  
Өз ауруын жасырып арам қатса.

Бермесе де көзқарас көздерге есеп,  
Намыс та орға жығады өзгермесек.  
Адасады ұрпақ та тарихынан  
Өз кезінде шындыққа сөз бермесек.

Мақтанышын шындай қып қостамасаң  
Көрсетуші ед жыртығын дос та қашан.  
Мойындай ма өз мұңын намысшыл ел  
Өз төбеңнің мұңынан бастамасаң?

Қаңғыртса да қасірет шалғайына  
Жазғаны бұл Тәңірдің маңдайыңа.  
Намыстанба, ел!  
Бағалат тарихыңды  
Төтеп берген нәубеттің қандайына...

1998 жыл.

## ШЕТЕЛГЕ БАЛА САТҚАНДАРҒА

Ақшаны биік қойып парасаттан,  
Не сұмдық Құдайсызға бала сатқан?!  
Қазақ боп кеткен ұлды қазақ қылып  
Қайтара алар ма едік болашақтан?

Ынсап жоқ сабырға да келсек деген...  
Сәбиге не жын қалды көрсетпеген?  
Қазақтың «кұшағымен» бүтін сатып,  
Кәпірдің пышағымен бөлшектеген.

Үйі аздай жетімдердің қорлап келген,  
Жер ауып, жат жұртта да сорлап көрген –  
Сәбидің бүйрек, бауыр, қанын сатып,  
Кәпірдің денсаулығын қорғап берген –

Қазақтың жетілмесе ой-талабы  
Жойылып кетсе түбі жай табады.  
Өзгеге кеткен ұлың тегін білмей  
Дұшпан боп сазайынды қайтарады.

Тезірек жету үшін қаз-қалыпқа  
Құдайым ұрпақ берсін аз халыққа!  
Бейбіт күн бала сатқан сатқындарға  
Соғыста елін сату сөз болып па?...

## ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ

Уақыттың қабағы мүлде бізден  
Тайғанақтап бейнетпен жырды емізген.  
Біздің үйді қамтуға қақысы жоқ  
Жылу жүйесі өтеді іргемізден.

Жанай өтіп үйімді құбырлары  
Зәулім үйлер тірлігі қыбырлады.

Келімсектің жарасып дүбірлі әні,  
Көңілшектің ұйқысын түн ұрлады.

Түн ұрлайды  
От жағар дым қалмаса,  
Үміт емес құбырдан мұң қармаса,  
Өзім салған қанша жыл, зәулім үйлер,  
Бұйырмапты-ау бұрышың дым болмаса.

Ғұмырымның пейілі көктемесе,  
Қабағында қасірет өкпелесе  
Сонда да үміт білтесін сөндіремепті  
Маңдайымнан тамшылап кеткен есе.

Баспанасыз күйбеңді намыс күндеп,  
Пенделікпен онсыз да алыстым көп.  
Намыстанба, Алматы,қырық жамау  
«Күрке тігіп іргеме жабыстың» деп.

Көзімізден секірсе күліп қайғы  
Санамызды салғырттық құлыптайды.  
Сорлы өмірмен белдесіп жылынбасам  
Бойды ештеңе фәниде жылытпайды.

## АТАҚТЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚОЛТАҢБА КІТАБЫ

Жанында ылғи жататын тұтап дабыл,  
Күресумен ғұмырын жұтатқан ұл  
Абайды оқып, Құранды ақтарса да  
Жақындауға құқы жоқ кітапқа бұл.

Киіз кітап,  
Қауымнан қайда арланып  
баратырсың?  
Не сыр бар қойманда анық?



Қолтаңбасы қалғандар Абайдан да  
атақты ма?  
Ол жағын ойланбадық...

Мұра демей арналған ұлы есімге,  
Тастайтындар да аз емес күресінге.  
Шын сырласын Абайдың екшей алмай  
Сорлы кітап, кекетіп күлесің бе?

Қоса алмаса бір ақын өз үлесін.  
Қадірі жоқ «қолдардан» көз ілесің.  
Жантықтар да сөз арнап,  
сен арқылы  
Пенделіктің жасауда шежіресін.

Жұртты өзіне жолатпай үріп бүгін,  
Қонақжайлық көзіне ілікті мұң.  
Хақ алдында құқы бір елді алалап,  
Кітабы боп қалмағай іріткінің?

Жалтақ мезгіл бере алмай оң бағасын,  
Дәрменсіздік,  
Өзіңнен қорғанасың.  
«Қызыл кітап» дегенге кірмеген жөн  
Сиреп кеткен ит пен құс болмағасын.

Абай мурежайы, 2008 ж.

## СҰҢҚАР

Сәлделілер шынымен ұлы ел ме еді?  
Сәулесінен санада түн өлмеді –  
...Тал ішінде әлдене тысырлап жүр,  
Құс ұрлап жүр.  
Қүдірет білер нені?

Тұзақ құрған сұңқарға биіктегі  
«Имандылар» тірлігі тұйық па еді?

Құздағы ұя құлқынды жеткізбес-ті  
Шексіздіктің шегіне тиіп тегі...

Талай сұңқар қия алмай көктемені  
Тор ішінде қажыға кеткен еді.  
Бәрі де әттең хабарсыз!  
Қиял, бірақ,  
Кетті тағы көтеріп көкке мені.

Құс та кетті көк жүзін жарып тағы,  
Өкпелі ме?  
тым биік қалықтады.  
Қорған іздеп Құдайдан барады ұшып,  
Ал, пайғамбар ұрпағы қамықпады.

Адастырып ұрының қастандығын  
Барады, әне, тербетіп аспан мұңын.  
Тәңірге енді жеткізбек төтесінен  
Ұлы далам дарытқан бостандығын.

### МҰХТАРДЫҢ ҚҰНАНБАЙЫ

Мүлгіп жатқан мазасыз тасты аядым,  
Тас түбінен бұрқ етті тастай ағын.  
Неге түрттік тылсымды? –  
Ала топан...  
Ойым зорға балдақпен басты аяғын.

Маңғаз ғалам кеудеме көсіліпті,  
Өктемдіктен басқа оның несі мықты?  
Жарты ашуын жарым ес жаратылыс  
Құнанбайдың көзіне көшіріпті.

Жаһнамға жазмышты жұлқып атқан,  
Миығында мыжылып күлкі қатқан,  
Тістеп тұрған тылсымды жалғыз көзі

Құнанбай – түн...  
Тарихтың бұлты батқан. –

Маған солай дегізді дана Мұхтар –  
Сыбайды әлі бір-бірін сан алыштар.  
Тірлік, бірақ, күнәсыз...  
Күнәһар қып  
Жаратушы фәниде шалалық бар.

1995 жыл.

### ҚҰЗҒЫННЫҢ ШЕРІ

Жаратылыс көзінен күйікті еміп,  
Жазықсызды тірілттім жиып теріп.  
Жерлеп жатты намысын құзғындардың  
Миықта өлер қырандар биікте өліп.

Құзғын да енді тіксініп өз деміне  
Күйік болып жерленді көзге, міне,  
Сыр алдырмай сырт көздің ғайбатына  
Төзгені ме,  
Жоқ, дым да сезбеді ме

Құзғын етіп жаратты,  
Сол үшін де  
Бермепті оған қыранның өрісін де  
Мың жасап та не көрді,  
Қу тірліктен  
Көргенінің көбісі көр ішінде:

– Мың жасаппын,  
Сезе алсаң сырымды ұғын,  
Көпті көріп күрмелген тілім бүгін.  
Мылқау етті табиғат тірі ұрпақтың  
Айтпасын деп кешегі зұлымдығын, –

...Топас пенде тағы да түр күнә артып:  
«Мың жасынан қыранның бір күні артық»  
Қыран етіп жаратса өлгісі бар  
Құзғынның да биіктен бір құмартып.

Қанатымен алмақ боп биіктерді  
Жарым естер жетілмей иықта өлді.  
Мың жасты оған түрме етіп,  
Ізгілікті  
Қанаттының бәріне жиып берді –

Тұяқ берді,  
Бергесін бөктеріге  
Керек пе енді бейбіт күн кептеріңе?  
Қораз барда бармақтай бұлбұл сайрап,  
Сұңқарды да көтердік көк төріне.

Жоқтау айтса байғыз да жай табады,  
Қаршыға әсте ұққанын қайталады.  
Сайратпасаң ызадан іші кеуіп,  
Сандуғаштың миы да шайқалады.

Қаз да айырылды десек те қанатынан  
Шықпапты ол да жемтіктің санатынан.  
Құзғын ғана шеттелді,  
Топқа түсіп  
Өртенгісі келсе де ар атынан.

## МАХАМБЕТ ПЕН ЖӘНГІР

Дұрыстар мен бұрыстардың түр-түсін  
Айыра алмай мұң да өзгертті күлкісін.  
Бақидағы теңдік жатты мүсіркеп  
Фәнидегі теңсіздіктер қырқысын. –

Толғағына жетсе заңды теперіш  
Өз ырқына бой алдырмай өтер іс.  
Екі арыстан – Махамбет пен Жәңгірдің  
Қылықтары – не құптарлық,  
Не теріс...

Жәңгірдегі сұсы басым мәртебем,  
Махаңдағы мысы басым мәрт өлең  
Оң-терістің қыспағынан дәлдікті  
Тарта алмады екі ұдайы дәртемен.

Мәңгіліктің алқымынан тағы ұстап  
Ит шығыстар Тәңірмен де алыспақ.  
Сананың да «терістеуді терістеу»  
Сөлін жұтып бара жатыр жаныштап.

Нұрды оларға Тәңір де артық төккесін,  
Екі ақсүйек – дарыны үстем,  
Көпке – сын...  
Махаң жеңсе айы туған оның да  
Тілер ме едік Жәңгір болып кетпесін.

Бәрі заңды,  
Бостандықта – қаталдық,  
Қыр астынан шаң жүгірсе от алдық.  
Кінәлі оған емес шығар қос арыс,  
Кінәлі емес және кірме – отарлық.

Құлан таза болмаса да шерден іш  
Кінәлі емес тарих көзі көрген іс.

Кінәлі емес теңсіздіктің, керексе,  
Тепкісінен туып жатқан тербеліс.

Кінәсіз деп бір дәуірлер қорғаса,  
Енді бірі «қан төкті» деп қарғаса  
Сонда екеуін табар ма едік тарихтан  
Қарсылықтар заңдылығы болмаса?...

Тарих деген –  
қасіреттер жөргегі,  
Қарсыластар қайтармаған көр кегі,  
Өзгермелі санамыздың өрнегі,  
Есерсоқтау ертеңімнің ермегі.

## ҰЛТТЫҚ АРНАҒА АЙТЫЛҒАН НАЗ

### 1. Қысқарту

Ар сәулесі қысқарды өңгеріп түн,  
Кезді ақиқат санамды сенделіп тым.  
Қыздың шашы қысқарды, етегі де  
Ақылымен жарысып пенделіктің.

Қысқарды үміт сәбиден жылап тағы,  
Ер намысы қысқарды қынаптағы.  
Қылығынан қымсынып пенделіктің  
Экран да елімнен жырақтады.

Күзеп жатты қасірет мұңды өңірді.  
Күзегіштер бүгінше тым көңілді.  
Эфирің де қысқарып тұғырынан  
Сөйлеткісі келмеді «жынды өмірді».

Қайыршыдан қымқырып қаражатты,  
Қабілетті халқыма қара жапты.  
Өндіріс те, өмір де, өнегең де  
Опырыла қысқарып бара жатты.

...Жәндіктер көп тісінде кек тұнатын,  
Ашыққаны әлсізін ет қылатын,  
Бірін-бірі азайтып соңғысын да  
Тоқшылықтың тәлкегі жеп тынатын....—

Шекарамды қысқартты жалтақтығым,  
Ожданымды қысқартты шалқақтығым.  
Қысқартудың тағдыры мен ғана емес,  
Құдайға да, сенсеңіз, ортақ бүгін.

Домаламай төбеге тасы көптің,  
Тарих күлсе желкемді қасып өттім.  
Жалғыз ғана фәниде қысқармайды,  
Қысқармайды ғұмыры қасіреттің.

## 2. Қызба сауалдар

Желді күннің «ұлы ісін» жаңғыртайын дедің бе?  
Сталиннің қылышын алдыртайын дедің бе?  
Құзғын ғұмыр күні үшін қорғансызды қуалап,  
Қу тірлікке сыйдырмай қаңғыртайын дедің бе?

Албырттықты қысқартып, аштан қырам дедің бе?  
Мәнгүрттікті іш тартып, мастандырам дедің бе?  
Жұғымдыны жинап ап, жұлынғанды пенденің  
Шала сауат заңымен жасқандырам дедің бе?

Қарсылассақ біз бір күн жанын қисын дедің бе?  
Қаңғыш кетсе қыз-қырқын тәнін қисын дедің бе?  
Бізді қуып, эфирді тартып алған мәнгүрттік  
Дүбәрә мен дімкәстің бәрін жисын дедің бе?

Жалғыз басты аналар жылап қалсын дедің бе?  
Қорғансыздар Құдайға сыр ақтарсын дедің бе?  
Таланттарды тәрк еткен дүбәрәнің ырқына  
Әділеттің ақ туы құлап қалсын дедің бе?

Қасіреттің қарқыны күліп кетсін дедің бе?  
Қасиеттің әр күні құрып кетсін дедің бе?  
Хан бетіне түкіріп, қасарысқан ақиқат  
Құлағында тарихтың ұлып кетсін дедің бе?

Құдайды да қысқартып жазғырайын дедің бе?  
Келер күннің қабірін қаздырайын дедің бе?  
Қасиетті халқымның құдіретін бөлшектеп,  
Пенделікке талатып аздырайын дедің бе?

Пендешілік түбінде сорламайды дедің бе?  
Менің қайғым саған да орнамайды дедің бе?  
Өле жемей бөле жеп нәубетті де өткерген  
Рухымызды әділет қорғамайды дедің бе?

13 сәуір 1999 жыл.



# Оқылмадым оқымаған ғаламға...

*Желтоқсан мен азаттық.*



*...Сұрақтардың тірсегін бастым да ұрын,  
Айбарынан жұмақтың қаштым бүгін.  
Өмір, өлім арасын аянышпен  
Іріңдетіп барады қасқыр-мұңым...*

## **АЗАТТЫҚ ЖАЛАУЫН ЖЕЛБІРЕТ!**

Өктемдік өршітіп тепкіні,  
Тарихтың булығып жетті үні.  
Қаһарлы сайыста қайыспа,  
Қазақтың өр қызы, текті ұлы!

Қорықпай сұрқия соққыдан  
Алаңға жақындат топты, ұлан!  
Озбырлық ордасын күйретсін  
Намыстан жаралған от қыран!

Тарихтың тоңы бір селдіреп,  
Жер-ана бусансын елжіреп,  
Желтоқсан,  
Ғаламға жол ашып,  
Азаттық жалауын желбірет!

## **АНА ТІЛІ**

Дәлел болмас түрің де,  
Дәлел болмас түгің де,  
Дәлелдейтін түбінде –  
Ұлт – жүрегі тілінде.

Жалбарынып жат елді  
Сөйлетем деп іркілме...  
Туыс одан қатерлі  
Сөйлемесе бір тілде.

Жат тілімен жалмаса –  
Жақының да сорлайды.  
Тіл тәуелсіз болмаса –  
Ел тәуесіз болмайды.

Ел боп тілді қорғаса  
Жаттың тісі батпайды.  
Кім өз тілін қорласа –  
Өз ұлтына ол жатпайды.

### **ЖЕЛТОҚСАНДЫҚ ЕКІЖҮЗДІЛЕР**

Жанғаны аздай тарихтың ақ парағы  
Жалған сыбыс намысты отқа орады.  
Екеу едік журфактан қудаланған  
Бара-бара бірнешеу боп барады.

Өзді-өзімен соғысқан бұзақы да,  
Емтиханның «екілік» – сызаты да  
Желтоқсан мен қаңтарда қуылдық деп  
Еніп жатыр ерліктің құжатына.

Жетпегесін шындықтың ел түбіне  
Жалтақтың да бұзылды серті, міне.  
Ақпараттар тарихты «жасап» жатыр  
Жарамсақтың айналып жемтігіне.

Көтергендер ел рухын көк төсіне  
Ақталса да жарайды көп кешіге.  
Ерді құртқан ездер де мезгіл өте  
Батыр болып кім кепіл кетпесіне...

Жапырыла беретін кезбе-күшке  
Қирап жатты намыстың безбені іште.  
Адамзаттық тарихқа кім сенеді  
Көз алдында түсетін өзгеріске?

## ҰҒЫМ

*«Егізімнің сыңарындай көретін досымның да  
мен туралы бар ұғымы осы болғаны ма?»*

**Қайрат Рысқұлбеков.**

ҰҒЫМ деген –  
уақыттың түр-түсі,  
Біздің сарбаз санамыздың қырқысы,  
Қасіреттің қанға батқан қыртысы,  
Жарамсақтың жарасымды күлкісі.

ҰҒЫМ деген –  
ұғынуға құштарлық,  
Ізгілік пен ізденіске іштарлық.  
Перде шығар арымызға ұстарлық,  
Бәлкім, ұғым – мыстандық?

ҰҒЫМ –  
барлық қоғам үшін ертегі,  
Желге сенсе – желқайықтың желкені.  
Жеткізе алсаң – мәңгүрттіке дерт емі,  
ҰҒЫМ – елдің ертеңі.

ҰҒЫМ деген –  
Бойламасаң – бетсіздік,  
Елім үшін еркіндікке епсіздік...  
Ұғымсызды кінәлау да – тексіздік,  
Өйткені, ұғым – шексіздік.

1991жыл.

## ТОНАЛҒАН ДҮКЕН. 1986 ЖЫЛ.

*«Сондай-ақ, маржан саудасының дүкені де тоналды»*

### 1986 жыл. Желтоқсандағы хабарламадан.

Дәл осылай ақпараттар лаң құрды,  
Қазақ аты ұры боп та жаңғырды.  
Ал өзімнің бар алтыным, байлығым  
Сұраусыз-ақ Кремльге қаңғырды.

Ғалам бүгін таңданса да қаумалап,  
Кез де жетті бар-жоғымды дауламақ.  
Үкіметтің алтын-күміс дүкені  
Жатыр менің намысымды саудалап.

Жаратқасын әділетке жаршы ғып  
Мойытпаған тоғышарлық, таршылық.  
Тонасақ та,  
Дәл бүгінгі мақсатым –  
Алтын емес,  
Ашкөздікке қарсылық.

### ЖЕЛТОҚСАНДЫ БАҒАЛА!

Тұяғынан шаң емес, азап ұшқан  
Қазақ едік шындық деп қаза құшқан.  
Коммунистік жүйені ғаламда алғаш  
Төңкерген де дәл осы Қазақстан.

Бұл ерлікті ғаламға танытпадық,  
Желтоқсанды бағалап жарытпадық.  
Шарықтаудың биігі осы екен деп,  
Көгінде әлі құлдықтың қалықтадық.

Ойсыратып рухымды қатаң құлдық,  
Мәңгүрттікке сананы отан қылдық.

Ерлегенді жәбірлеп,  
Желтоксанды  
«Жерлегенді» қаһарман атандырдық.

Өзін қиып,  
Өзгеге бақ таратқан  
Ерім қайда намыстан оқ боратқан?  
Қызыл тонын кешегі теріс киіп,  
Жарамсақтар сөйледі ақпараттан.

Рухымызды қорлаған алып қайғы  
Ерлігімді өзіме дарытпайды.  
Өзімді өзім қорықсам бағалауға  
Ғалам бізді бағалап жарытпайды...

### **АЛАҢДАҒЫ МІНБЕГЕ. 1986 ЖЫЛ.**

Саған шерлі талай боздақ беттеді.  
Заман қатал, ешбірі оның жетпеді.  
Тарих тонын мың өзгертіп жатса да  
Өктемдіктің сұсы сенен кетпеді.

Желтоксанда мен де сені тіл үшін  
Маңайлап ем, кеңімеді тынысың.  
Қозғалысты қобалжытып тұрады  
Қорқыныштан жаратылған тұрысың.

Желкендегі жалтақ біткен сарнап құр,  
Сұсың шындық атаулыны қарғап кіл,  
Кезек күткен көп саясат ырқынан  
Сені бейқам мылқаулығың қорғап тұр.

**АЛАҢДАҒЫ ӨРТ. 1986 ЖЫЛ.**

Көліктерді аударған да өртеген  
Қылмыс емес,  
Айықпаған өлкеден,  
Іште жанған ертеден  
Жанып бітпес дерт-емен.

Қызыл қоғам...  
Қызыл көлік торабы  
Сырттағы өртті сөндіруге жарады.  
Ішімізде лаулап жанған наланы  
Сөндіре алмай қызарақтап барады.

Іштегі оттың көзден ұшқан жарқылы  
Өктемдікті шарпыды кеп,  
шарпыды.  
Тұйықталған сәйкессіздік арқылы  
Үдей түсіп жарылыстар қарқыны,  
Сетінеп бір сананың да тәртібі,  
Саңылауынан сағым ұшып қалқыды.

Өткенімнен баратқасын із кеміп  
Оны өктемдік өткелінен іздедік.  
Ақты көзден іште жанған мұз да еріп.  
Уланды да  
кетті нәубет түзге еніп –  
Көзден аққан бізді еміп.

Қисынбаған фәни, бақи – бұл бір сын.  
Оған ие уақыт та – бүлдіршін.  
Көз жасына сөне қалған мұң кұрсын...  
Сөнді делік,  
Шоғы қалса кім білсін...?

## АУДАРЫЛҒАН ТРАМВАЙ. 1986 ЖЫЛ.

Келіп жатты жаңа алаңға алқынып  
Ұлтым деген Алматының халқы нық.  
Қозғалысын тоқтап қалған көліктің  
Күтті көбі тағаттары сарқылып.

Желтоқсанның желі бүріп аумақты  
Қоғамды да, адамды да жауратты.  
Ойда-жоқта қызу қанды қырандар  
Мінгізбеген трамвайды аунатты.

«Ленин жолы жасасын!» деп ұрандай,  
Көзсіз ағым құлап жатса бұрандай,  
Темір жолдан басқа жолды сезбейтін  
Дәл осылай осылай аунап түсті трамвай.

Алапаттан темір жол да үзілді,  
Нала таққан темір тәртіп бұзылды.  
Қызарақтап қызыл көлік, қызыл ту,  
Қыран-намыс бүрді осылай «қызылды»...

## АЛАҢДАҒЫ ЖАРЫҚ

Алатау мұз.  
Биіктер мұзарт бүгін.  
Желтоқсанның ызғарын ұзартты мұң.  
Жүректегі сол мұзды сетінеткен  
Тәуелсіздік шапағын қызартты кім?

Рухымызды Желтоқсан самғатса да,  
Тәуелсіздік тынысын шаң қапса да,  
Қүдіретті таң қылып,  
Жердің миын  
Бір-ақ күнде шығарды қаңбақ сана.



Санамызға жайғасқан «жанашыр» түн  
Үрейге енді билетті сана сұрқын.  
Топырағымен алаңның төпеледік  
Боздақтарым төгілген қала сыртын.

Жарасымен үркітті қала көпті,  
Жер жарығы жік тауып санаға өтті.  
Көлік біткен қан тамған топырақпен  
Желтоқсанның рухын да ала кетті...

### 86-НЫҢ ТӨЛІ ЕДІК

*Мектеп оқушыларына*

Желтоқсанның төлі едік,  
Мұз кешпедік,  
Тәуелсіздік алған жыл біз бесте едік,  
Бес жұлдыз да жоғалды қызарақтап,  
Оқытты өмір «бестікпен» бізді ескеріп.

Желтоқсанның төлі едік түнекте өнген,  
Сыр бермепті тарих та шыр еткеннен.  
Аға толқын айта алмай  
жүректе өлген  
Жаралдық па жаралы тілектерден?

Ал, жаралдық,  
Не істейміз?  
Не тындырдық?  
Не көрмеген бізге тән жетім құрлық?  
Он бес жылда қазақы болмысына  
Қисық өскен құрбының бетін бұрдық-

Жоқ, бұрмадық,  
Тұрқы асау, бұра алмадық-  
«Азаттық» деп сенімсіз ұрандадық.  
Түлкішек те боп көріп бұландадық,  
Ұлпа боп та сипалап қылыңдадық,

Болмағасын бөріге бөлтірік боп,  
Жар астынан тістеніп сыр аңдадық.

О дәуірде біз әлі жатырда едік,  
Дайындалып бұл күнге жатыр ма едік?  
Ібілістер билеген іріткіден  
Құтқарды ма Желтоқсан ақыр келіп?

Естіп туған жарылыс гүрсілдерін,  
Естідің бе құрбымның күрсінгенін?  
Құрсақтан-ақ тарылтып тылсым демін,  
Әкелді өмір мүгедек, құр сұлдерін.

Күйдірді Арал тұзына зәрі күшті,  
Көп құрбылар жатырдан жалын ішті,  
Байқоңырдың кемесі тумай жатып  
Шыбын жанын ғайыпқа алып ұшты.

Міне осылай нәубетке дүйім көшті,  
Көшпегені мәңгүрттің күйін кешті.  
Ел жайлы ұғым дүбәрә бикештердің  
Түнгі тенге билеген миында өшті.

Шырқыраған шындыққа шіреп төнген,  
Ақыретке арысын күреп көмген,  
Аждаһа боп қаныңнан қатық сүзіп,  
Жер-ананың жүрегін іреп келген,  
Білгіш шықса мәңгүрт боп білекті елден  
Келімсекпен бірге үріп күн өткерген,  
Ертеңінен тіксініп ұрпағының  
Ұлт есігін сыртынан тіреп келген,  
Өз тіліңде сөйлесең мінеп келген,  
Сөйлемесең тұғырдан шірет берген,  
Ол қоғамның естісі аз,  
Есері көп  
Бірге өткісі келмеген бір өткелден.

Тілімді әдейі анамыз үйретпеді –  
«Үйрек болып сайрасын үйрек» деді,  
«Бас – Мәскеуде,  
қалғаны-бүйрек» деді,  
«Құмырсқаның илеуін күйрет» деді,-  
... Қайда әкеткен қу сана сүйреп мені ? –  
Ішінде әлем тұншыққан миымды да  
Өркениет қамыр қып илектеді.

Екі тілдің бітіспес ойраны ішті  
ірітті де  
Ізгілік бойдан ұшты,  
Қылыш өткір болмаса,  
Қайлаң ұшты  
Қорғап қарық қылармыз қай намысты?  
Жеңіс берді Желтоқсан,  
Ендігісін  
Не істесек те біздерге байланысты.

Бұрынғы қан толқыса – ғұрып-теңіз:  
қалмақ,  
араб,  
орыс та,  
түрік те – біз,  
шүршіт шошып оянса үрікпеңіз,  
Жіктің жібі тұтанса  
(... тұтатпасын) –  
Өзімізге оқтаулы шүріппеміз.

Шұбыртқанда атажұрт шуақты елді  
Шұбар жылан ізінде шұбап келді-  
Буаз інгенге өрмелеп шұбатты емді.  
Роботтың да ел санасын бұрап көрді-  
ескертулер сіңбеді,  
құлақта өлді...  
... Болсын қалған

болмысым тұрақты енді,–  
Желтоқсандық төлміз деп мақтанбалық-  
Ақыреттің аузы әлі – сұрақ белгі...

\* \* \*

Үш жұрт түгілі үш жүздің де ендігі  
Салмақ болса кедейлігі, кемдігі,  
Көтере алсаң ол да сенің үлесің  
Артсын десең намысты елдің елдігі.

Туыс етсе аталастың барлығын,  
Кедергі деп көпсінгенің – тарлығың.  
Намысыңмен жүрегіңе құндақта  
Туыстырған тәңірдің бұл жарлығын.

Руың – бабаң,  
тайпа – тарих белгісі,  
Болмас жүзге бөлудің де енді ісі.  
Қандай жолмен тұтасса да көнесің  
Қазақ деген ұлт шыққасын – бергісі.

Тарих десек – қасіретті толғайды,  
Сабырыңды намыс жықса – сол қайғы.  
Жыға алмаса сен көндіккен тұтастық  
Ұрпағыңды қиянаттан қорғайды.

### ШЕҢГЕЛДЕР. 1986 ЖЫЛ.

Жатқа жалшы болмасын деп ізгі елім,  
Намыс болып лауласын деп бізде мұң,  
Жарып өтіп талқан қылдық жендеттің  
Иықтасқан қабат-қабат тізбегін.

Сойыл, күрек қуды өзінше «көкпарды» ,  
Қазақ, бірақ, шерін қайтпай ақтарды.

Өрт сөндіргіш сөндіре алмай шегінді  
Көзімізде лапылдаған оттарды.

Темір қалпақ мәңгүрт бастың әр ісін  
қорғаса да  
оқтан өткір намысым  
Үркітті ме,  
Қарусыздан қорғанды  
Тас жүректер қалқан ұстап жаны үшін.

Ертеңіне біреу сенді, сенбеді,  
Екіұдайы пікір солай меңдеді.  
Отарлықты қиратқанмен,  
Санада  
Қалып қойды әлі талай шеңгелі.

Қарсылықтар ағымдарды сапырып,  
Жатса әділет өз жеңісін шақырып,  
Ұлы тарих шеп біткенді ретімен  
Жатты осылай алма-кезек жапырып.

### **БІЗ БІЛЕТІН ҚҰРБАНДАР**

Тарихымды таң қылмай қанды азап түк,  
Санамызбен байланып заңда жаттық.  
Ел тәуелсіз болды ма,  
Тас түрмеден  
Марқұм Қайрат алса да мәңгі азаттық?

Көңіл айтып егілді ғарыш күнге...  
Күн перзенті – Ерболым таныс кімге?  
Танымаған өзіндей жаралы елмен  
Қоштасты да көз жұмды ол хал үстінде.

Намысымен жұлқылап қазақты алға,  
Кетті үзіліп, Сәбира, Ләззаттар да.

Төздік бұған,  
Әйтсе де іштегісін  
Айта алмаудан өтетін азап бар ма?

Сұрақтарға тұншығып ғалам бүгін,  
Боздақтарға ілесіп жоғалды мұң.  
Кісендеулі санаға жете алмастан  
Кісендеулі күйінде қамалды ұғым...

### ЖАРКЕНТТЕГІ ЕСКЕРТКІШ

*Ербол Сыпатаевқа*

Еркіндікке аударған ел қонысын  
Шын егілдім мен сонда Ербол үшін.  
Сен әкелген азаттық мәңгі жасап,  
Азат болсын бейіште енді өрісің!

Намыс оты көзінде ыршып, күліп,  
Отарлықты кеттің бе түршіктіріп?  
Сен өлсең де «өлді» деп сенбегесін  
Темір табыт әкелді тұншықтырып.

Темір табыт әкелді шыға алмасқа,  
Темір қоғам қандай сыр ұғар басқа?  
Жылап қалған,  
Құдайға сыр ақтарған  
Ұлттың үнін аспанға шығармасқа...

Сол қоғамның жарамсақ қасқырлары  
Әкелді де табытты аштырмады.  
Әруақты тағы да қамауға алды,  
Аз болғандай алаңның басқа ұрғаны.

Намысты елге жарасқан дарқан қылық  
Ұзақ тұрмас бас еркін арқанға іліп.

Ербол да елін ұшпаққа алып шықты  
Табыт түгілі, тамұқты талқан қылып.

Қамауға алған табыт та сынды ақыры,  
Тірі көмген жендеттің тынды ақылы.  
Сенсің Ербол қазақтың қанға бөгіп,  
Шаршы алаңда көз жұмған шын батыры.

Өктемдікке мойымай наз ақтарып,  
Тас мүсінге айналдың Ләзатты алып.  
Ұл, қызымның танытып қайсарлығын  
«Міне осындай, деп тұрсың, азат халық».

### ҚАЙРАТ КІМ?

*Қ. Рысқұлбеков деген кім соншалықты  
дүрліктіретіндей? Ерлік жасаған Төлеген  
емес, Мәнишүк емес...*

*Даукес жігіттің сөзі.*

Өмірден қыршын кеткен ақын  
Бауыржан Үсеновтың жауабы:

– Сәулесі жоқ қай шындық шырақ құрлы?  
Селк етті де, сұсына ол шыдап күлді,  
Сабыр және сәттілік сұрап тұрды.  
Шыдап бағып, намыстың күрегімен  
Жарамсақтың бықсыған жүрегінен  
Зұлымдықты суырып, сындырды да,  
Сосын өзін \ шындық боп шыңғырды да\  
Табағына тарихтың лақтырды.

Мәңгүрт дәуір мызғымас мәңгіріп те...  
Қарсы атылып қабаған қанды үмітке,  
Шоқ жұтты да, шытынап шытырманнан,  
Сіңіп кетті ол жарқ етіп мәңгілікке.

Астан-кестен бұлттардан өрт өріліп,  
Желқайықтан жалп етіп желкен – үміт,  
Толқындарға жоғалды көмкеріліп.  
Шыңырауға құлады  
Намысыңмен  
Тіреп қойған аспаның төңкеріліп.  
Астарына аршылмас нала қатқан  
Жебесін бұл дәуірлер санаға атқан.  
Күлді ғасыр мәңгүрттік, салғырттықтың  
Салмағынан ойсырап бара жатқан...

Текке кетпей бұғауды ол қашқанда үзіп,  
Өктемдіктің ордасын шашқан бұзып.  
Сосын бейбақ шындыққа жаны ашыған  
Көз шықты да көңілдің жарасынан,  
Қарашықтан үзіліп, қасқыр азу  
Ала түсті тарихтың жағасынан.

Әділетпен әрленсе әр құбылаң,  
Қасиеттің өзгерсе нарқы бұдан –  
Сенің елді бәрібір сүймегенің,  
Шындық атты шыңға бас имегенің.  
Күндеп болып тіріні , күйгелегім,  
Аруақтың жармасып алқымынан,  
Құдыретті құрдымға сүйреледің.  
Құзар шыңнан мұз емес, мұң құлады...  
Саған тансық – кім түзу, кім кінәлі?  
Мақтанар ем: қазақтың сұңғылалы  
Болса егерде Қайраттай мың қыраны !  
Қара түнді қапсыра құшақтады ол,  
Жарқылынан жасының сынды дағы.

1990 жыл.



## ЖИЫНДАҒЫ ЖҰБАН. 1986 ЖЫЛ

*...Кейбір майдангерлеріміз қазір жиналыс сценарийлерінің таптырмайтын деталіне айналып барады...*

...«Ерлесе де,  
алды – жарық, арты – мұң  
Майдангер көп, бойламаған ар түбін»  
дейміз қазір.  
Мұндайды тек терістеп,  
Бұзды Жұбан жиналыстың тәртібін.

Бұзды дағы топан шерді ақтарды,  
Шер де екпіндеп,  
жалтақ біткен сақтанды.  
Қалтырауық Жазушылар Одағын  
Шындық керіп жарылуға шақ қалды.

Жанарынан шашыраған азат күн  
Жастарымнан бетін қақты азаптың.  
Құламайтын құдіретін байқатты ол  
Мың жерленіп, мың тірілген қазақтың.

Біреу шықты – күйін шертті «сезбестің»,  
Ал, біреудің қалды ішінде төзбес мұң.  
«Беделдінің» бес алтауын «сайратып»,  
Қалғанына бұйыртпады сөзді ешкім.

Шіркін, маған жалғасын деп бұл «әнді»,  
Сөз берсе егер сөз де айта алмай «ұнамды»,  
Қуылған ем,  
Оқу да жоқ қорқатын,  
Толықтырып кетер ме едім Жұбанды.

Кеудесінде тірі ақиқат тұншығып,  
Сонда отырды талай «Жұбан» құлшынып,

Бәріне оның бұйыртпады тарихты  
«Шүрегейге» жалтақтаған құлшылық.

...Құқын бүгін шабармандық шектеген,  
Қарттарым көп соғыс табы кетпеген.  
Өліп кетпей олар да енді,  
Жұбанша  
«Азаттығын» алып кетсе деп келем.

### КЕЗІКПЕДІМ...

*Сәбира Мұхаметжановаға*

Сол ызғарда өзіңмен кезікпедім.  
Кейін естіп, жаныңды ежіктедім.  
Кезіккенде сәулелі құдіретіңмен  
Жүрегімді кетер ме ең кезіп менің?

Көрсем егер жайшылық тымық түнде  
Пікіріңе жол тауып біріктім бе?  
Әлде ұяң сезімді жеткізе алмай  
Сенің үркек көзіңнен үріктім бе?

Бәлкім саған кезіктім, кезікпедім...  
(Мұндай зұлмат боларын сезіп пе елім?)  
Сен жанымның лүпілін сезбесең де  
Мен қызылкөз қоғамға «сезікті» едім.

Намыстылар сол күні жоқты іздеді,  
Намыссыздар «ішінде жоқпыз» деді.  
Тарбағатай түлеткен екеумізді  
Шындық, бірақ, шыңына жеткізбеді.

Пәни деген алдамшы әңгүдікке  
Байланғасын, тағдырды дәм біліп пе?  
Іс жүзінде пікірі тоғысқанның  
Тоғыспайды өздері мәңгілікке.

## ЛӘЗЗАТТЫҢ БАСЫНА БАРҒАНДА

*Л. Асановаға*

...Қайсар еді сынбаған сағы сында,  
Сынбағасын шықпады бағы шыңға.  
Шекаралық Жаркенттей былқ етпеген  
Бекіністің рухы бар намысында,

Берік еді қамалдай қыз намысқа –  
Деген ұғым әкелді бізді алысқа.  
Адастырды әйтсе де кейбір сұрақ –  
...Сен жайлы ұғым шындық па, қызғаныш па?

Ақиқатқа жете алмай сыр ақтардық,  
Жеткізбеді,  
тағы да жылап қалдық.  
Құлап түстің әділет безбеніне,  
Уақыттың көзінен бір ақ қарғып.

Таразыда тағдырың шайқалақтап,  
Дәт қалмады мезгілде айтар ақтап.  
Тарих бізді тағы да жаңылдырды  
Бірде сыбап, соңынан қайта мақтап.

Танытам деп ұлтының ұлықтығын  
Қиянатта көз жұмды қылықты күн.  
Уақытқа әлі де наз айтқандай  
Қарамайды бейнең де күліп бүгін.

«Қыз – жанашыр» деген бір келісті ұғым  
Жүректерді жауламай тегіс бүгін,  
Сен жүрекпен көтерген ұлт тағдыры  
Дәлелдей ме жаланың терістігін?...

Екіұдайы пікірлер шабытымды  
Шашыратып шындықтың жағы тынды.

Саған сенем,  
Өзің де қолдамасан  
Екшей алар емеспін бағытымды...

## **БАСҚА ТИІП, БАСТАҒЫ СҰРАҚТЫ ҰРДЫ**

*Кенжегүл Молданазароваға*

Ауыр соққы бір шетке лактырды.  
Басқа тиіп, бастағы сұрақты ұрды.  
Мұрттай ұшып бейкүнә ұлттың мұңы  
Жүрегінде мезгілдің жылап тұрды.

Өз жүрегін уақыт тас қылғалы  
Қасіреттің көзінен жас құрғады.  
Жарақат боп тасада қала берді  
Басқа шыққан Мәскеудің басқа ұрғаны.

Алып-ұшып алаңға жылып барған,  
Үмітінің жүрегін жібітті арман.  
Пәк қиялы соққыдан кетті үзіліп,  
Аппақ, адал сезімнен тұнып қалған.

Арқалатты арлыға бар азапты.  
Астына алды соққының,  
жала жапты.  
Сыйдырмаған сорлы өмір жас арудың  
Көз жасына тұншығып бара жатты.

Жарқ етті де намыстай қынаптағы,  
Көзден нұрын суырды күн аптабы,  
Қалды анасы жармасып, жылап тағы,  
Қазығұрт та бұлдырап жырақтады...

Үні кетпей алаңның құлақтағы,  
Қалғып кетті ол,

«Арлыны» жылатпады.  
Азаттықты білмейтін ой-санаға  
Құламайтын отарлық тұрақтады....

Намыс, бірақ, өз туын құлатпады...

## ЕРДІҢ БІРІ

*Т. Тәшеновке*

Еркіндікпен ашылсын деп аспаным,  
Жай оғындай жарқ еттің де қас-қағым,  
Жазатайым қайырылып қанатың  
Жаныңды әкеп абақтыға тастадың.

Мойындамай уақыттың жаласын,  
Ауыздықтап қарсылықтар таласын,  
Тұтастырсақ шексіздіктер арасын  
Жазар ма едік бар мен жоқтың жарасын?

Мейір күтіп мезгіл деген мүрдеден,  
Ел босады,  
сен шықпадың түрмеден.  
Келді азаттық,  
Сана, бірақ, тұтқында –  
Заңдылық бұл мәңгілікті күрмеген.

Сорлы әділет жұлқынды да қылқынды,  
Жүрегінен арман-ғұмыр бұлқынды.  
Санасына қойыртпақтап күлкімді,  
Көздеріне қасіреттер сілкінді.  
Күндес фәни тойдыра алмай құлқынды  
Миығында қызғаныштар қырқылды.  
Бірақ, сенің кетіре алмай шырқыңды,  
Әлсіреген тағдырлардың ұртына  
өлі сұрақ іркілді...

1990 жыл.

## ТОЛАССЫЗ БОДАНДЫҚ

Азаттығым шын болса тұнғыш көрген  
Құдай кегін ала ма қылмысты елден ?  
Еуропа жармасқан құрлықтарын  
Жартпады «азат қып» үндістерден.

Еркіндікке қиса да нала бізді  
Босатқан жоқ Жер деген анамызды.  
Беспуций мен Конфуций ұрпақтары  
Бодан еткен үреймен санамызды.

Мезгіл көзі ағызған түн бұлағы  
Қасіретті фәниден тұндырады.  
Мәңгіліктің жүрегін тыным бермей  
Соқыр секунд тілімен ұрғылады.

Жана түссем шеңгелді үзбек пе едім  
Намысымның аузына мұз кептедім.  
Сабырыма шырмалдым,  
Шынжыр етіп  
Шырылдаған ғасырлар тізбектерін.

Дәуірлердің сыпырған жон терісін  
Мүлде ұмыттым тарихтың оң терісін.  
Соққы болып жетпіс жыл,  
Сандырықпен  
Қалдырды есте Қазанның төңкерісін.

Жетпіс емес, жүздеген жыл отарлық  
Шамасы жоқ тәңірді жылатарлық,  
Көз жасына шындық пен әділеттің  
Шерін жуып тарихты жұбатарлық...

Қасіреттің болмаса ол бір емі  
Теңіз жасым түп-тұнық мөлдір еді.

Тұныққа да сенбегін,  
Бір толқыса  
Маздай түскен намысты сөндіреді.

\* \* \*

*Ұлттың ұлы күрескері*

**Қажығұмар Шабданұлына.**

Аспан астын көрмейтін «Аспан асты»  
Тарихының көзіне жас таласты.  
Қарт түгілі қамалған уақыты да  
Түркі сорлап көрмеген жастан асты.

«Миллиардтың» қозғаған қажап түбін,  
Нақ тәңірін таныды азап бүгін.  
Сорлы әділет тамұқты талқан қылып,  
Алды бүгін бақилық азаттығын.

Қайта түлеп қасірет санаға өтті,  
Шеңгеліне құлатты нала көпті.  
Азаттықты болашақ сезінсін деп,  
Бір кезеңін тарихтың ала кетті.

Тағдырыма тіміскі жарлық орнап,  
Айдаһарға батпадым,  
Барды қорлап,  
Тістенскенмен тістесіп,  
Мәңгілікке ол,  
Атажұрттың пұшпағын қалды қорғап.

22.02.2011.

## ҚҰБЫЛМАҒАН ЕЛ МЕ ЕДІК?...

Жауырлықты,  
Қажаған ауырлықты  
Елемейтін ел едім, тауым мықты.  
Тастамайтын бауырлық, қауымдықты  
Санамның сол сиқырын дәуір де ұқты.

Ұққандықтан тарылтып тынысымды,  
Өзді– өзіме сілтетті қылышымды.  
Көзім көкке айна боп,  
Көркіме алғаш  
Сары алтынның қадірсіз нілі сінді.

Сол дәуірдің әурелеп мазағы елді –  
Бет-жүзімнің бедерін қаза берді.  
Массагет те, скиф те, сақ та болып,  
Ғұн да болып құлпырды қазақ енді.

Талатқанда тарихқа төзім қысып,  
Көлеңкемнен көз жаздым өзімді ішіп.  
Бүгін көк көз...  
Ол аздай сор айдаса  
Кешегідей ертең де – көзім қысық.

Мейлі жүгін тағдырға сыр ақтарып,  
Мейлі жығыл нәубетке құлап, талып –  
Бәріне оның күнәар – ЖАРАТЫЛЫС...  
...Сен де қашпа күнәдан, бірақ, халық!



## ЕРДІҢ ҚҰНЫ

*Ел атқамінерлері орыс отаршыларының озынан опат болған Қожагелді батырдың құнын даулап, патшадан сый-сияпат және дуан төңірегіндегі билік құқығын алып қайтады.*

Шөл даланың жақтырмай паң құшағы  
Тыныштықтан сескенді аң-құс әні.  
Қожекең мен Уанды мың аунатып,  
Қарсы тұрған зираттар аңдысады.

Санадағы жеткізбес өріс тегі...  
Ерімді атқан Уаң ба, орыс па еді? –  
Бірін бірі тағдырлар түсіне алмай,  
Бірін бірі дәуірлер терістеді.

Намысты ерім келмеске тарта берді...  
Ер құнымен айыз да тарқады енді.  
Сыйлық, билік алғандар шаттығына  
Бодандықтың шеңгелін арта келді.

Құн да қайтты шарлатып көп қиырды,  
Біреуге бақ, біреуге тақ бұйырды.  
Бергенінің астарлы берекесі  
Тағдырымды тағы да жатқа үйірді.

Орыс шені Қисықты әкім етті,  
Қытай шені Уанды тақым етті.  
«Қожагелді» атаған ер есімін  
Арабтар да билепті ақыретті.

Тарихымды жан бітпес жай парақтап,  
Тәңір ғана әділін айтар ақтап.  
Еркіндік те айықпай келеді әлі  
Бодандықтың деміне шайқалақтап.

Оққа ұшырып Тәңірдің қолда сыны,  
Бір төбеде, десек те, қалды асылы  
Рух берді оған мызғымас  
Өз жерінің  
Жат қолымен қадалған қорғасыны.

## ОРЫН ТАППАҒАН ЕСКЕРТКІШ

*(С. Мұхаметжановаға)*

Шеңгелінде жазмыштың жастай қалып,  
Тұншықты өмір көзіне жас байланып.  
Жаншуынан үзіліп тас қоғамның  
Кетті тағы нәзік жан тасқа айналып.

Мойындамай мезгілдің қашты сыны,  
Демде өзгерді тарихтың лас пішіні.  
Тасқа да біз табынып көрген едік,  
Табындырсын шындықтың тас мүсіні.

Ерді ескеріп намысым тұтанғасын  
Салғырттықтың жолына жұт орнасын.  
Паң дәуірді мойытып, қайда барса,  
Тасқа айналған әділет мұқалмасын.

## ДҮНИЕ ҚОЗҒАЛАДЫ

Жетім елдің қамы үшін  
Жаудың жерлеп намысын.  
Шуақ сыйлап анаға,  
Жарқырадың санада,  
Арысым!

Түн түнегін балталап,  
Кетті шындық шартарап-  
Құдыреттің жарлығын,

Жер ананың зар-мұңын  
Арқалап.

Ғарыштардан сілкін де,  
Қозғалыстар, іркілме.  
Қарсылықсыз ғаламның.  
Күн кешуі санаңның  
Мүмкін бе ?!

**«ҚАСҚЫРЛЫҚ» немесе  
ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНАН СОҢ**

Ұяңдығым еншілеп қасқыр жанын,  
Қан тұмасын көздердің аштым бәрін.  
Қуаң кеуде көтерген тасаттыққа  
Тағдыр берді ыза-кек тасқындарын.

Жұрдай етіп үміттен қиян түпті,  
Жүрсін тісте шырылдап қиял тіпті,  
Аңдығанға, ал, арландық, аңдығымнан  
Атқаны үшін алатын сыйы артық-ты.

Таппағасын мезгілден жараға емді  
Шындығым да мертікті,  
Жарар енді...  
Әйсе де арсыз алдында жылап кеткен  
Ардың жасы жүрекке тама берді.

Сұрақтардың тірсегін бастым да ұрын,  
Айбарынан жұмақтың қаштым бүгін.  
Өмір-өлім арасын аянышпен  
Іріңдетіп барады қасқыр-мұңым.

1987 жыл.

## ЖАҢА ЖЫЛ. 1986 ЖЫЛ.

### 1

Желтоқсанның соңғы түні, от түні,  
Анамның астанаға да жетті үні.  
Бір жағаға мені де атқан ұзамай  
Тоқыраудың төңкерілген екпіні.

Арақты да мезгіл зәрін сіміріп,  
Достарым жүр.  
Мінгескені – жын-үміт...  
Өзім деген арудың да көзінен,  
Енді бақсам, ғайып болған жылылық.

Қап-қара түн мейір нұрын қызғана,  
Тереземнен тесіледі сыздана.  
Тар бөлмеде жалғыз анам екеуміз,  
Жыл басын да тойламаған біз ғана.

Осы шығар бізге орнаған жетім күн,  
Ештеңені қызғанбауға бекіндім.  
Санамызға садақ атып жатқандай  
Жынойнақтан шығып жатқан не түрлі үн.

Анам үнсіз, көзі кеткен шықтанып,  
Дүкеннен де үлгірмеппіз түк те алып.  
Жүрек жалғар тәбет те жоқ, қайғының  
Қанды жасын анам көзден жұтты анық.

Ой тасқыны дірілдетіп бөлмені,  
Күдік қамап, үміт, бірақ, сөнбеді...  
Көз әлемін көлге әкетті батырып,  
Келіп бүгін таң бозынан көргені.

... Жастайымнан бір отауда бірге өскен,  
Бір нанды жеп, бір қиялмен тілдескен.  
Соғыс жалмап әкемізді,  
шырқырап,  
Қиындықтың шалшығын да бір кешкен, –

Кеткен қазір жоқшылықтың табы өшіп,  
Кетті ағамыз мұқым елден бағы өсіп.  
Жарар еді енді тисе септігі  
Әділетке ашып беріп ақ есік.

Ана ойымен арпалысып көп тұрдық,  
Мәртебеге жүрер-жүрмес өткірлік.  
Үлкен үй бұл.  
Тіркелдік те, тер қысып,  
Мықты ағаның бөлмесіне кеп кірдік.

Кір халатын ауыстырмай сорлы анам,  
Кепті асығыс,  
мен несіне қорланам ?!  
Жанарлары аяздан да ызғарлы  
Алаңды әлі темір қалпақ торлаған.

Кірді де анам, амандықты білісіп,  
Отырған-ды өткенді еске ап, күлісіп...  
Сөз арнасын бұйымтайға бұрғанда,  
Кетті ағаның жанарынан нұр ұшып,  
Анам қалды бүрісіп...

Үміт сөнді өртеп барып ішті бір,  
Түнерді анам, тұнжыраумен түсті іңір.  
Жұбататын әкем де жоқ,  
Сәби ем  
Бізбен мәңгі қоштасқанда үш ғұмыр.

Дерттің тауып үлгірмесек қарсы емін,  
Іс түскенде жанаспайды жан тегін.  
Жаңа жылдың барлық сыйы –  
Тағдырым  
Бастап кетті жаңаша бір тәлкегін...

Құлағымда әлі сол бір не түрлі үн,  
Жүрегімде булығады жетім күн.  
Христостың туған күнің мен содан  
Қолдан келсе тойламауға бекіндім.

31.12.1986

\* \* \*

Желтоқсанның екпіні лақтырғалы –  
Шатағы көп басымда бақ тұрмады.  
Көмек сұрап кіргенде қызыл тудың  
Нілі сіңген кеңсеңіз жақтырмады.

Ағымдар көп болғасын беріспейтін  
Пікіріміз көп шығар келіспейтін.  
Екеумізді әлі де алма кезек  
Екіұдайы мезгіл бар терістейтін.

Тәнті болмай саяси «тамашаға»  
Ойларымыз тартса да оңашаға,  
Қайда жүрсең тәуелсіз ертеңімнің  
Жанашыры бола бер, Нағашы аға!

## ҰЛТСЫЗДЫҚ ИДЕЯСЫН ТАПҚАНДАРҒА

Қонағыңнан көріп жатсаң «көкені»  
Аңқау елдің қонақжайлық не теңі?  
Сырттан кіріп рухымызды бұзғанға  
Қазақстан – отансыздар мекені.

Келімсектер өз жұртынан көшкелі  
Сыйлағанның өзін билеп төстеді.  
Соғыспай ақ өз ұлтыңнан аластап,  
Отыр енді тағдырыңды шешкелі.

Тарих кілті жаба алмады қақпаны,  
Жасыған ел жатты беттен қақпады.  
Өз отанын мүлде ұмытқан өктем ұлт  
Жатырма енді өз ұлтын да сатқалы.

Бұл қулыққа күлкі болсақ мәңгіріп,  
Ұлтсыздықтан айықпаймыз мәңгілік.  
Атажұртты келімсекке табыстап,  
Кетуің де ғажап емес қаңғырып....

## **ЖЕЛТОҚСАН ЖЫРЫ**

*(Терме)*

Мезгіл сәтке бетін бері бұрды ақыр –  
Жырла, заман!  
Жырла, жүрек!  
Жырла, тіл!  
Бір ҚазМУ-ды он жыл жүріп тауысқан  
Жырлап қалсын Желтоқсандық бір батыр.

Кезіп жүріп Алатаудың жыңғылын  
Жылағам жоқ,  
Жырын айттым жындының.  
Шарасыздан шашылды да шындығым  
Тасқынға емес,  
тасқа барып сүңгідім.

Желтоқсанның желі үскіріп жатқанда,  
Жан тайғанап,  
Жанарда айдын қатқанда,  
Торғай жанын түсірдім деп қақпанға  
Топас ғұмыр, тірлігіңе шаттанба!

Арақты ішіп,  
Аралды ішіп,  
Арды ішіп,  
Алмастырдық жезөкшеден жар құшып.  
Қала басқа...  
Шала мастар аңдысып,  
Қара ағашта қатып жатты қанды шық.

Арал болып арнамызға құймадық.  
Шашылдық та есімізді жимадық.  
Жарты ғасыр қырғаны үшін Ресейге  
Жарылыстың жарақтарын сыйладық.

Жемқор елге желқайықтай шайқаған,  
Сау басыңды байлап бердің қайтадан.  
Жан-жағыңнан оқ жыландар ысқырып,  
Бір қасірет құлағыңа айтады ән.

Таразыға түсіргенше халқыңды  
Қара базар бағалайды нарқыңды.  
Арыңды да,  
Жарыңды да саудалап,  
Жетім үйге тірі көмдің қартыңды.

Астанамыз – келімсекке асхана,  
Жаурап жүріп пана салдық басқаға.  
Жан сырласың – жетім бұрыш тұрғанда  
Қазағымның не теңі екен баспана?

Мықтыларға мекен қылып от басын,  
Тіл мен дінін қайбір мәңгүрт жоқтасын.  
Таусылғанша қызыл итке жем болып,  
Жетім елім жабар емес қақпасын.

Заманымның тоны өзгерсе қас-қағым  
Әлі де іште қуатын көп бас қамын.  
Жарты жерім сыртта қалды,



Ер туып  
Қайтарар ма қол астынан басқаның?

Зұлымдықтың тонын теріс кидіріп,  
Мінбелерден түсірмедік күйдіріп.  
Сайлап қойдық жастарымды боздатқан  
Жауыздарды бас-басына би қылып.

Қымбатшылық кемірді кеп,  
Шыдадық,  
Көз-мұрны жоқ заңды асығыс құрадық.  
Тиын үшін толмаған соң қалтамыз  
Келімсекке жер сыйладық мұра қып.

Талай нәубет қанымызды төккізіп,  
Бағымыздың қанша гүлін кетті үзіп.  
Бәрінен де аман қалған қазақпыз,  
Сұм ажалға арыстарын өткізіп.

Қасіреттің шамын талай жақтыңдар,  
Ақиқатты ақыретке жаптыңдар.  
Тарланым аз демегенмен,  
Күн туса  
Тасада жүр әлі талай сатқындар.

Ұқтыра алмай тіршіліктің мұратын,  
Қалың елге ұялапты мына түн.  
Жазығым не,  
Ұланғайыр далам-ай,  
Кендігіңе сыймай кетсе бір ақын?

Күдіреттің күтіп жатқан алғысын  
Пендешілік мең-зең әлі,  
Қалғысын...  
Қарсы айырылып жылағанда қанды шын  
Заманақыр көтереді қарғысын.

1992 жыл.

## ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

1.

Оңбай ұштым...  
Қайырылды қанатым  
Жүрегімнің перделерін жабатын,  
Жанарыма сіңіп кетті қара түн.

Қаштым бұзып қақпаларын құрдымның,  
Қарда сайрап ізі жатты сүргіннің –  
Мансабы ма мәртебешіл құрбымның?  
Жан қиылды, жаннан үркіп қан қашты,  
Қанда сабыр болмас-ты –  
Жер ананың жағасына жармасты.

Жатты сосын кейбір күзде күн күліп,  
Ал бірінде мұңды үміт –  
Тағдырға бұл туа біткен жындылық.

2

Меңіреу ғұмыр,  
Жатқанда намыс та қалғып,  
Қиялым қашты құрықсыз алысқа қаңғып.  
Тартылды дағы күз көңіл күйзелістерден,  
Көктемде қайта тасыды қамысқа қарғып.  
Манағы мансап мыңқ етпей мазамды ұрлаған,  
Тағдыр – ай мығым тұлғадан сөз алдырмаған!  
Мезгілдің мысы жібітпей мұз қабағыңды,  
Мойындаттырған өзінді жазаң бұл маған.  
Меңіреу мансап намысты құрбандық еткен,  
Мұң қалды көптен,  
мырс етіп жынданды көктем.  
Желтоқсан желі еншісін жұлған жүректен  
Шашылып жоққа, тұл жетім жыр қаңғып өткен.  
Сезбеппін сол кез –

Қанаттан зұлмат қырқарын ұшар ақыныңды,  
Сүрініп барып, түнекте тұсалатынымды,  
Вагондар менен вокзалда күн кешетінімді,  
Әділдік сұрап, Алламен тілдесетінімді,  
Қаракшы мезгіл қит етсе тынышсызды аңдып,  
Жүретінімді жапанда жұмыссыз қаңғып,  
Ақталуға да ана тіл араша болмай,  
Жат түгіл, жақын жанашыр жараса да алмай...  
Неғылған тірлік!  
Тірлікке күйініп күліп,  
Жүректе намыс – тербеліс жиілікті ұрып,  
Шалғажы, Ырғыз бабама сыйынып тұрып,  
Қалғып кетіпін балшықты тоғайда мынау...  
Түс көрдім, көшпей көңілден алайда қырау.  
Түсімде тағы отарлық дертін жұқтырып,  
Алдайды,  
Сосын арбайды еркіндік күліп,  
Санасын Тәңір құлдықтан аластамаған  
Өгейсіп кеткен жат түгілі алаш та маған,  
Әлі де, бәлкім, оянбай таяқ тіледі...  
Әйтсе де намыс-дүмпуім оятты мені...

## 3

Сәтте мынау тым-тырыс  
Абыройдан жетті боздап бір сыбыс.  
Жете бере ар шыңынан лақтырып,  
Жүрегімнен жүріп өтті сілкініс.

Жанымменен суырылып тосын жай,  
Ұшты намыс, үзілді де жасындай.  
Көпке дейін көбік шашып көзімнен,  
Аласұрып қаным жатты басылмай.

Қиян сапар...  
Қилы оқиға...

Жол-керең.  
Кереңдіктен жапа шекті жалқы өлең.  
Жүрекке кеп күлдір-күлдір қирады  
Жанарыма аунап түскен жарты әлем?...

1988 жыл.

## ШӘУЕШЕКТЕ

*(Шекарадан Советтік қатер төніп тұр...  
1969 жыл)*

Шәуешекке  
Төніп тұрған қатер ме,  
қауесет пе?  
Жетпей жатып тобырдың дауы есепке  
«Келіп қалған секілді жау етекке».

Кей халықтың  
(тұтанған сесті көріп)  
Сабаздары ішкі елге көшті үдеріп.  
Ал, үгітке қазақтың бір де бірі  
Кететіндей түрі жоқ естіп еріп.

Көлбесе де қоғамның жасығы алдан  
Қазақ үшін мекені – жасын-арман.  
Тастай көшті кірме жұрт баспанасын  
Көшкен елден кезінде басып алған.

Қазақ үшін мекен-мұң,  
өлік-қайғы.  
Қайғы-мұңын босқанмен жол ұтпайды.  
Қазақ көшкен кезінде ұрпағы үшін,  
Қорыққан жоқ қауіптен,  
қорықпайды.

Шығайбайлық танытпай аса беттеп,  
Кірмені де арсы алған қошаметтеп.  
Жатқа тастау жерді енді мүмкін емес,  
Онсыз да алғаны аз емес баса көктеп.

Жігері оның шыныққан жұдырықпен,  
Сұрамаған қазақ бұл жығылып та ем.  
Жер-байлықты екі елге бөліп беріп  
Шешкен оның тағдырын ұлы біткен.

Ел ішінде біткен жоқ бұл күн егес,  
Сыртқы қатер— қауесет – күлкілі елес.  
Қорланса да қорғап тұр баба рухын,  
Енді босу қазаққа мүмкін емес.

Шәуешек қаласы. 1990 жыл.

## ШЫҢЖАҢДА

*Мәдени төңкеріс қуғынын көрген  
ағам, ақын Рақымғажы Кәріпжанұлына*

- Шөліркедім, жанымды өртеп  
Желтоқсанның жарқылы,  
Намысыңды қозғайма, аға,  
саясаттың салқыны?
- Сайраудың да кезеңі өтті,  
жеді, тынды саясат  
Қасіреттің кезегі өтті,  
Елді бір сәт аясақ.
- Желтоқсанның жарылысы ойсыратқан іргені –  
Ол мәдени төңкеріс пен соңғы Бежін дүрмегі.
- Бәрін көрдік...
- Мұндай сәтті заман күнде оралмас,  
Көш, ағайын, бас қосайық.  
Онсыз елім оңалмас.
- Жат қолына баба жатқан жерді тастап бір күнде,

Ар алдында кешірімсіз қылмыс жасау мүмкін бе?  
– Жоқ, ағайын, іс түскенде ел аттың басын ірке ме?  
Талай тарих – борасында пана болған бір төбе.  
– Қастерлі жер бабам туған, күзетемін сол ішін,  
Мейлі, өлсем де аруағыммен саған берем қол ұшын.  
Оңға бассын өрісің...  
Әумин!

## ҰСЫНЫС

*(Малыбай оқиғасына байланысты  
сотта айтылған ұсыныс)*

Нәубеттерде таяқ жедік неше біз,  
Желтоқсанда кетті тағы есеміз.  
Сот өтсін деп арызданған ешкім жоқ  
Ел арасы бүлінбесін десеңіз?

Жат қолымен бір арысты өлтірдік,  
Өлтірсек те келімсекті келтірдік.  
Бәріне де кең қазақтан бұйырды  
Шүршіттерден бұйырмаған еркіндік.

Бауыр болсаң намысыңды кірлепе,  
Өзің мұнда,  
жерің жатыр бір бетге.  
Қазақ болып кімге пана болмадық?  
Осыны ұқ та, сыйлағанды құрметте.

Өзді-өзіңе жалаңдатпай қылышты  
Туыс болсаң кеңейт тағы тынысты...  
Құрметті сот, сізден де ерлік күтер ем  
Көп ұзатпай аяқтасақ бұл істі.

31.03.2008

## ҚАЗАҚ ЕЛІ

Мәрелі өмір,  
Мәртебе, сыйыңыз да  
Сыйыспапты кертартпа миымызға.  
Қарға адымды рухымен қапсыра алмай  
Тайғанап жүр жүрегім жиі мұзға.

Ұлы дала,  
Көзінде мөлдіреп түн,  
Келеді әлі жаныңды елжіреткің.  
Тарих талап жыртылған жүрегімді  
Тәуелсіздік туы етіп желбіреттім.

Санасына пенденің түнедім бе?  
Ардың көзі жұлқылап тұр өңімде.  
Қасіреттің жөргегін жарып шықтым  
Қүдіреттің қамалып жүрегінде.

## АЛАҚ КӨТЕРІЛІСІ

*(поэмадан фрагмент)*

*Көтеріліс басшыларының бірі – Жәкулә болыс  
Күшіковты еске алу шарасына арналды.*

...Көнбегесін ырқына қатулы адам,  
Тергей түсті мәңгүрттік жат улаған.  
Барды – жоғын алғанмен сонша тінтіп,  
Қылмыс таппай қиналды Жәкуладан.

Шағым қайда қараны илеп төккен? –  
Дәлелі жоқ жала көп түйдектеткен,  
Тінтіп кінә таба алмай, малға көшті,  
Мал да кеңес жұтымен сиреп кеткен.

Болмаса да мұжықтай нан-пұлы енді  
Серке біткен «бай» болып, тәркіленді.  
Жарық күнді қызғанып жаралы елден  
Тәркі біткен жапырды бар түменді...

«Жатқа бекер жем болып өлеміз бе?  
Аш халыққа баратын белең ізде,  
Әлде жылжып, туғанға жат жұрттағы  
Бас сауғалап, көбейіп келеміз бе?»

Миды жаншып осындай ой салмағы,  
Жиылды елдің жол іздеп жайсаңдары.  
Белсенділер бөгеуге тырысқанмен  
Ашу қысқан есілдер тайсалмады.

Трайыс өлді, Мұқыш та кінә құшты,  
Кетті ірітіп, қайғының бұлағы ішті.  
Жәкулә мен Сыдықты қолдағандар  
Басқа жол жоқ,  
Көшуді құп алысты.

...Шұбартаудан басталған көш келеді,  
Көлеңкесіз үміттер көшке ереді.  
«Көппен көрген ұлы той» деп, қозғалған  
Мынау жұрт та қалмауды қош көреді.

Туған жердің сәулесі жүзінде өшіп,  
Жүректегі зұлматтың сызын кешіп,  
Сайды өрмелеп жылжыған жұрт соңында  
Шегіншектеп барады Қызылкесік.

Қыз кеткендей артына қарамастан,  
Жүріс – сергек...  
Жарысып барады аспан.  
Шаң да қимай келеді оратылып,  
Аяқтармен ойнаған бала жастан.



Жол кеспеуді ырым деп мақұлдады.  
Тоқтамастан Алаққа жақындады.  
Ойда-жоқта арт жақтан лаң шұбырып,  
Мылтықтың да естілді атылғаны.

Қызылдарға жегілген топты көріп,  
Көш қарасы тоқтамай кетті үдеріп.  
Қуғыншылар жайратып бір қазақты,  
Аждаһадан үрейді төкті келіп.

Елубайдай есіл ер құлап түсті,  
Тәуіршедей ару кеп жылап құшты,  
Тоқтап енді бір амал қолданбаса,  
Бейбақтарға бұйырған сынақ күшті...

Орыс, бірақ, елемей барша амалды,  
Титығына тықсырды шаршы алаңды.  
Тіпті кетер түрі жоқ...  
Әкіреңдеп  
Қоймағасын есілдер қоршап алды.

Бетпақ орыс «азбын» деп беріспеді,  
Балағаттау, кінәлау да өрістеді.  
Тілің жетіп, ел жайын ұқтырсаң да  
«Бандылардың ісі» деп терістеді.

Бара бара намыстан ұйқы кетті,  
Ашындырды бұлардың сиқы көпті.  
«Несін тыңдап тұрмыз?» деп,  
Куликинді  
Тапаншамен бір қазақ типыл етті.

Өлді осылай бір өкіл сайқал үнді,  
Аттан құлап біреуі, қайта мінді.  
Көкпектіге бір хабар жетпесін деп,  
Қалғаны да өліммен тойтарылды.

Кек қайтармақ үнімен Тәуіршенің  
Қиын болды тоқтату дауыл шегін,  
Енді аялдау – қауіпті дегенменен  
Сапарды әрең қозғады ауыр сенім.

Қызылтастың шындары бұлтты тарап,  
Алақ бұлттың көз жасын сұртті «тонап»...  
Жат қолынан текке өлу – ол да күнә,  
Жайғар ма еді көшпесе жұртты талап?...

...Бітер емес бұйрат пен белес тегі,  
Кері серпіп келеді жел ескегі.  
Бір кезеңнен асқанда шаң шұбырып,  
Өздеріндей бейбақтар елестеді.

Жоғалды олар асты да құба белді,  
Бейкам жұртты таң қылды мына «белгі».  
Саршоқыға кіргенде айналадан  
Зеңбіректер арсылдап шыға келді.

Қай тыңшы айтып, жай тапқан сұм құлағы?...  
Жаңғырықтар жотаны тұндырады.  
Гүрсілдермен жарысып,  
Кәрі-жастың  
Шыбын жаны жан-жақтан шыңғырады.

Оқ борады,  
қасірет тіліп көкті,  
Бұлт қансырап, ашуын ұлып төкті.  
Бүлінгеннен ажал да бүлдіргі іздеп,  
Сан бейбақтың ғұмырын жұлып кетті.

Желік біткен жендеттен хақты тонап,  
Атылған оқ өлікті жатты санап.  
Әзірейлі Забилов, Радченко боп,  
Ақыретке жүргізді «нақты» сарап.

Сайға сүйреп, қыздарын жат құмары,  
Тәуір киген жан көрсе жоқ қылады.  
Босқындарды қосақтап, бәс тігісіп,  
Жалғыз оқпен жайратып, жаттығады.

Қорлығы аздай орыстың Алақтағы,  
Қансыратты Сарышоқы талап тағы.  
Қанға бөгіп жатса да жазықсыз ел  
Ажал оғын намысқа жолатпады.

Тыншымады мылтықтар шолып өтпей,  
Қозғалғандар қайта өлді соры кеппей.  
Барады ана көз жұмып,  
Емшегіне  
Жатты сәби шырылдап қолы жетпей.

Таң қылмады ашыққан бала көпті,  
Қашқындар да асығыс қарап өтті.  
Періштесі сәбидің ұзатпады-ау,  
Жау да оларды тұтқындап ала кетті.

Ұсталғандар айдауда кетті құлдап,  
Жайыңды айтсаң – өлгенің,  
Жоқты бұлдап,  
Сайда қалған жартысын сегіз жүздің  
Қамап кетті бақиға оқ тығындап.

...Саршоқыдан қаралы көш келеді...  
Көшкен сайын мезгіл де сескенеді.  
Жендет те емес, құл да емес, тарихта емес,  
Құдай ғана бақылап бос келеді...  
Пәни, бақи бәрін де қош көреді...

Күзгі зұлмат сіміріп жылы ағысты,  
Ұшады өмір жұлыннан жылап ішкі.  
Шындықты айтсаң жүректі найза тінтіп,  
Бекеттері бақидың құрақ ұшты.

Мылтық шаншып өткенде  
Иретіліп,  
Домаласаң – жендет мәз, «биге» тұнып.  
Азап, мазақ неше күн «қамқор» болып,  
Көкпектіге жетті жұрт сүйретіліп.

Тұтқындарды сағынып түрме күтті,  
Өйткені, онда көміліп мүрде бітті.  
Сібір және бақидың жолдамасын  
Бұларға да сыйлады күнделікті...

Жәкеңді де пенделік күндеп ішкі,  
Тартқаны аздай, тағдыры күрмеп ұшты.  
Дәрігерлік оқыған «Сібіріне»  
Қайта кетіп жазықсыз түрме құшты.

Түсіре алмай ел жүгін иықта өткен,  
Жаныштады уақыт биікте өктем.  
Тоңдыратын кең Сібір өзі тоңып,  
Тар түрмеге қалшылдап сыйып кеткен.

Колхоз құрған Олжабай, Бабақты да,  
«Бүлікшіл» деп қинады абақтыды.  
Садырбайды Жәкеңе күйеу бала  
Болғаны үшін өлтірді, сабатты да.

Садырбайдан өршіген жігіт кегі  
Бар туысын бүлікке үгіттеді.  
«Жәкуланың айтқанын істеді» деп,  
Бәрін ұстап тергеу де «жіліктеді».

Кең далама осылай жат «қысылып»,  
Алдаспаны арманның жатты сынып.  
«Өмір сүрем» деп шыққан аш халықтың  
Көбін қырып, қашқанын жапты ысырып.

Жан қалмады жөн айтып, наз ақтарар,  
Қанды қол кім?  
Біле ме тозақты олар?  
Жендеттерді бастаған топ басында  
Туыстарын жайратқан қазақ та бар.

...Уақыт өте Жәкеңнің қияндағы  
Өр намысы түрмеге сыя алмады.  
Жапырылды шеңгел де, шекараң да,  
Азаттықтың мысынан қиялдағы.

Ері тұрмақ елдің де бар несібі  
Қолды болып, қаңырап қалды есігі.  
Түрме бұзып, оралған Жәкеңді де  
Жолатпады жатырқап «тал бесігі».

Жәкең, бірақ, ойламай жеке басты  
Ағайынның қамы үшін шетел асты.  
Айдаһар мен аюдың азуынан  
Құтқаруға бет алды екі алашты.

«Ұлы» біткен жайратып балаң елді,  
Көмілмеген аштарды нала көмді.  
Көз алдында Жәкеңнің Қызылтасы<sup>1</sup>  
Қызыл ту боп желбіреп қала берді.

...Сол қасірет әзірге жырақтады,  
Тарих шерін қозғадық жылап тағы...  
Емші Жәкең емдеген жаралы үміт  
Азаттықтың шыңына тұрақтады....

---

<sup>1</sup> Қызылтас атты екі жотаның бірі – Жәкуләнің көзі тірісінде осылай аталған.

## ЖАҢАӨЗЕН

Қақ айырылып қайғыдан дала өзегі  
Қарт тарихтың жүйкесін тағы езеді.  
Жаңаөзенде тулады әділеттің  
Көз жасынан басталған жаңа өзені.

Құдай менен мұнайдың арасында  
Тарих тағы кептелді дара сынға.  
Ойпаң жерді опырған жала, нала,  
Қасірет пен қасиет бәрі осында.

Бұлттың тамған жасына құмы ғашық  
Құшты өлкені Каспийдің мұны басып...  
Ақтық үні жаңғырды боздақтардың  
Ақиқаттың құрсауын жұлып ашып.

Билік үшін жаратпай көкпар ұлды,  
Құдай шындық көзіне шоқпар ілді.  
Құмға сіңген маңдай тер, қан мен жасым  
Жат көзіне мұнай боп ақтарылды.

Шындық іздеп жер құшқан тектілерім  
Ырысыма тұншығып кетті менің.  
Жердің үстін лаулатқан намыстары  
Тұтатпасын жер астын деп тіледім...

Тұтатпасын мұнайды нала біздің!  
Некелесті тарихпен жала-құзғын.  
Сайқал тарих онсыз да өртемеген  
Жері бар ма өзегін даламыздың?

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТ ЖАЙЛЫ

Хақ бізді де жаратқанмен текті ел қып,  
Отарлықтың шашасына кептелдік.  
Екі жазу білген елдің бір кезде  
Сауаттысы екі ақ пайыз деп келдік.

Соғыстарда жаттың жерін қорғадық,  
Нәубеттерде қиылдық та сорладық.  
Екі тілді білген елді бір кезде  
Ұлт аралық бүлікшіл деп қорладық.

Болып кетсе жазу өзге, тіл өзге  
Мүлде өзгеріп кете алмайсың лезде.  
Өзін қиған өзгеге де сыймайды  
Болғандықтан өзге жұрттан түрі өзге.

Қағаздағы қиғаш келді көзге өрнек,  
Өзің тынып, өзге сөйлер кез келмек,  
Хат сауаттан жаңылдырған әліпби  
Бір ғасырда төртінші рет өзгермек.

Отырарды айтпағанда алғашқы  
Отырғызбай тарих шері жалғасты.  
Астымыздан су шыққан жоқ,  
Астанам  
Бір ғасырда төртінші рет алмасты.

Әлі талай пайғамбармен қауышпақ  
Ойымыз бар,  
шақырсақ та дауыстап.  
Бір Құдайға құлшылықтың қисыны  
Бір мың жылда төртінші рет ауыспақ.

Тайпа дедік, ұлыс дедік бұл елді,  
Ұлт десек те тығырыққа тірелді.

Адасқан жұрт өз атауын мың жылда  
Төртінші рет өзгерткелі тұр енді.

Жарылысты жіберсек те жыраққа,  
Тәжірибе тағы да алды сынаққа.,  
Бәрін қолдан өзгертетін пенденің  
Пенделігі өзгермейді, бірақ та...

## ТҮНЕКТІ СЕРПІП КЕЛЕДІ СЫРҒАНАП АСПАН

*М. Шахановқа*

– Шынымен, аға, бітпепті тірі өлік құрып,  
Заһарын шашты заңғарға тіреліп тұрып.  
Шындықтың шырқын алардай сұмдықтың сұрқы,  
Сімірді мезгіл Аралды шіреніп күліп.

Зілзала дастан тумаса бір ғана бастан,  
Түнекті серпіп келеді сырғанап аспан.  
Шашыңа шыққан ағарып адалдық шығар,  
Жүректің тылсым түбінен мұндана қашқан ?!

Уайым кеткен Құдайын қолдамақ па әлі?  
Құрдымға,сірә, құлқынның қолғанат бәрі...  
Желтоқсан мұзы жалтырап тағдыр – айнадай,  
Тайғанап кетті тарихтың доңғалақтары.

Табыттан күлсе сықсиып жылауық арман,  
Тіршілік сырын тарихтың сұрауы жалған.  
Желтоқсан сұсын мезгілден сілкігеніңмен  
Жүректе сызы, шашыңда қырауы қалған.

Құмарлық – құрдым қақпасы,  
Тіршілік қанық...  
Табанда жатты тағдырлар түршігіп, талып.  
Тамшыдан талғам дәметсе, жылайтын кім бар  
Қаңсыған Арал – қайғыға тұншығып барып?



Ғасырға қоса ғаламды безбенге салып,  
Санаға түскен салмаққа төзгенде шабыт,  
Ұғынбақ түгіл, ұғуға тырыспағаннан  
Жай болып жауды жазықсыз көздерге салық.

Өз қолы қылған ерліктен ел несін қашып,  
Үлгірмей жатты шындықпен демде сырласып ?!  
Ұстатса тағдыр тамырын, жанашыр аға,  
Толғай бер мұңын – ғасырдың пернесін басып.

1990 жыл

### **СӘЙКЕСПЕЙТІН ЗАҢЫ БАСҚА БОЛҒАСЫН...**

*Қалдыбекке*

Үшеу едік бір бөлмеде тұратын.  
Композитор оның бірі,  
Бірі ақын.  
Әдетінше сол түні  
Толтыруға көңілдегі олқыны,  
Үнсіздіктің жайлауын біз шаңдатып,  
Әулеттік ән мен жырды самғатып.  
Қанаттанып шабытым,  
Ғарыштарға төңкеріліп бағытым,  
Жасап қалдым түн ауғанша жыр оқып.  
Түн ауғасын композитор шырқады  
Тылсым түптен қиялыма пыр етіп,  
Көтерілді саздың небір сұңқары.  
Соғын тағдыр сәйкестігін ұққасын,  
Сөз бен әннің дерті өзара жұққасын,  
Бір бірінен тауып жатты жұптасын.  
Ғұмырдың да сызын солай кешіп ек,  
Жұптастырып шабыт жібін есіп ек.  
Ал, үшінші ештеңеден хабарсыз,  
Әлдеқашан қалғып кеткен есінеп.  
Ғұрпы бөлек, ұлты бөлек дегенмен,  
Мейірбандық тапты емес пе кең елден?

Сөйте тұра түсінгі келмейтін,  
Сыйластыққа кішіргісі келмейтін,  
Ел екен деп тілі де өзге, діні өзге  
Санасына пісіргісі келмейтін,  
Үстем лден бақытымды табам деп,  
Жақсам енді соның шамын жағам деп,  
Өктемдітің өркешіне мінгескен,  
Көкірегі көк аспанмен тілдескен.  
Жүрген еді ол тісін қайрап жұтынып,  
Ертесінде өзі ақ қашты құтылып.  
Халық едік  
Үні де асқақ далсындай кең елдің...  
Көңіліңнен көлбей өтсе егер мұң,  
Ұзақ тұрмас, түсінем.  
Айналайын құдыреті өнердің  
Өктемдікті баса білген мысымен!  
Бірақ, бірақ, істің артын бағалық.  
Танытқан да дұрыс болса ағалық  
Өз ішінде мәні басқа болғасын,  
Өнерге де қажет, бірақ, Даралық.

1990 жыл

### ҚАЗАҚПЫЗ. 1990 ЖЫЛ.

*(Термеден үзінді)*

Қазанында жоспардың қайнап келген қазақпыз,  
Жөн айтқанды жау санап, жайғап келген қазақпыз.  
Алақандай атаққа абыройын саудалап,  
Арыстардың қанымен тойлап келген қазақпыз.

«Азатпыз» деп сан ғасыр сайрап келген қазақпыз,  
Азат басын Мәскеуге байлап берген қазақпыз.  
Зәбір шегіп өзгеден,  
өзімізге өзіміз  
Тісімізді аямай қайрап келген қазақпыз.

«Жомартпыз» деп өлгенше жырлап келген қазақпыз,  
Өз байлығын өзге елге ұрлап берген қазақпыз.  
Күлгендерге мазақпыз,  
Күлмегенге ғажаппыз,  
Досын емес, дұшпанын тыңдап келген қазақпыз.

Бір бағытта басы бір құралмаған қазақпыз,  
«Ұлы заман жаса!» деп ұрандаған қазақпыз.  
Шейіт болған аштықта әруақтан ұялмай  
Табынбаса Мәскеуге тұра алмаған қазақпыз.

Желкесіне келімсек мініп алған қазақпыз,  
Қасиетін қаусатып, күлі қалған қазақпыз.  
Құран ұстап қолына, арақпенен аңдамай  
Бірге жұтып Аралын күліп алған қазақпыз.

Езушіге дем беріп, нәр татпаған қазақпыз.  
Ерік берсең елді еміп, шалқақтаған қазақпыз.  
Әкесіндей телміріп әлі күнге Мәскеуге  
Айқара ашып есігін, жалтақтаған қазақпыз.

Зәрін ішіп мәңгүрттің,  
Залымдықты жаңғырттық,  
Балалы боп некесіз,  
Қарттарымды қаңғырттық.  
Жарылыста жан алып,  
Жарға соқты басыңды  
Желтоқсанның сызындай санадағы салғырттық.

Ұмыт болған аштығың,  
Ұмыт болған ақтабан,  
Арысымды таптағам,  
Таптап алып жоқтағам,  
Жүрегіңе бойласын менің мынау тағдырым  
Өзімді өзім танымай қазақпын деп мақтанам....

## ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАРДА

Кие бітер хан болсам тақта маған,  
Бара-бара жан қалмас жақтамаған.  
Күнәм қалса тарихты кері аударып,  
Салт бойынша өзімді ақтап алам.

Бастан шіріп балық та тас болады,  
Шірікті жеп қоғам да мас болады.  
Ұйым, жиын патшаның тонын киіп,  
“Шаштараздың” алғаны бас болады.

Қан жалғасса билікте, ми кетеді,  
Зәрін ішсең мезгілдің билетеді –  
Арың, барың, тіл, ділің қош айтысып,  
Ғаламдасу рухыңды күйретеді.

Тәуелсіздік!  
Ұқпасам нарқыңды анық –  
Қабылдармын, қашсам да “артын бағып”,  
Бергеніңнің қадірін кеш ұқтырмай,  
Тек меңгерер ми берсін Алтын балық!

1991 жыл.

## ҚАЗАҚСТАН КАРТАСЫ

(толғау)

Қазыұғрт – Ордабасы төрім едің,  
Тарихтың, тарлан Каспий, шері ме едің?  
Шерлі Арал, тұзы да ащы, мұңы да ащы  
Жаралы әділеттің серігі едің.

Қаратау, Алатауым, биігімсің,  
Көтерген қасіретті иығымсың.  
Ұлытау – ұлы дала құдіреті,  
Көкшетау – көздің жауы – киігімсің.

Қызылжар – мұнды мезгіл өткелісің,  
Арқалық – сен де азаттық көктемісің.  
Кенді өлке, Қарағанды, байлығымсын  
Қостанай – Ыбырайдың мектебісің.

Орынбор – тарихтың бір астанасы,  
Бабамның, қайран Омбы, бас қаласы.  
Кешегі Астрахан Асанқайғы  
Жоқтаған ол да нәубет бастамасы.

Оралым, танығанға жайдарысың,  
Маңғыстау, сен де намыс айбарысың,  
Ақтөбе, ел мен жердің кеңдігісің,  
Атырау – төкпе өнердің қаймағысың.

Сарытау, Томбы, Ор боп сайрау үшін,  
Еділдің шаттығына бойлау үшін,  
Мырзашөл, Құлжа, Түмен, Челябинен  
Жетпейді Шәуешекке қай дауысым?

Таразым – Әулиеата, жыр елісің,  
Ұлтымның, Қызылорда, тірегісің.  
Бауырмал, базарлы өлке –  
Шымкентім сен  
Әулие бабалардың жүрегісің.

Ертістің шұрқыратқан қос кемерін –  
Зиялы Семей және Өскеменім.  
Алтай мен Тарбағатай, арты Шыңжаң  
Үш аймақ – берекелі өскен елім.

Жарқ етсе Жезқазғандай жезді өңірім  
Сергітсін Бетпақ дала өз көңілін!  
Қосағаш, Баянөлгей дәстүрімнің  
Қаймағы бұзылмаған өзге өмірім.

Шырқалса Ташкен болып алыста әнім  
Кереку, қосыл қані, қалыспағын!  
Көк туды желбіретіп Ақмолаға  
Тарихтың аманатын табыстадым.

Өршітіп өр Алматы намысымды  
Жат жұттың Желтоқсанда сағы сынды.  
Тірліктің Талдықорған бағы сынды  
Дәм-тұзын Жетісудың тағы ұсынды.

Тусам да жарылыста күйіп бекем,  
Бойымды Байқоңырдан биіктетем.  
Әзірге тірі тұрсам ұлы ұрпақтың  
Түгендеп жалпақ жерін жиып кетем.

### АТА ЗАҢ

Құдай жолын үйретіп жас қауымға,  
Айналдырған жатты да дос-бауырға,  
Жеті жарғы жоқта да тоқтап едік  
Жетелі сөз тұрғызған тосқауылға.

Заң – бір елдің тұғырлы ар-намысы,  
Жұбанышы тарихтың, алданышы,  
Ынтымақшыл ғаламның толғанысы,  
Дұшпанның да, достың да қорғанысы.

Жатса мезіл жарғысын түлеткелі  
Әділеттен іздейді тіректі елі.  
Заң өзерсе тармағын әмір емес,  
Иман ғана қозғасын жүректегі.

## КӨШЕДІ БӘРІ

Келімсек көшер өлкеден,  
Астана да әлі көшеді.  
Көшпелі ел едік ертеден  
Тірлікте бітпес есебі.

Тарыдай шашқан жұртымды  
Зоболаң жылдар кешегі  
Аңдамай бассаң,  
Бұл күнді  
Аңсайтын сынды деседі.

Ауылды алға бастырмай  
Мезгілдің қырсық есегі,  
Қалаға шауып қасқырдай  
Амалсыз елім көшеді.

Жылан да көшер,  
Балық та  
Ұрпақтың қайтса меселі,  
Көшеді шаттық, шабыт та,  
Өседі,  
сосын өшеді.

Нәубет те, бақ та алмасып,  
Бір көшіп,  
бірде табысты ел.  
Ғаламдық көшкін жалғасып,  
Айға да шапты ғарышкер.

Әруақ көшер, ар көшер  
Ғайыптан тылсым жол салып,  
Фәниге ортақ бар кесел –  
Көшуде болар болса анық.

Уақыт деген көлем бе?  
Ғаламды ғалам қорғайды.  
Табиғат сыры тереңде,  
Көшпейтін түк те болмайды.

Сұрқия сұрақ төрді ала,  
Тарихты билеп төстейді.  
Пенде де көшер ордаға,  
Пенделік қана көшпейді.

1996 жыл.

### ДАЛА МАРШЫ

Жүзінде тарихтың наласы –  
Бітпеген тағдырлар таласы.  
Енді адам аласын,  
Қоғамның шаласын  
Көтерме, қазақтың даласы.

Пенделік Тәңірін теппесін!  
Нәсілдік пиғылын шектесін!  
Тілдердің тоғысы,  
Діндердің соғысы  
Мезгілді жаралап кетпесін!

Шындық та қылышын қайрасын!  
Арыстар, көзіңді аш!  
Қайдасың  
Түрмелер бүлініп,  
Мүрделер тіріліп  
Әділет шаттығы жайласын!



## АНАШЫМ АРМАН ӘНІМ.

Әні: А. Кәріпжанәулетінікі.

Салса да шырғалаңға  
Тағдырдан жасымаған,  
Ең жарық ей бұл ғаламда  
Сен – асыл анам.  
Мезгілдің мың сынымен  
Жатқанда жаным ысып,  
Мен үшін күрсініп ең  
Сен жалын ішіп.

*Қайырмасы:*  
Анашым арман әнім,  
Жанымның шуағысың.  
Көз алмай таңданамын,  
Сен – қуанышым.

Жоқ шығар сендей дана  
Меңгерген бала сырын,  
Мәңгі отың сөнбейді, ана,  
Сен – жанашырым.

Пейілің барша әлемді  
Тербетіп жатқаны шын.  
Мәңгілік шарашама енді  
Сен – мақтанышым.

## ДРАМА

Әділеттің болмаса биі мықты,  
Намыстыға жазаның үйі құтты.  
Хақ алдында «парызын» аяқтамай  
Пайғамбардың күйеуге «сыйы» бітті.

Мінгестіріп саяси құраманы  
Сана деген көлік жүр «бұрамалы».  
Аңқау елді мәжбүрлеп таңдануға  
Қойды билік тағы бір драманы.

Тудыра алмай түйінді ой бас керемет,  
Қылмыс та жүр бір бірін босқа өрелеп,  
Жатқан шығар билік те өз қылығын  
Жандаралдар арқылы әшкерелеп....

### Ш. ӘКІРАМИДІ ЖЕРЛЕГЕНДЕ

*Шығыс Түркістанда Гоминдан үкіметінің жаршысы және  
ұлтшыл ретінде ширек ғасырдан астам түрме азабын шеккен  
ақын, сазгер Шәкерім Әкірамиге.*

Бізғарлы күз аяусыз қамшылады,  
Бұлттың суық көз-жасы тамшылады.  
Мұздап кетіп барасың бұл фәниден,  
Жанар бәлкім бақидың шамшырағы.

Жиырма алты жыл жасырып нұрлы өмірді,  
Көрмесе де рухыңды мүрде құрлы,  
Әділетті тірілткен сананы енді  
Бағындыра алмасын түрме білді.

Кетті жылдар бергісіз бір ғасырға,  
Тамшы жасы тарихтың құрғасын ба?  
Достан опа, туыстан тұрақ таппай  
Нәубет болды сырласың, мұңдасың да.

Көшірсем деп,  
шеттегі әр ұяның  
Қамын күйттеп қоштасты қария-мұң.  
Көзіңді ылғи толқыны жуып жатты  
Кеудендегі ғажайып дарияның.

Мінді екен деп бостандық ұшағына  
Тағы да ажал түрмесі тұсады ма?  
Арғы беті өзінді тірі көмген  
Қайта оралдың Алатау құшағына.

Тағдырыңның жетпеппін от көшіне –  
Бар да шығар заманның өкпесі де.  
Елің сені,  
Сен елді жеткізем деп  
Тас бұғаудан босадың көп кешіге.

Тар қапасты жаңғыртты тербеп үнің,  
Тағдырыңа қайысты ел де бүгін.  
Хабарым жоқ – болды ма,  
Болмады ма  
Әділеттің алдында пенделігің?

Жаныңды ұқпай,  
Әнінді, жырыңды ұқпай,  
Сүйресе де қасірет мұрындыктай,  
Тарқата бер шерінді,  
Рухы жұмбақ,  
Фәни менен бакидың бірін құптай.

### **ОҚИҒА ҮСТІНДЕ ТУҒАН ЖЫР**

Шенділер жасап жатса жоралғысын  
Әділет баса алмайды заман мысын.  
Үйі емес, өздері де бұл қоғамнан  
Күрелген, қайран қазақ, аманбысың?  
Күреуден аман қалып үйің бүгін  
Шамыңды таң атқанша жағармысың?  
Әлде бұл шаңырағың көктен келіп,  
Сұңқылдап ай астында қалармысың?  
Не дейміз бұл тағдырдың жарлығына? –  
Көз жетті кең даланың тарлығына...

Сайлаудың қарсаңында үй таратты  
Қалаға кеше келіп, кірпіш ұстап  
Көрмеген пысықтардың барлығына.  
Қайран қап сонда есімнен танған едім,  
Амалсыз көптің мұңын қолдап едім.  
Баспана кезегінде ширек ғасыр  
Тұрғасын сан үмітті жалғап едім,  
Қазақтың өлеңі мен өнері үшін  
Шабытпен сан сайыста самғап едім,  
Кешегі Желтоқанда қуғындалып,  
Намысын қазағымның қорғап едім,  
Біраз жыл Алматыда құрылысшы боп,  
Қаланың сан зәулімін салған едім,  
Бұйырмай сол үйлердің бір бұрышы  
Бәрінен құр алақан қалған едім.  
Рухымның осы болар сұйылғаны –  
Жерімді келімсектер шиырлады.  
Жапондар су үстіне үй салғанда  
Қазаққа саз балшық та бұйырмады.  
Тарихты шенеуіктер білер неден?  
Тығырық бар ма бізде тірелмеген?  
Қаланың қақ жартысы қиқы жиқы  
Екі ғасыр тұрса да күрелмеген,  
Итке темір не керек, тамашаны  
Сән емес, жайдан тапсақ жарасады.  
Баршаға беру керек жерді аямай  
Қазақтың өссін десек болашағы.  
Жоқ қылып жылап кеткен табысыңды  
Кедейдің қолы жетпес «сән» ұсынды.  
Бір күндік баспанаңды күресе де  
Күретпе батыр қазақ намысыңды.  
Жер жерден жеткен қазақ басың аман,  
Сендерден бақытты екен Қасым ағам...  
Ел басының міндетін жеңілдетіп,  
Өзін де, қаланы да асыраған.  
Басшылар жаны ашыса сеніп көрсін,

Бақайдағы аштықты көріп келсін!  
Шаңырақта газ бар деп қорқытқанша  
Басшымыз туысына кеткен жерді  
Тартып ап бар қазаққа бөліп берсін!...

Шаңырақ. 2006 жыл.

## **ҒАСЫР КЕТІП БАРАДЫ**

Бұл ғасыр да ұрлана  
Күліп кетіп барады.  
Кеудесінде зілзала  
Ұлып кетіп барады.

Жендеттерін сұмдықтың  
Тойлаттырып барады.  
Маңдай сорын шындықтың  
Қайнаттырып барады.

Жазықсызды шарасыз  
Сор қаптырып барады.  
Жетімдерді панасыз  
Қорлап тынып барады.

Жер қойнына арысы  
Қарғап кіріп барады.  
Күллі әлемдік соғысы  
Зар қақтырып барады.

Аждаһасы от үрлеп  
Түршіктіріп барады.  
Тарихымды соқыр деп  
Тұншықтырып барады.

Төңкерістер санамды  
Майдан қылып барады.

«Оң-терістер» адамды  
Айландырып барады.

Аз ұлттарды көбіне  
Талаттырып барады.  
Тарихына, тегіне  
Қарап күліп барады.

Дінге бөліп ғаламды  
Сойқан құрып барады.  
Дін соғысы жаранды  
Сайтан қылып барады.

Ғарышты да құлқыны  
Тінтіп кетіп барады.  
Көзден шаттық, күлкіні  
Сілкіп кетіп барады.

Не сыйладық халыққа?  
Қайда арыс, асылым?  
Хош, әйтеуір, қамықпа,  
Жиырмасыншы ғасырым!

1999 ж.

## ОЛИМПИАДА АЛАУЫ

Тәуелсіздік құрмай жатып малдасты  
Қызыл шеру тағы алаңда жалғасты.  
Күңгірт сана қарсы алуда құрметпен  
Айдаһардың тойын біздегі алғашқы.

Қызыл киген сақшылар да шоқ болып,  
Саясатқа жасырынды от-көрік.  
Сорлы қала «Жібек жолына» айналды  
Келімсектің талай көшін өткеріп.

Ұрпаққа артып ертеңінің шатағын  
Түсірмекпіз елге Шығыс «шапағын».  
Сыйламасақ бізді айдаһар жұтар ма  
Ұлы Олимп пен Прометей «сақалын»?

Құзырына біз арқылы жол ашпақ...  
Біз табынсақ, от та бізге таласпақ.  
Шырақ ұстап қаламыздан өтті үрей,  
Өтпесе игі елдігімді аластап.

Тізбектеліп «жұлдыздардың» қатары,  
Бірден бірге жалғасты оттың сапары.  
Шынжыр түзіп сахналық көрініс,  
Шың еліне қаламызды «матады».

Күн шығысқа бізден гөрі жер сыйлы  
Болғандықтан жерім де оттан тершиді.  
Қолды болған алтынымның біразын  
Чемпиондар елге арқалап келсе игі...

Шайтанды да обалды еткен От дүлей  
Ертеңімнің жанарына төкті үрей.  
Алматының жүрегіне от шоқ тастап,  
Қимай-қимай түркі еліне кетті үдей...

Шытынатып өте шыққан жүректі,  
Бір қозғалыс көз алдымда дүр етті.  
Отқа күйген соры әділет киесі  
Қорқыныштан қорғай ма енді бұл Отты?....

2 сәуір 2008 жыл.

## ҰЛТ ТАҒДЫРЫН ОЙЛАСАҢ...

Келімсектер төбенде құтырмасын десеңіз,  
Милиардтап жымқырып сытылмасын десеңіз,  
Қазақ деген атауың ғайып болған КазСадтай  
Доктрина ырқына жұтылмасын десеңіз,

Секталарға сананы ілгізбесін десеңіз,  
Кеден-одақ жат жұртты кіргізбесін десеңіз,  
Өз жерінен шығатын өнімі жоқ қазақты  
Өкшесінен алыптар жүргізбесін десеңіз,

Балықшылар, шахтерлар қырилмасын десеңіз,  
Қызылағаш тағдыры ұрынбасын десеңіз,  
Байқоңыр мен Балқашты протонмен атқылап,  
«Шұбар жылан» ішінде тығылмасын десеңіз,

«Сан тұғырға» тілімді талатпасын десеңіз,  
Мұнай, мысқа әркімді жолатпасын десеңіз,  
Қолды болған жерімді қайтарудың орнына  
Қытай, өзбек, орысқа таратпасын десеңіз,

Бала сатып шетелге қорламасын десеңіз,  
Қазақ түгілі қырғыз да сорламасын десеңіз,  
Аңқау елдің алдында патшалықтың міндетін  
Партияның атынан жолдамасын десеңіз,

Еуроодақ бір пәле шақырмасын десеңіз,  
Сауда ұйымы нарқымен жапырмасын десеңіз,  
«Елу ел» деп аңдамай бар байлықтан қағылып,  
Қанмен келген азаттық сатылмасын десеңіз,

Байрағынды басқа жұрт құлатпасын десеңіз,  
Шерлі қазақ өзді-өзін жылатпасын десеңіз,  
Руға, жүзге, сектаға, партияға бөлуді  
Токтатындар, азаттық тұрақтасын десеңіз!!!



## ЖӘДІГЕРМІН МЕН ДЕ БІР...

Ақымақтың даңқына нұр сіндіріп,  
Арлыны алды ақырет күрсіндіріп.  
Сталинді мақтауға Ленинград  
Радио қып сайратты жыршымды іліп.

Бомба ойнатып Абайдың тұрағына,  
Кемем шөкті Аралдың құлағына.  
Эрмитаждан есінеп Алтын адам  
Жұлдыз бопты Питердің тымағына.

Көрмегесін бітімшіл халық құрлы –  
Тышқан-мысық ойнатып қарық қылды.  
Көрсетуге мені де бортқа тиеп  
Өркениет ғарышқа алып кірді.

Ғаламторлар жасамақ кімге ізетті? –  
Мүсіндерім жалаңаш түн күзетті.  
Құрманғазы ұрпағын компьютерлер  
Бетховен қып сайратып жұлдыз етті.

Қуыршақ қып қатырса мадақ бойды,  
Табытыма үрейлер қарап тойды.  
«Целинниктер» миыма дән екті де,  
Қарақшы етіп өзімді қадап қойды.

Боп жатса да айтарым ойымда мың –  
Келімсектің шатпағын пайымдадым.  
Түрін бояп,  
Жетпесе тілін бояп  
«Жаңа қазақ» өсімін дайындадым.

Хан беделін түсірмес жалғасы көп –  
Болғасын да табылдым хан басы боп.  
Торып жүрген Киннестен сақта, Құдай,  
Түрі азайған өсімнің таңбасы деп.

## ТӘУЕЛСІЗ ШЕШЕН ЕЛІНЕ

Қасіреттер шеңгелінен өтсең де,  
Еркіндікке жетпесең де,  
Жетсең де,  
Қиялыңа сенім гүлін ек сен де,  
Қос дүние ақиқатын көксеген  
Рух жүрегі болар сонда тек сенде –  
Құдайсызға бек сенбе...

\* \* \*

Жерді тағы қасірет талап өтті,  
Аттандырды бақиға нала көпті.  
Желбіретіп намысын құдіретті ел  
Тұғырына тарихтың ала кетті.

Таңғалдырған тылсымды мәні күшті  
Теңсіздіктер қайғыны қанып ішті.  
Сұрақтардың сұрқия сұсын көріп  
Ақиқаттың қанаты талып ұшты.

Құдай ғана – санада тұрақты ұғым...  
Ананы да, баланы жылатты мұң.  
Сәйкессіздік жеңсе де,  
Жабайы өмір  
Жеңе алмады рухынды, бірақ, бүгін.

1993 жыл.

**ИТ – ТӘУЕЛДІ.  
1962 ЖЫЛ...**

*(Әкеміз Әлімғазыға)*

Шүршіттерге,  
бұл күнді күліп күткен,  
Қап барады түлік пен мүлік біткен.  
Қалдырмады жас жігіт әйтсе де итін  
Қалт жібермей тағыны жұлып түткен.

Аң біткеннің көзінен сыр аңдаған  
Түлкі тектес тазы еді бұлаңдаған.  
Шекараның құт болып арғы беті  
Қасқыр түгілі батпапты қыран да оған.

...Қасиетін атажұрт тағы ұқтырды.  
Құжат күтіп кезекте халық тұрды.  
Біздің әулет итті де шекарадан  
Жан орнына тіркетіп алып кірді.

Болар-болмас атажұрт тұрақ мүлде,  
Жан алғыштар жақпаған шырақ кімге?  
Ай тұрғызбай ауданнан ит атқыш кеп  
Жайғап кетті сол итті бір-ақ күнде.

Тіркесе де шекара қалап басын  
Жер кеңдігі ілмеді санатқа шын.  
Төрт аяқты ит сыйыспай кете барды  
Екі аяқты ит көбейіп баратқасын.

Иттің де сол сарқылып бітті арманы...  
Көз алдында аң түгілі түк қалмады...  
Бәлкім төккен қаны үшін домалақ жер  
Шекарадан асса да құтқармады.

Тәңір де итке жүрсін деп жер ұсынды.  
Күнәсіздің оған да шері сінді.  
Олжасының бәрі де мал торыған  
Жыртқыш еді шетінен бөрі сынды.

Біз білмейтін хайуани қайғы алыста,  
Рухы да оның сезінсең – ойға нұсқа.  
Бірін-бірі жеп тынып күрес тірлік  
Түсіп жатыр заңымен айналысқа.

Ит – тәуелді, шектелген жасын-бағы,  
Меңдейді әлі көне дер басымдағы –  
Малын жеген бөріні кие тұтып,  
Көмекші итін күндеген қасындағы,

Ит тағдырын адамның жеңді мысы,  
Түп тарихын тірілту – жердің ісі,  
Жоғалтқасын түп тегін  
берсең де ерік  
Табиғатқа сiңбейдi ендiгiсi.

\* \* \*

Уақыт пенен ғаламға елші атанып,  
Бейішке кетем, тірліктен мынау бата алып,  
Ғалами түпсіз тартылыстардан үзіліп,  
Тәнім де ғажап құбылыстарға бұзылып,  
Әлемге негіз қарама-қарсы күштерден –  
Сескене қашып өңімнен және түстерден,  
Бұ дүниеден де, о дүниеден де сақтанып,  
Кетемін сосын әлемсіз жаққа аттанып  
«Еркіндік» – деймін шаттанып...

## ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ШЫҚҚАНДА

*(Алаңда айтылған жыр)*

Уа, қазақ, өмір іздеп отқа ағылдық,  
Жасадық жарлық күтіп жатқа құлдық.  
Атқа емес,  
Арлымыз деп таққа міндік,  
Топта емес,  
бағымызды сотта білдік.

Қазақпыз – мастандырған қызық арман,  
Қазақпыз – қасиетін бұзып алған.  
Қазақпыз өзді-өзіне қақпан құрып,  
Жанында желтоқсанның сызы қалған.

Қазақпыз өз бағасын өлшетпеген,  
Заманның өнері жоқ көрсетпеген.  
Тарыдай шашқаны аздай тағдырыңның  
Қалғанын тағы да өзі бөлшектеген.

Мінгесіп әруақтың арқасына,  
Аспанға өрмеледік жорта асыға.  
Жоқтарсың тағы қанша арысыңды  
Лақтырып Батыраштың балтасына.

Сол кезде қандыбалақ тағы ысқырып,  
Жатса егер қаннан бокал қағыстырып,  
Құрдымға бізді де ажал тентіретер  
Мәңгүрт пен мәмбет қылып алыстырып.

Үлгірсең үнің ұзап таңға асады,  
Арманның сөнер, бәлкім, сонда ошағы.  
Ақпысың, аламысың –  
Ақыл сұрап  
Қиналмай жағаңа ажал жармасады.

Уа, қазақ!  
Бейбақ едік ісі өнбеген,

Ұйқыңды аш,  
зұлымдық тұр кісендеген!  
Басынды көтер тағы!  
Халық едік –  
Тарихтің табанында мысы өлмеген!  
25.10.1990 ж.

### **ЖАСАЙ БЕР, ЕЛІМ!**

*Әні мен сөзі: А.Кәріпжанәулетінікі.*

Нар тарихтың дүбірін жалғап,  
Келем елге ғұмырымды арнап,  
Сен аңсаған азаттық таңы, елім,  
Менің бақыт тұғырым болмақ,  
Жасай бер, елім –  
Қазағым менің!

Еркіндікпен елжіреп әр күн,  
Білсе ерліктің ел, міне, нарқын,  
Көк туыңмен ғаламды тербеп, елім,  
Көк аспан боп желбіре халқым,  
Жасай бер, елім –  
Қазағым менің!

Азаттық деп аз алыспадың,  
Қайыспады ғажап ұстаным,  
Баба арманын бағалап ұрпақ, елім,  
Бағың жансын, Қазақстаным!  
Жасай бер, елім –  
Қазағым менің!

Тағдыр айдап қауым боп кірген  
Барлық ұлтты бауыр деп білген  
Пейілінді жаратқан қолдап,  
Жаса, жұртым, дәуірлеп бірден,  
Жасай бер, елім –  
Қазағым менің!

# Қытықтайды пәниді ар сұғынып...

*Замандастар. Ел мен жер.*



*...Шағылды жанның шөлмегі...*

*Табыт галамын*

*Сырымды ұғар ма екен деп бағып қарадым.*

*Пәнидің, бірақ, шері емес,*

*Шарабы болып*

*Тағдырдың сынық көзінен ағып барамын...*

## КӨЛЕҢКЕСІН ТЕРЛЕТКЕН САЛМАҚТЫЛЫҚ...

*Оралхан Бөкейге*

Көп қаңғып ем,  
Орағаң жұмысқа алды.  
Көшедегі көп жиын, ұрыс қалды...  
Күнде өзімді сабайтын қызбалық та  
Мысына оның тұншығып тынышталды.

Қорғасынын Алтайдың көзге өңгеріп,  
Ойын бірге теңшейтін безбенге өріп.  
Қас-қабағын бүркеніп,  
Амандассаң,  
Аңдамайтын таппаса сөзден көрік...

Тірлікке ол да ар деген шекті ұсынып,  
Мезгіл сынын сапарда шетке ысырып,  
Ыстығынан Делидің лап етті де  
Жанып тұрып жарыққа кетті сіңіп.

Тұзға айналған тағдырын мұң қақтады.  
Мың қақталған тарихқа құндақтады.  
Мұзтау жаны жібімей қалды қатып,  
Өртеп бара жатса да үнді аптабы.

От сезімге балқымай қорғасыны,  
Аяқталса ардың да қолда сыны,  
Кенді Алтайдың елес боп алмас ұлы  
Пенделікке кезеніп қалды асылы.



Сұм тірлікке аштырмай жан-кұлыпты,  
Тұншықтырып іштегі жаңғырықты,  
Сол кеткеннен «Өз отын өшірмеді...»,  
Құшағына қысты да ол мәңгілікті.

Шаңдатқанның өзіне шаң қаптырып,  
Парасаты ұшпаққа самғатты іліп.  
Тартылыстар заңымен кетті үйіріп,  
Көлеңкесін терлеткен салмақтылық.

### БЕКЗАТҚА

*Мыңжылдықтар тоғысын тойлаудан  
бір сағат бұрын қыршын кеткен жиырма  
жасар Сидней олимпиадасының чемпионы,  
боксышы Б.Саттарханов рухына.*

Минуттарды шыдамы талап ішіп,  
Мыңжылдыққа асығыс барады ұшып...  
Кесті жолын андаусыз  
Көкейдегі  
Өкініштен секірген қара мысық.

Даяр тұрған дәміне көпті бұрмақ –  
Жаңа ғасыр күтуде көп қыбырлап...  
Кешіккені несі оның?  
Жолда, бәлкім,  
Кексе ғасыр перзентін кетті ме ұрлап?-

Мыңжылдықтар таласты,  
Сынақ күшті...  
Қарт Түркістан ақтарды бұлақты ішкі,  
Жиырма жасар тарланын бауырына ап,  
Жиырма ғасыр еңкілдеп құлап түсті.

Сіркірейтін бұлттардай тепкілесіп,  
Мыңжылдықтар, жылама, тек тіресіп.  
Жұлдыз еді өзі де,  
жолда адасып,  
Бәлкім, ғарыш көшіне кетті ілесіп.

Көзінде оның көмкеріп нала көпті  
Аманатын арлы елдің ала кетті.  
Көк аспан боп желбіреп Сиднейден  
Көк байраққа жер бетін орап өтті.

Байрақтың сол, көтерген дабысымды,  
Өз қолымда аңдаусыз сабы сынды.  
Естен тана құшам деп шабыттана  
Қатты қысып алдым ба арысымды?

Кеудесіне күншілдің кек пісіріп,  
Кек көбігін намыспен шетке ысырып,  
Көк байрақты оранып көзге ілінбей  
Көк жүзіне тұтасып кетті сіңіп.

## АЛҒАШ КЕЛГЕНДЕ

*С.Мұқановқа*

Балалықтан бөлібеген еншіміз,  
Бір қиялдың қиясында елшіміз.  
Ойда жоқта «Сәбит ата Мұқанов  
Қайтыс болды» деп жеткізді көрші қыз.

Алыптармен жүздесуді хош көрген,  
Арманшыл ем, дүниеге кеш келген.  
Сол кездегі сәбилер де ересек  
Қош айтысып ұлы көшті ескерген.

Сөзі нәрлі, жүзіне де көз қанық,  
Дүниеден тағы да бір озды алып.  
Өскен сайын жүздесуге бұйыртпай  
Алапат көш бара жатыр қозғалып.

Ұлыларды көрсем деген тектілік  
Келер жылы Алматыға кетті іліп.  
«Жазушылар қайда?» дедім шешеме,  
«Ауырдым деп алдап келдім» деп күліп.

Жүрегімде жөңкіледі көп шырақ...  
Шешем де жүр бар білгенін топшылап.  
Тағы мені жұрт алдында «жерледі»,  
«Қонаевты қайдан табам?» деп сұрап.

Үлгірмедім,  
Сәбең кетті пәниден,  
Керегі енді Ғабит, Баукең, Ғабиден.  
Қонаевті көрсетпейді бізге ешкім  
Коммунистік қырау көмген Ақ үйден.

Мұқағали дегенді де білмедік,  
Ол қарайған топта болса бірге едік.  
Әкем тірі болса, онымен  
«жүз грам  
қағыстым» деп қайтар ма еді бір келіп...

Вокзалға да бірер күнді тапсырып,  
Қонған едік, бұйырмады жақсылық.  
«Ауырдым» алдап келіп қалаға,  
Енді жүрмін бар «ауруын» жапсырып...

## МҰСТАФА ӨЗ ТҮРІККЕ

Мансап десе құштарлыққа ақылы  
Жеткен қазақ іштарлыққа қақылы,  
Мұстафаны жеңбеп еді жарты әлем  
Ерлік жасап жеңіп тындық ақыры.

Тірі арысым оралды деп тойладық,  
У жұтқызып өзін жұттық, тоймадық.  
Даламыздың кеңдігіне сыйғызбай  
Жампозым деп жалған жылап жайрадық.

Ел деп келдің,  
Елемеді салғырттық,  
Шөлдеп келдің,  
Зәрін берді мәңгүрттік.  
Ұлы дала құшағына сыймаған  
Қош бол бақи,  
Ірілік пен албырттық!

## №1 ПЕРЗЕНТХАНАДА

*Ақеркеге*

Шаранадан тұншығып,  
Бір нәресте «шығам» дейді, құлшынып,  
Келе жатыр құзырына жаратқан  
Құдіретке тағы да бір құлшылық.  
Қуанышым, күдігім де меңдеді...  
Сен де, анаң да аман-есен, кел, бері.  
Кім болсаң да жүректегі жұлдызым,  
Ұл ма, қыз ба – сұрағым да келмеді.  
Көңіліммен байып қалды жарлы күн,  
Күтудемін Тәңірдің оң жарлығын.  
Жиырма жылды шегіндірсек анаң да  
Дәл осы үйде келді өмірге, дәл бүгін.

Караша айы берсін тағы шаттығын,  
Алыс емес іңгөлаған тәтті күн.  
Қалта құрсын...  
Күнде алдырған дәрігер  
Көп дәріден жүрегімді қақты мұң.  
Анаң туды, гүл ұсынды өр көңіл,  
Сенде көңіл тұғырына төрле бір.  
Тумай жатып дәрі сенің не теңің?  
У жасаған мені де улап сорлы өмір...  
Сен келер шақ мыңжылдықтың тоғысы –  
Сананың бұл сауатсыздау соғысы...  
– Елге тірек хан болсын,-қызғана  
Өтірік-шын тілеп жатыр көбісі.  
Фәни де енді тірлікке әлі сыры мұң  
Жеп барады әділеттің жұлынын.  
Бар тілегім – қара да емес, хан да емес  
Рух пен ардың жоқшысы бол, құлыным.

6 караша 2000 жыл.

## **Ғ. МҮСІРЕПОВТЫ ЖЕРЛЕГЕНДЕ**

Қалың қауым қаралы,  
Күңіrentіп қаланы,  
Перзентімен жарқ еткен  
Қоштасуға қатар түзеп барады.  
Жанынды езе лаулайды екен қарда мұң.  
Айналайын күн дидарлы ардағым –  
Ғабекенмен жүздесу –  
Болған еді әу бастағы арманым.  
Бірақ,бірақ,  
Киелі елдің сөнді дағы маздағы  
Тәңір маған жүздесуге жазбады.  
Асау ойдың толқындарын тежеп мен  
Қоштасуға жеттім соңғы кезекпен.  
Зал халыққа,  
Шер кеудеге толды ақыр,

Көрсем дейтін Қонаев та сонда тұр.  
Ал. екі беті суалып,  
Деміккендей аппақ болып қуарып,  
Жатты, әйтеуір, сапасыздау болса да  
Ұрпағының барлығына қуанып.  
Демге келмей тыныс түк,  
Данамызбен іштей ғана ұғыстық.  
Неткен сұмдық...  
Ұлылықтың құлағанда тауы шын  
Дін заңы ма? –  
Жаңғыртқандай тау ішін  
Айқайлатып үрмелі аспап дауысын,  
Өлгенде де бермей жатыр тыныштық.  
Әруақты мазақ етіп қорлаған,  
Дәстүрімде болмаған  
Ойлап тапқан кәсіп пе? –  
Сүйегін де салып қойған жәшікке.  
Бітеу жәшік тұр неге?  
Кек алғандай мүрдеге  
жасап қойған түрме ме?  
Ғарыштарға көгендеген намысын  
Жүрегіне ғалам сыйған, арысым,  
Қалай сыйдың кіп-кішентай табытқа?  
Табыт – мазақ  
Тұншықтырған тамұққа –  
Жанарыңнан жарық күнді ағытпа.  
Тағдыр қалай тартса солай жүгіндік –  
Көзқарасым шығар бұл да бүгіндік.  
Бәрібір де  
Мезгіл басты мысымен –  
Кінәлап та керек емес, түсінем –  
Дәстүрлердің заманға сай талғамы  
Әруақты құрметтесе болғаны...

1985 жыл.

## ҚАНЫШ СӘТБАЕВҚА

Кен киесі – аждаһа...  
Халық күшті,  
Абай кірген жер астын шабыт қысты.  
Мыстың мысы, мырыштың марапаты  
Жүрегімнен жұмақты жарып түсті.

Жер жүрегі сырға бай –  
жарып тыңда:  
Тарихымды бүркенді халық мұнда,  
Жынның өзін тоғытқан алып мұңға  
«Жарықтың» да көзі осы,  
тамұқтың да.

Жомарттықтың дүбәра нарқы күшті,  
Қызыл ғұмыр жер астын сарқып ішті.  
Құдайды да сананың мысы басып,  
Ыдыратты әлемдік тартылысты.

Есі ауысқан зор күрек ақыры іліп,  
Әруақтар кетер ме сапырылып.  
Еңбегіңнің тіксініп ертеңінен  
Көкейімде көк бөрі жатыр ұлып.

Ертеңімнің әйнегін тағы ысқылап  
тазартып ем,  
былғады намыс құлап.  
Сен берген мыс мылтықтан кейде өзіңе  
Сұқтанады...  
Сездің бе, Қаныш, бірақ?

## МАҢҒЫСТАУДА

Сараң бұлтты иітіп саусақ тағы  
Сергімепті сексеуіл қаусап тағы.  
Жалбарынып Тәңірден не сұрайды  
Кәрі құмның ырсиған саусақтары?

Көксеп өтсе Каспидің мұң бұлағын  
Жел кемірді үмітсіз құм құлағын.  
Самның құмын лаулатып қызғанышы  
Көзін сұғып барады сұңғылы күн.

Асты – мұнай, Маңғыстау,  
үсті – Құдай –  
От пен демнің арасы ыстық ұдай.  
Құмды еріткен қызуын майға шыңдап  
Елдік үшін ер антын ішті құлай.

Бекет пірім кеңейтіп өрісімді,  
Танығанға, десек те, төр ұсынды.  
Мақтымқұл мен Қашаған тағдырынан  
Шерқалаға тарихтың шері сінді.

Жырақ кеткен бұлттарын шың қармаған,  
Өз жағасын шөл қысып дым қалмаған,  
Кейде бекер долданған Каспий сынды  
Мінезі осы халқымның шыңдалмаған



## ОТТЫ ҚАЛА – ӨСКЕМЕН

Тағдырыма тәлкек қып табысымды,  
Жұтты мезгіл тұншыққан дабысымды...  
Бұғылар мен бұлт сүзген қарағайдың  
Қан мен сөлі көшпелі бақ ұсынды.

Кен байлығы көзінен балқып аққан  
Ғасырларды түлетті халқым оттан.  
Күн шығысты сапырған тербелістер  
От сыйлады Күнге де жарқыл атқан.

Отарбадай будақтап жаны ошақта,  
Уақыт көшін қозғады болашаққа.  
Сібірдің де тоңы мен тонын шешіп,  
Құндақтады ғаламды парасатқа.

Сайға адасқан сағымның Алтайдағы  
Жаулады ойын үміттің нар тайлағы.  
Кен жаратқан қаланы сұқ көзімен  
Балқыта алмай тасада өрт ойнады.

Мысы басқан дәуірлер тепті де ірге  
Шынықтырды жүйкесін көп дүбірге.  
Өзіне оқ боп қадалған қорғасыны  
Көзінде еріп, Ертіспен кетті бірге.

Бөгеттермен сүзіскен Бұқтырманың  
Жанарынан нұр емес, шықты ұрладым.  
Жарқылдаған намыспен түнді үркітіп,  
Арпалысқан тағдырын жұқтырмадым.

Арбаса да сағымдар бүгін мейлі –  
Көлеңкелер айлаға сүрінбейді.  
Тау бейнесі әлі де көлден шықпай,  
Жат сұқтанып тұрғандай дірілдейді...

## СЕМЕЙ

Аңғал арман ұйытқан зарын дала  
Емізгенде уланған қарын-қала.  
Кеуіп барады Ертістің екі ішегі  
Сығып сыртқа таситын нәрін ғана.

Қиялына қиянат неке құрып,  
Миын сүзді мезгілдің теке-қылық.  
Сырттағыны сыртынан сыбап тұрып,  
Іштегі де кейде іштен кетеді іліп.

Есерлік пен естілік қанып ішкен  
Семей деген паң қала, дарыны үстем.  
Іште ауырған ібіліс тағдырына  
Жарты ғасыр болмапты жарылыс та ем.

Көлеңкесін ұшықтап көп дуана,  
Көкірегі қондырса көкті ғана,  
Қасіретке шомылып,  
Семей де осы,  
Қасиетке сүртінген текті қала.

## ҰРЛАТПАДЫ ӘЗ АҚЫН НӘЗІКТІГІН...

*Сәкен Иманасовқа*

Толқындары жаныңа сауық құрып,  
Дәру еткен қиялды сауып, күліп,  
Сол Алакөл және ақын табиғаты  
Тұндыратын бір-бірін сауықтырып.

Шипалы өмір жан дертін жазып бүгін  
Жырға сіңіп жылынды «жазықты» мұң.  
Мансабың да жағалап желпіп еді,  
Ұрлатпады әз ақын нәзіктігін.

Қиянат та қиялын тұншықтырып,  
Қытықтады тағдырын қырсық күліп,  
Бірақ, жұмбақ, жайдары болмысымен  
Пенделікті өтті ақын түршіктіріп.

...Сен құламай сезімге,  
Сезім құлап,  
Сұлулықты жоқтайтын сөзің жылап...  
Пейіліңді жастанған пәни түгіл,  
Бақиды да тербеген көзің – жұмақ  
болғандықтан  
Бәрін де өзің жұбат!...

### ӨСКЕМЕН...

*...Шұғыласын шашып шығыстан  
Ағарып атса күміс таң,  
Сырғасын малып Ертіске  
Бір ару жатыр жағада  
Тұлғасын соққан мырыштан...*

**Ұ. Есдәулет.**

Өндірістер отына күйген қала,  
Күйсе «күйдім» демейтін күйбең қала.  
Қорғасындай салмақты тарихына  
Қорғасыны оқ болып тиген қала.

Өр Алтайға кигізген орман қала,  
Мұржа біткен самалын сорған қала,  
Қарт Сібірді қондырған қабағына  
Алпауыттар батпаған қорған қала.

Бұрым болып қос өзен аққан қала,  
Күміс, мырыш шашбауын таққан қала.  
Кең даламды түгендеп,  
Көне Ертістің  
Қос бетіне көпір боп жатқан қала.

Соққылардан ес жиып тұрған қала,  
Елге еркіндік шаңырақ құрған қала.  
Түсті метал рухына шығылысып,  
Шұғыласынан Шығыстың тұнған қала.

### АСТАНА КӨШЕРДЕ

Жанарынан тарихтың дастан ағып,  
Тұншықтырды жанымды жасқа малып.  
Тылсым едім,  
Тынымсыз тіршіліктен  
Бердім тағы жанымды астана қып.

Санамыздан болашақ күліп тұрды,  
Күлкісінен күрделі сыр ұқтырды.  
Тұтқындағы тарихты тітіркентіп,  
Тірлігімде тат басқан құлып тұрды.

Астарында мезгілдің сұрақ мығым.  
Ардың жүгі –  
әділет – тұрақты ұғым.  
Пұшпағына қуалап жетпесек те,  
Жылап тағы тіледік жұмақты күн.

Жаманатқа жарадар сынақ басым,  
Аманатқа сергектік тұрақтасын.  
Жылатпасын мезгілді еш,  
Сенімді оқыс  
Жарамсақтың жебесі құлатпасын.

Қасіретті қиялмен күзеп мүлде,  
Қасиетті құз еттім,  
Күзеттім де,  
Ел ордасы –  
Жұлдызды жер ортасы,  
Ұйытқысы бол намыс пен ізеттің де.

1997 жыл.

## ОБЛЫСТАР КАРТАСЫ

*Балаларға арналған*

*Алматы облысы*

Апортымен таң қылған  
Алатаудың бөктері –  
Желтоқсанда жаңғырған  
Тәуелсіздік көктемі.

Хантәңірі – түсі аппақ,  
Биігінде бай қала.  
Бар қазақты құшақтап,  
Аймалай бер, аймала!

*Ақмола облысы*

Танытсын деп елдігім  
Ұлттың асқақ дидарын,  
Ақордаға мен бүгін  
Көкше көркін сыйладым.

Оқжетпестей тым биік  
Бәйтерек – тәж кигіздім.  
Бурабайдай тұңғиық  
Мұқитты әкеп сиғыздым.

*Ақтөбе облысы*

Білім мұнда дария  
Ұшақ сырын үйреткен.  
Ал, батыры – Әлия  
Жаудың шебін күйреткен.

Батыс, шығыс – екі ара  
Осы жерден беттесіп,

Асты-үсті шекара,  
Жатыр сыртпен шектесіп.

*Атырау облысы*

Бекіrelі, түйелі,  
Ойпаттағы текті елім  
Мақтанады киелі  
Шыңдарымен төкпенің.

Атырау боп таралған  
Жайық кетіп барады,  
Шөл біткенді даламнан  
Шайып кетіп барады.

*Батыс Қазақстан облысы*

Байтақ еткен даламды  
Батыстағы мүйістен  
Біріктіріп ғаламды  
Қос континент түйіскен.

Еуропа, Азиям  
Қазақ болып жаңғырып,  
Екеуі де өз ұям,  
Жасай берсін мәңгілік!

*Жамбыл облысы*

Фосфорымен әйгілі  
Қаратаудың етегі –  
Бауыржандай айбыны  
Жеңімпаздар мекені.

Айша бибі көркімен  
Ару Тараз нұрлана,

От Жамбылдың өртімен  
Шабыттанып тұр дала.

*Қарағанды облысы*

Қаласы көп, кені көп  
Орталықты меңгердім,  
Жезқазғандай жері жоқ  
Кейбір озық елдердің.

Орналасқан даламда  
Көмірдің бас тұрағы,  
Елім түгіл ғаламға  
Жылу шашып тұрады.

*Қостанай облысы*

Амангелді бастаған  
Ереуілдер есімі –  
Бүгінгі ұрпақ қостаған  
Тәуелсіздік бесігі.

Астығымен өңірдің  
Қарық қылған отанды,  
Сапасымен темірдің  
Таң қалдырған жаһанды.

*Қызылорды облысы*

Ел ырысын асырған  
Ақ күріштің аймағы,  
Ұлттың талай ғасырдан  
Бұзылмаған қаймағы,

Көкке құлаш сермеген  
Байқоңырдың етегі,

Дәуір мұнын тербеген  
Жыраулардың мекені.

*Маңғыстау облысы*

Түбектегі ел үшін  
Тарих болып Шерқала,  
Бекет қолдап жеңісін  
Азат болған ер дала,

Байлығым боп жарасқан  
Мұнай деген теңізбен  
Барша әлемге жол ашқан,  
Каспий, сен де егіз бе ең?

*Оңтүстік Қазақстан облысы*

Біздің жақта күн ыстық,  
Одан да ыстық пейілім,  
Далам толы ырыс-құт,  
Жүзімізде мейірім.

Бізде – қайсар Отырар,  
Бізде Нұхтың кемесі,  
Жүрегінде оты бар,  
Ақ алтынды ел осы.

*Павлодар облысы*

Шекараның бабалар  
Екі бетін жайлаған,  
Мәшһүр сынды даналар  
Ел ертеңін ойлаған.

Тұлғаларды түлеткен  
Баянауыл бөктері –



Сұлтанмахмұт жыр еткен  
Өнер, білім мектебі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

Болған жаттың қамалы  
Орнағанша азат күн,  
Енді азаттық тағаны  
Қорғаны етті қазақтың.

Қазағы аздау болса да  
Рухын әлем танитын,  
Сөз қалдырды қаншама  
Ғабит, Мағжан, Сәбитім.

*Шығыс Қазақстан облысы*

Мұхиттарға тым қашық  
Еуразия кіндігі  
Таң нұрына күнде ашық  
Елдің Шығыс түңлігі,

Түсті метал шапағы  
Жарқыратса келбетін,  
Абай, Мұхтар атағы  
Бір сілкіді жер бетін.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІНЕ

Қатал тарих булықса шері мендеп,  
Қарт кесене тағы да тебіренбек.  
Санамыздың төрінен бой көтерді  
Антын Алла, ажарын өмір өңдеп.

Рух сағымын түсірген көзге алыстан  
Тарих шығар мезгілден озған ұстам.  
Сенде жатқан киелі жүрегімде  
Ғаламат бар ғаламды қозғап ұшқан.

Тарихыма тисе де таяқ талай  
Келеді елім күреске тояттамай.  
Сенде қалған ұлылар қалғымайды  
Әділеттің шешімін аяқтамай.

Ғасыр біткен қайталап жаңғырықты  
Шындық ашты тарихтан сан құлыпты.  
Кеңістікке шаншылған құдіретімен  
Кесене тұр үгіттеп мәңгілікті.

Даламда өткен жүздеген дін кезегін  
Жойды ма араб?  
Шомылды мұңға өзегім. –  
Бұл белгіге дейінгі қолды болған  
Тарихты іздеп көнені мың кеземін...

## ҚҰНАНБАЙ МЕН ШАЛ ҚАЖЫ

Ұлы мақсат жүктеген тектілерді,  
Тектілерге жол серік ептілерді  
Мінгестіріп қажыға жол тартқан көш  
Шекаралық бекетке кеп тірелді.

Тіл табысты жол үсті әр халықпен,  
Шекараң да, міне осы, алқа күткен.

Сауап болсын,  
Қалтаңды жеп келеді  
Ентігінді басатын қалқа біткен.

Тәубешілік билеген дүйім – мықты,  
Мертіктіріп келеді қиындықты.  
Мұндай азап көрмеген төрелер де  
Барға шыдап Алланың үйін күтті.

Келер ұрпақ қозғаса ой-сананы,  
Көрген азап әлдіге ой салады.  
Түсер жері болмаса өзге сынды,  
Бәлкім, онда қазақ та жай салады.

Бекетке олар түстеніп аялдады,  
Әркім көрген-білгенін баяндады.  
Тек өзімен алысқан Құнанбайды  
Оқшаулатып барады ой-арманы.

Дәркембай бір болмаған елес тегі...  
Жас тоқал ше,  
осалдау емес пе еді?...  
Кеудесінде ояңды Құнанбайдың  
Шыңғыстаудың мүлгіген белестері.

Емдей алмай іштегі сызаттарды  
Қырсығы көп қиялға ұзап барды.  
Қодар, Қамқа жайынан селт еткенде  
Тергеп жатыр шекара құжаттарды.

Қиянатты тізбектеп шолды ақылы,  
Құжаты да жарамсыз болды ақыры.  
Қылған істің екшеуге оң-терісін  
Қияметке жеткізер жол – қақылы.

Құдай жолы шерінді қойма қылса  
Шекараң да бермейді ойға мұрша.

Пара жүрсе беруге дәт жүрмейтін  
Сәт біледі бағытты қайда бұрса.

Парыз болса өзі үшін бара салмақ  
Түспес еді ойлыға дара салмақ.  
Елге айтқаны – ел үшін барды жұмсап,  
Аман жетсе Меккеден пана салмақ.

Сосын айтып әулие-әмбиені,  
Тіл ұшына жеткенде бар киелі  
Хақтан күткен көмекті Құнанбайға  
Жасамақ боп бел буды Шал жиені.

– Салсаң онда қазақтың бас қалқасын  
Қалған істі келелі жасқа артасың.  
Сала алмасаң сатып ал!  
Ол да сауап,  
Құжатымды ал,  
Несіне бас тартасың?

Текті жерден болғасын,  
(жалын – басым),  
Алланы айтып нағашым жалынбасын.  
Әкем бекер алмапты әйелдікке  
Өскенбайдың қос бірдей қарындасын.

Марқа, Нарша екеуі текті анамыз,  
Дондағұлдан қазір де көп баламыз.  
Бөгелсем де сауапты іс жасайын,  
Алла жазса артыңнан кеп қаламыз. –

...Екі туыс екі елден бірге шығып,  
Іс жасады осылай іргесі нық.  
Шал да ертіп Омарын Ілиястың  
Барып келді қажыға жыл кешігіп.

Сынға, бәлкім, Құнанбай төзе алмады,  
Менменсіген мешіттер көз алдады.  
Дәркембай кеп қопсытқан көңілдегі  
Жолықты ма салмақ боп өз арманы?

Елге иба болғасын көздегені  
Салмақ болар данаға өз кемері.  
Күнә болсын, болмасын,  
Өз мұңына,  
Ол да пәктік белгісі – төзбегені.

Қайтар-қайтпас Меккеден тұнып тағы...  
(Сабыр оны бір сәтке құлыптады.)  
Тазалықтың мекені – Қажыға да  
Ақтара алмас іштегі былықпаны.

Бөліссе де Изғұтты бар азапты,  
Одан да ауыр жүректе нала жатты.  
Ауырлықты тарта алмай қыл өткелден  
Шайқалақтап ғасырлар бара жатты....

### **АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ**

Күйінсе де ол еліне, сүйіп көпті  
Міншіл көзге ел рухын биіктетті.  
Қозғалысты тербеген тебіреніс  
Қозғалмайтын тасқа да сыйып кетті.

Көшіргендей ғаламды нар шабыт бір,  
Дүниемен сырласпай тамсанып құр,  
Тасқа біткен ғылыми қозғалыстар  
Оң-терістің бәрін де қарсы алып тұр.

Төбесінде бүрсе де қамшы күліп,  
Қытықтайды пәниді ар сұғынып.  
Тылсым ойды тықсырып бара жатқан  
Шырқын алды үрейдің таң шұбырып.

Қарсылықтар заңы бас бұрмайды анық.  
Тас тұғырда ол көзді алдап тұрды ойланып.  
Міз бақпайды дегенмен жер айналса  
Ол да амалсыз барады бірге айналып.

Жайламаса жүректі нала тыныш  
Ол да хақтан мұра боп қалатын іс.  
Жаратылыс тамырын қозғап еді ол  
Қозғап барады енді өзін жаратылыс.

Парасатты рухпен әрлендіріп,  
Тұрғызғанда меңдеді нәрден бүлік.  
Жаратушы өнерін дәріптеді.  
Ақын жанын қопарған пәрменділік.

Жазығы жоқ тасты да қажап бүгін,  
Табиғатқа көрсеттік тозақ түбін.  
Ақын рухын бақилық тасқа байлап,  
Пәнидің де қимадық азаттығын.

1994 жыл.

## ТОПАН СУ

*...Елдің екі облысқа қарасты шығыс  
аймақтарын топан су қасіреті жайлады.*

Хақтың ісі мезгілді сайқал етті.  
Қалғып кеткен сананы сайтан өпті.  
Жоғарыға бөгетсіз ел сенімі  
Жоғарыдан бөгетті жайпап өтті.

Жұттан кейін жалт еткен жарық күнді  
Құшамын деп құлаттық алып мұңды.  
Мұң бетінде тағдырлар қалқып өтті  
Каспидегі уланған балық сынды.

Қырсық болды қазақтың әр қадамы,  
«Протондай» бастан бұл тарқамады.  
Селге айналған бұл топан шерге айналды,  
Көрге айналған шахтадай Арқадағы.

Жанашырлық болғасын жырақ мүлде  
Боздағыңды жоқтайсың жылап кімге?  
«Голощекин» сұсы кеп тағы айырды  
Он мыңдаған түліктен бір-ақ күнде.

Табиғат та қызғанып былықты ішкі  
Ақиқаттың тағдырын құлып қысты. —  
Жәңтікейдің сұмдығын көрмесін деп  
Жолдан Боғас көпірін жұлып түсті.

Қызылағаш құрсауын көкке ұшырып,  
Көпірлердің қаңқасын шетке ысырып,  
Су екпіні басына алды азаттық  
Пенделіктің ісіне көп қысылып.

Жаратқасын билікті «ержүрек» қып,  
Жамағатты жылаттық, елжіреттік.  
Снярадсыз талқандап ауылдарды  
Әділеттің «ақ туын» желбіреттік.

Басылмайды шындықтың енді екпіні,  
Барды ескертті мезгілдің меңдеп мұңы.  
Жалған шара тарихты көме алмайды  
Тауысқанмен боздақты жерлеп түбі....

Жасағанмен Ұлыстың құрбандығын,  
Әр тұсында елімнің ырғалды мұң.  
Енді білсек кеш емес,  
Ұлт тағдыры  
Қыл көпірдің үстінде тұрғандығын.

## САБЫРЛЫ БОЛ!

*Армениядағы бауырластарға білдірген  
көңіл толғауынан үзінді. 1988 жыл.*

Танытты да табиғат оғаш қылық,  
Ақыретті шақырды жер асты ұлып.  
Гүл қаланы қопарған күл қаламен  
Зілзаланың тісінде таласты үміт.

Жер-ананың жүрегін жыртып өтіп,  
Қанатында шаттық пен күлкі кетіп,  
Жәудіреген көздерден сол мезетте-ақ  
Ұшып кетті сан арман пыр-пыр етіп.

Амал қанша,  
шара жоқ айтар әлі...  
Сабырлы бол,  
Бәрі әлі-ақ жайқалады.  
Кеткен есең – садақа...  
Тәңір бәрін  
Өліге де тіріге қайтарады.

## БАУЫРЖАНҒА

*(Жалғыз інім – Кәріпжанов Бауыржан  
Әлімғазыұлының рухына)*

Жанарыңда тұншығып жарлы ауылың,  
Сорлы сапар салмақтың салды ауырын.  
Жыртық ойлар жай болмай менде жүрген  
Бір жүректі ықтап ек, жан бауырым.

Жүйкесіне арқандап бар азапты  
Ауыл көші бетке алды қала жақты.  
Көздерінен тамшылап жер киесі  
Жердің шөлін қандырып бара жатты.



Құзға адасқан жалғыз үй – қыстағына  
Жетпегесін хат-хабар пұшпағы да  
Алдырған ем алаң боп,  
Қала құрғыр  
Сыйдырмапты сені де қыспағына.

Ауыз сусыз қыстақты жоқ кернесе,  
Теледидар түгілі тоқ көрмесе,  
Алдырмас ем,  
таусылып сіріңкесі,  
Қатынассыз боранға кептелмесе.

Алдырғам жоқ озбырлар қан бүріккен  
Арамызды бөлсін деп мәңгілікпен.  
Алдырғам жоқ,  
Көшкенде қарақшылар  
Тонасын деп жұрдай қып мал-мүліктен.

Қайда түлік тұяғы сайда тұрмас?  
Құмай тазы, қырандар қайда сырлас?  
Қиялыңды жеткізбей кетті ме екен  
Сен жаратқан тұлпарлар бәйгі асырмас?

Озбырлықты өкшелеп өрт қылығың  
Сыпырған-ед талайдың дерт-тұлыбын.  
Төрт түлігің садақа қолды болған  
Аман болса нәресте – төрт құлының.

Өкінішпен жанымды зерлесем де  
Кеңістікке сыймадық мен де, сен де.  
Жолықпаспыз,  
тағдырдан табыт жасап,  
Өзімді әкеп өзіме жерлесем де.

Заң қалды ма сені іздеп мен бармаған?  
Құтылмадым құлқыннан жем қармаған.

Миығымда мүлгіген Қорқыт көрі,  
Иығымда қасірет елді арбаған.

Аңғалдығың алысып үркекпенен,  
Пенделікке пейілді тіркетпеп ең.  
Елде жүрген екі аяқ, төрт аяқтың  
Жампоз едің тісіне былқ етпеген.

Сақтанып ең қоршаған қасқырдан да,  
Айдалаға әкеткен тасқыннан да,  
Өлтірдік деп содырлар басқа ұрғанда  
Тұрып кеттің ес жиып қас қылғанда.

Мал торыған бейтаныс ұшақтан да,  
Пышақтан да,  
алдамшы құшақтан да,  
Іріден де,  
іріген ұсақтан да,  
Бетің қайтып тағдырың тұсатқан ба?

Биік еді бойындай болмысың да,  
Биіктіктен тағдырың толды сынға.  
Нең бар еді жарылқап,  
орға жықты,  
Жарамсақтың әлдісін, сорлысын да?

Ғұмырымның әлсіздеу тынысы едің,  
Әлсіретіп барасың, інішегім...  
Бір жаралған сенімен жүрегімнің  
Қақ айырды жүрегін ұры сенім.

Сүйегінде тамтық жоқ шайқалмаған,  
Көкейінде не қалды айта алмаған?  
Не сыр қалды булыққан жүрегінде  
Мәйітхана кесіп ап қайтармаған?

Өкінгенмен не шара?  
Өтті бір сын,  
Өтпелі өмір өксітпей шекті білсін.  
Елге оралып қуанған өз әкең де  
Жиырма сегіз жасында-ақ кетті қыршын.

Мезі қылған мезгілдің тосқауылын  
Ысырмақ боп ертіп ем,  
Тосты ауылың.  
Елге асықтың, тағдырың жеткізбеді  
Қош, боздағым,  
Не көрдің?  
Қош, бауырым!

2001 жыл.

### ӘНЕРКЕГЕ

Әнім, еркем – Әнеркем,  
Жаным, өлкем – жан өлкем,  
Қолқанат боп қолыма  
Қонар ма деп әлі ертең –

Ертеңіме сенген ем,  
Алданыш боп келген ең,  
Амал қанша емшекте  
Сүтің қалды ембеген...

\* \* \*

Әнім, еркем,  
Сен кеткелі жылдан асып жығылды –  
Көктеменің көзіне артып мұңымды  
Шер мен жасын жер де ақтарды бүгінгі.

Зираттардың сырласпайтын қаласы –  
Төмпешіктер – Жер-ананың жарасы –  
Жапсарында мәңгіліктің таласы.

Онда пейіл адамға ортақ болғасын,  
Мекендепсің әр сенімнің ордасын.  
Жатсын ба енді,  
Жаратылыс қолдасын!  
Аумин!

\* \* \*

Хабарыңды естіп, Әнерке,  
«Жаным-ай» – дедім –  
..Жүрегіме енген бір күдік  
танымай менің  
өзімді жұлқып қашқанда,  
шынтағым тиіп,  
Сындырып алды аңдаусыз жаным әйнегін.

Шағылды жанның шөлмегі...  
Табыт ғаламын  
Шерімді жұтар ма екен деп бағып қарадым.  
Фәнидің, бірақ, шері емес,  
Шарабы болып,  
Тағдырдың сынық көзінен ағып барамын.

Кеттің де, жаным, қасірет көшінде жылап,  
Қабағы түсті сәскенің бесінге құлап.  
Көзіңнен соңғы мен көрген ғажайып әлем  
Бейіште жансын!  
Ал, мені кешірме бірақ...

1996 жыл.

## АУЫЛҒА БАРҒАНДА

*Қозан атаға.*

Қалада жүріп қазақтың мұңын ескердім.  
Тағдырым қырсық...  
Ауылға тағы кеш келдім.  
Мешітке кіріп,  
Аралап бітпей бейітті  
Келмейді мәнсіз қошаметтерді қош көргім...

Есте еді атам намазбен кірген ақшамға,  
Солардың енді ұлдары кепті тоқсанға.  
Мен кеткенде әлі тумаған жастар жатырқап,  
Ізет қылмаса,  
Жүре алар ма едім бақшамда?...

Отыз жыл бұрын туыстың бәрі бірге еді.  
Жартысы көшіп,  
Қозғады тағдыр іргені.  
Қалғаны жердің қадірін білді,  
Бұза алмай  
Ел деген рух пен кәрілік деген түрмені.

Сол баяғы ауыл...  
Көздерден іздеп көз көрген  
сырласты таппай,  
Байқаймын мен де өзгергем.  
Міз бақпай отыр жер үшін туған асылдар  
Ауылдан өткен дауылға төтеп кез келген.

Келмеске қоймай сағыныштардың ұшағы,  
Бүгін кеп құсың, ертесін қайта ұшады.  
Тондырды нәубет,  
жылы жақ, деме, мекенім,  
Одан да ыстық қарсы алған жұрттың құшағы.

Кеткесін елден жылы жақ, деме, мекенім,  
Тондырды нәубет,  
Жылылық менің не теңім?  
Өртенбей қалсам ел үшін отқа шыңдалып,  
Сол оттың елге қызуын сыйлап өтемін...

### БАЙ ҚАЗАҚТЫҢ КАРТАСЫ

Қызылорда – жайқалған күрішті алаң,  
Қостанай да темірлі құрыш далам.  
Бекірелі Атырау, Ақтау, Орал  
Қара алтынның нарқымен тыныстаған.

Сұлу Көкше мәрттікке жарғы болған,  
Ақмола да жаралған нәр, құнардан.  
Кен биігі – мен, десе, Қарағанды,  
Жер биігі – Алматы, Талдықорған.

Жерді Шымкент, Жезқазған, Өскеменім,  
Түсті метал нұрымен кестеледің.  
Фосфорындай Тараздың жарқырай бер,  
Керекулік ормандай өскен елім!

Жарқыратса Ақтөбе ақ тарысын,  
Ақтылы қой – Семейдің ақпарысың.  
Дәнге оранған Қызылжар, Арқалық та  
Әр халықта болмаған мақтанышым.

### ӨТКЕН ҒАСЫР НАЛАСЫ

*Термеден үзінді*

Мен Абаймын – қоғамға қырсық ақын,  
Жамбыл да мен – құр төккен жыр шұбатын,  
Мұқағали, Жүмекен, Төлегенмін –  
Өз отына өртеніп тұншығатын,

Каныш та мен – алданып барды ақтарған,  
Әлкей де мен – «архив» боп зарлап қалған,  
Мұхтар да мен – қолынан Құнанбай боп  
Тарихыма ғаламдық сор қапталған.

Мұстафамын – жоқтаған елін шетте,  
Димаш та мен – айналған көңілшекке.  
Амангелді, Қара Оспан, Қайрат та мен  
Жаны амалсыз бұйырған келімсекке.

Шәкерім боп ойдан тыс ойға кеттім,  
Күләш боп та түнекте сайрап өттім.  
Қажымұған ем –  
амалсыз Ресей болып  
Алып ұрып ғаламды қайран еттім.

Әлиямын, Мәншүкпін – жан ұсынған,  
Өз Түрікпін – елінен сағы сынған,  
Шығанақпын, Жазылбек, Ыбыраймын –  
Елім қызық көрмеген табысымнан.

Ұлт тұғырын кеп еді биіктеткім –  
Әлихан боп, Ахаң боп күйікте өттім.  
Сәкен, Мағжан, Илияс, Бейімбет боп  
Ұрпақ үшін жанымды қиып кеттім.

Сұлтанмахмұт, Сәбитпін – қыршын едім,  
Жаяу Мұса атандым – күрсінемін.  
Мұхаметжан, Жүсіпбек, Міржақып боп  
Ғұмар боп та мезгілден түршігемін.

Халел, Ораз, Ұзақбай, Тұрар, Жанша,  
Темірбек пен Сымағұл шығар қанша?  
Зұқа, Тоқаш, Бекболат – бәрі де біз,  
Тірілмейміз әділет құп алғанша.

Қасым боп та күншілден құр қамықтым,  
Иса боп та мұнымды жырдан ұқтым,  
Рақымжан боп еленбей тіккен туым,  
Бауыржан боп бәрінен құр қалыппын.

Әміре боп әлемді мұңсыз еттім –  
деуші-ем,  
бірақ, Шәмші боп құнсыз өттім.  
Тағы кім боп? –  
Түгендеу мүмкін емес –  
Шырмауынан тірілдім мың сүзектің.

Тірілмеген көп әлі, бірақ та, арман,  
Кімге керек өлгесін құр ақталған?  
Оятпа енді қалғанын,  
Тынықсын деп,  
Қорғай алсақ сұркия сұрақтардан.

### ЖАУЫНГЕР ҚАСЫМ

*Қ.Аманжоловқа*

Қантөгіске салмаса хақ сынағы  
Мысын оның күншілдік жатсынады.  
Мәжбүрлеудің шегіне жеткен ақын –  
Нәзіктіктің бұлтартпас нақ сынабы.

Науқас еді,  
кетпеуге жоқ талабы...  
Соңғы демі ел үшін аттанады.  
Жаны адалда болмайды бүтін жүрек,  
Соғыста да бұл аздай оқ талады.

Бақталасы куса да бауыр дескен,  
Дауылпаз боп қайтты ақын дауылда өскен.  
Өзі бармай, оны айдап сытылғандар  
Бір сынақтан қағылды дәуір кешкен.



Қирағанда ақынның оқтан іші,  
Оқпен ішке сананың өтті ағысы.  
Жан толғағын жаһандық үрей қозғап,  
Туды әлемнің тарихта жоқ намысы.

Күллі әлемдік соғыстың сайтаны елді  
Іріте алмай,  
сананы шайқап өлді.  
Күллі әлемдік рухты алып,  
еліне ақын  
Күншілдікті тықсырып қайта келді.

Құтқарғанда әлемді текті ақыны  
Әлем сыйған қаланың тепті «ақылы».  
Астанаға сыймайтын алыптығы  
Ақыретті әурелеп кетті ақыры...

Тепкісінен тәлкектің текті көріп,  
Кектің ащы жасына кеттік еріп.  
Мәңгіліктің құшағы сыйдырмаса,  
Бақиды да бар мен жоқ кетті керіп...

### **ЗАМАНБЕК, АЛТЫНБЕКТЕР...**

Әділеттің құлы едім, қаны – қазақ,  
Сондықтан да кемірді қалың азап.  
Мақтау, даттау болғанмен жаныма жат –  
Шешімі жоқ зұлматтың бәрі ғажап,

...Соңғы демі шындықпен қатар ұшқан,  
Гайып болды қанатты екі арыстан.  
Өлмес еді...  
Мезгілді қисынсыз ғып  
Жаратпаса Хақ деген қатал ұстам.

Әділеттің ығына бой жасырып,  
Барасындар, боздақтар, қайда асығып?

Бір-біріне «пас» берген ойыншылар  
Бүгіп қалды шындықты айла асырып.

Көзқарастар таласа әр тұсында  
Өлшенбейді шындықтың нарқы сында.  
Екі арыс та жалғады тарих көшін  
Бітіспейтін топтардың талқысында.

Басқан ізін шаң емес, нала көміп,  
Тоқтатпады жорығын «қара көлік».  
Тірі әділет тірліктен тұрақ таппай  
Арыстардың көзінде барады өліп.

Пенделігі жоқ қазақ әуелде түк  
Енді өзіне жармасты,  
Жау ел кетіп.  
Уақыттың тағы да есі ауысты  
Адам жанын нарыққа тәуелді етіп.

Бастан шіріп, мезгілді жылатты алаш.  
Елім қалды жауапсыз сұраққа мас.  
Ақиқат та, жалған да енді осылай  
Ақыреттің көзіне тұрақтамас.

## МАЛАЙСАРЫ БИДІҢ СЫРЫМҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

Атойлап айбынды ойы қын ішінде,  
Теңселіп зілді тарих күлісінде  
Атақты Малайсары ер Сырымға  
Былай деп бата берді тірісінде :

Армысың, кие қонған Даттың ұлы !  
Қозғайтын көкейімді таптым іні.  
Сұсыңмен көтеріліп ат дүбірі,  
Мысыңмен шайқалыпты тақ тұғыры.

Тананың жөн сұрадың нарқы аманда –  
Мен емес Қарақұнан, Қалқаман да,  
Бессары, Жиёмбеттен, Ахметтен  
Таппайсың Асан атты алқадан да.

Қараман – тегім,  
бірақ алаш едім,  
Халқымның жазылмаған жарасы едім.  
Сен айтқан қызымыр да, қыдырма емес,  
Бір елдің қазына қарт данасы едім.

Қанағат орнасын деп ел ішінде,  
Ең алғаш жібiгенiм сен үшiн де –  
Қайтарып он төртінде ердің құнын  
Әлімді тоқтатыпсың келісімге.

Жаманнан жақсы туса сүйіндірді,  
Жақсыдан жаман туса күйіндірді.  
Ер құнын жаста жайсан дауламаса,  
Жастықтың құны болмас тиын құрлы.

Қазақтың ымырасыз тірлігіне  
Тосқауыл өздеріңмен кірді, міне.  
Намысың жат қолында кетпес үшін  
Жаршы бол қарайғанның бірлігіне,

Аумин! – деп жүрегіне сол құжатты  
Таңбалап батырды би жолға ұзатты.  
Қарт тарих қиялына жалау болып,  
Желбіреп бара жатты жалғыз атты.



## ЖІБЕК ЖОЛЫ

*(әні бар)*

Маңғаз дала миықтан күлген,  
Мұң көңілді жұлмалап ашып,  
Үміт тербеп ұйытқан жырмен  
Көш келеді ырғала басып.

Тәңіріне таңданатындай  
Босқын күдік меңдеп барады.  
Бөз артылған нар ғана тынбай  
Боз даланы тербеп қалады.

Көш қарасын қаңғыртты шағыл,  
Төгіледі лаулаған аспан.  
Ақша құмның албырт құшағын  
Ақ сағымдар қаумалап ашқан.

Ізет қылып ізгі алғысқа сыр,  
Аңғал арман күліп қарады.  
Керуендей мұз жарғыш ғасыр  
Тас тарихты тіліп барады.

Қаратаудан қап-қара шеру  
Қарауытып, Сырға беттеген.  
Жол қожасы жатқа да сену –  
Жұмбақ шығар жырлап өтпеген.

Боз інгеннің кермегін еміп,  
Боздайды әлі бозарып аспан.  
Бағзы дәуір керуеніне еріп,  
Барады өмір базары қашқан...

1989 жыл.

## АҚСУАТ

*(әні бар)*

Ақша бұлттан әрі асқан,  
Ай жұлдызбен таласқан,  
Тарбағатай – құт мекен  
Ынтымағы жарасқан.  
Көңілдері түп-тұнық  
Елге бітсе мықтылық.  
Жатыр далам ғаламға  
Тектілікті ұқтырып.

Пейілдері – ақ шуақ,  
Суаттары – нақ шұбат,  
Жарқырай бер, қазақтың  
Иісі аңқыған Ақсуат.

Жадыратқан тірлікті  
Базар, Боғас, Кіндікті,  
Қарғыбаның бойынан  
Түлейді екен кіл мықты.  
Сыр жасырған әр тасы –  
Бөртостаған жартасы –  
Ғаламда жоқ даламның  
Тәңір таққан алқасы.

Береке мен бақ, қуат  
Дарыған жер Ақсуат.  
Сенде өткізген бір күнім  
Мың күнімнен жақсырақ.

Қыз жаралса намыстан,  
Ұлы – кілең арыстан,  
Қазақтығын сақтаған  
Біздің дала данышпан.

Жат көңілін жықпаған,  
Жарастықты құптаған,  
Амандасқан қонағы  
Ауыз түймей шықпаған.

### ҚАЖЫТАЙ АҒАҒА

Нокта сырын ат түгілі, айғыр ұқты,  
Бұл ұғымның жібіне тай да ілікті.  
Танытса да аламан сәйгүлікті,  
Танытпайды кейде оған сай қылықты.

Намыс қана илікпей қамшыға әлі,  
Ар көзінен ақиқат тамшылады.  
Әділетті мысқылмен аршығалы  
Тұяғыңа оралып шаң шұбады.

Болмағандай жадырап мұндайда түк,  
Жаның жырдан жатса да мұң қайнатып,  
Сұлу саздың көзіне күнді ойнатып,  
Қиялыңды жаңғырттың сырнайлатып.

Дәл осындай мұқалмас дені мықты  
Жампозына жалғаса ел үмітті,  
Жүйкесімен қайыспай көтерсін деп  
Берген шығар Тәңір де серілікті.

\* \* \*

Сәні кірсін деп жыр атты жұтаған үйдің,  
Жыртығын жамап өзімше, отын көседім.  
Көз – дариясына шомылып Мұқағалидың,  
Көңіл саумалын сімірсем, өкінбес едім.  
Көңіл – айнадан құлпырып сылаңдайды арман,  
Сылаңдай қалған бұл елес тұмандай жалған.  
Жерлемек едім жүрекке, еш шығармай жолдан,  
Жаңғырық тамып санама шыдамды ойлардан,

Мәңгіріп барып жидым да ес, жылауға айналғам,  
Үскірік мұңның ұлпасы қылаулайды алдан...  
Дерт пе бұл жұққан Фариза, Тұманбайлардан?!

## ЖАНАРЫМНЫҢ ЖАРЫҒЫ МЫҢ ТІРІЛДІ

*Ақын Несіпбек Айтұлына*

Сескендірді шандатып шабыт көпті,  
Құмырасын тарихтың шағып төкті.  
Нес-ағандар адасып жүрегінен  
Қозғалысты сан мәрте қағып кетті.

Күн орнатып қуанттық тесіп көкті,  
Мәңгіліктер жөңкіліп көшіп кетті.  
Сәулесінен шабыттың құрастырып,  
Жинады өмір қаншама Несіпбекті.

Қайта-қайта көтеріп кірпігімді  
Жанарымның жарығы мың тірілді.  
Мұңаймас-ты дүние сіздей бәрі  
Жамап жатса жанымен жыртығымды.

## АҚЫН ДОСЫМА

*Бағдат Телтаевқа.*

Өлеңді еркін игердің,  
Өнер дертін сый көрдің,  
Еңбек деген күйбеңнің  
Ептісіне үйлендің.

Ғылымның да бір қамы  
Бізден сені ұрлады.  
Бір сұлуға сүрініп,  
Болдың сезім құрбаны.

Күйбең деген құмалақ  
Баратса да дұғалап,  
Мені де ескер,  
Жастықтың  
Әйнегінен сығалап.

### АСҚАР ЕГЕУБАЕВҚА

Биіктерді қылғытқан аласа мұң  
Жанарында мертікті ала сағым.  
Қиялыңа өзінді жайғастырды  
Аян беріп Қашқари, Баласағұн.

Сеніміңді сақтарға сауыт қылдың,  
Түркіліктің түбіне сауық құрдың.  
Тарих кезген жорықтың соңғысында  
Мәңгілікті ішінен жауып кірдің.

Құлыптарға тұншыққан ғұрыптардың  
Есі кіріп, жеткенде сұрыптар күн  
Ақиқатты қызғанып пенделіктен  
Тасасында дәуірдің тұрып қалдың.

Пәни, бақи өлеңнің шеңберіне  
Сыйып кетсе – шыққаның сен де өріне.  
Көп зерттеп тарихты, енді өзін де  
Сол тарихтың іліндің шеңгеліне.



## ӘУЛИЕ

Сенер-сенбес тіршілік, бірақ та, оған  
Ел ойлаған көп қиял – сұрақ маған.  
Сенбесем де,  
сиқырға тағзым еттім  
Дәрменсіздер ойына тұрақтаған.

Жоғалсақ та тарихқа біз ғұрыпты,  
Жібітуге тырыстық мұз құлыпты.  
Санамды әлі уақыт қамшылайды  
Бар мен жоқтан іздетіп ізгілікті?...

## АЙТЫСТАҒЫ «ХАЙЛӘЙЛІМ...»

Тепкілеп сахна емес құлыпты мұң  
Бұзды да ашты есігін қылықты күн.  
Тепкілеп жеңілістер тосқауылын  
Жеңісті жарқ еткіздің жұлып бүгін

Шабыттың ағыт тағы шүріппесін!  
Тепкіле еденге аяқ ілікпесін!  
Тепкілеп уақыттың тозаң басқан  
Санадан сырғыт тағы сілікпесін!

## ТАЛАПТАНҒА

Миығында мүлгіген ұлық арман  
Пәни, бақи арасы – ұлы қорған.  
Құбылыстар ішінде ұры жалған  
Іштарлығы мәңгілік тірі қалған.

Шұғыладан туды өмір қарап таңға,  
Таң сабыры жайқалды тарап қанда.  
Қиғаны үшін нұрлы өмір Талаптанға  
Жаратылыс алғысы жаратқанда....

## БАЛАЛАРҒА АТ ҚОЯМЫН ЕНДІ ӨЗІМ...

\* \* \*

*Аружанға.*

Үйдегі ерке тұңғышы мен соңғысы,  
Ал, баланың ортаншысы көнбісі.  
Олжаға екеу таласқанда,  
Саяқтау  
Ортаншының жоқ амалсыз онда ісі.

Ортаншыға жанның сыйлап бесігін,  
«Жанөлке» деп қоймақ едім есімін,  
Бұл атты ұқпай жатсынды ма әулетім?  
«Аружан» деп түйді өзіндік шешімін.

Бұл да дұрыс,  
Бірлікті ұрпақ үлгі етсін,  
Ойлары ұқсас нәзік жандар бірге өтсін!  
Саналармен сыйыспаған баз кешіп,  
Саяқ ғұмыр тек менімен бір кетсін!

\* \* \*

*Бауырғазыға*

Жүрегімде бықсып жатса білте-мұң  
Жанып бітпес шерді қалай іркемін?  
Марқұм інім – Бауыржанның «бауырын»  
Өз атымның «қазысына» тіркедім.

Сен де солай «Бауырғазы» атандың,  
Сөне алмаған сорлы шақтан от алдың.  
Енді сенің табаныңның астында  
Қош айтысса жарар еді катал күн...

Жөргектенмін жаратылыс жаншыған,  
Жаратылдым шерге толы тамшыдан.  
Сыбағам да бұйырғасын қамшыдан,  
Ниет те көп түбі құрғап қаңсыған.

Өссең, ұлым, өзегімнен от күре,  
Әділеттің анты болып көк тіре.  
Саған мені көшірсе де тәңірім,  
Тағдырымды көшірмесін деп тіле!....

### НӨРЕСТЕ ЖАЙЛЫ ТҮС

*Ауылғазыға*

«Тартынба,ғұмыр, тартынба!  
Намысы биік нар тұлға  
Жалғасып келеді артымда,  
Назар сал, мынау мәрт ұлға!»

Үміт пен күдік тұрса улап,  
Түсімде туды бұл шумақ.  
Қалғанын есте қалдырмай  
Көзімнен ұшты жыр шулап.

Оянып түсті өшірдім.  
Қиялға сосын көсілдім.  
Жорытпай енді ешкімге,  
Өңіме келді көшіргім...

\* \* \*

*Жанөлкеге*

Кіршігі жоқ болмысыңнан, қарашы,  
Гайып болды көңілімнің наласы.  
Мендей әке – бес баланың панасы,  
Қойса атыңды кімнің болар таласы?

Затыңа сай қойсам атты, еркешім,  
«Жанөлкем» боп, жүрек қылын шертесің.  
Мен, өйткені, таныдым да таңдандым  
Сенен көріп өз жанымның өлкесін...

\* \* \*

*Азатжанға*

Тұтқын ойдан азат қиял самғайды,  
Оған мінсең қиял да азат болмайды.  
Қыз болсаң да Азатжан деп ат қойдым,  
Ықылас та ізгілікті жалғайды.

Ғасырлардың тасасынан құлшынып,  
Еркіндікке тәубә дедік күрсініп,  
Бақида да пендеге ерік бермейді  
Бір Құдайға құлшылық.

Азаттықтың тойы үстінде туған қыз,  
Тойды тарих көз-жасымен жуғанбыз.  
Бодандыққа бой үйреніп кеткесін  
Баста ерік бар ма, жоқ па, –  
«Думанбыз»...

\* \* \*

*Жансәулеге*

Айсәуле атаң оққа ұшты,  
Сұм соғыста ерледі.  
Жания апаң кек құшты,  
Жарын күтті, келмеді.

Бірін-бірі аңсаумен  
Болмады үміт нақ тұрақ.  
Саған қидық, Жансәулем,  
Екі есімнен ат құрап.

Өз атаң да шырқаған  
«Жансәуле» әнін ескеріп,  
Нағашыға бұл қадам –  
Болсын дедік естелік...

### АЛТЫН ЕМЕЛ

Жел еріктен айырса құмы сабыр  
Таппайтұғын тұрақсыз тірі шағыл.  
Арасынан жүйткіп жүр жан бітіріп  
Тарих деген ұлы да ұры сағым.

Құбылмалы пәнидің серуені –  
Кескілескен намыстың шеруі еді.  
Тұнып қалды Жетісу тағзым етіп,  
Тұрып қалды Шоқанның керуені.

Ғарыштың да намысты нарқын емер  
Тұрып қалды бір асу даңқы кемел.  
Жел еріктен айырып құшқан сайын  
Құм бүркене жығылды Алтын емел...

### МӘҢГІЛІКТІҢ КӨЗІНЕ ТҰРАҚТАСЫН

*Бейбіт Құсанбековке.*

Төтеп берген боранға кіл мықтының  
Тұрағы еді – жағасы Кіндіктінің,  
Көмейіне тарихтың тұрып қалған  
Бөрітостаған көзінде шындық мығым.

Бұл ғажапты бергесін жұлдыз-ғалам  
Жұмбақ болып түледі Ырғыз бабаң.  
Сол өлкенің ғарыштық киесі еді  
Пенделікке жаныңды бұрғызбаған.

Мәңгүрттіктің тазалап талай түбін,  
«Тіл» күмбезін шындықтан қалайтұғын  
Көрерменді үйірген экран да  
Кейде өзіңе жымыып қарайтұғын.

Қыл өткелі тағдырдың құлатқасын –  
Қылығына фәнидің сұрақ басым...  
Экранға сыймаған бар қиялың  
Мәңгіліктің көзіне тұрақтасын!

### ҚЫЗЫЛКЕСІКТЕ

Отау тігіп ұлдарың, Қызылкесік,  
Ошақ құрды дегенмен қызың да өсіп.  
Табан тіреп тоқтапсың мұң тірлікке  
Тауқыметтің тағы да сызын кешіп.

Мезі мезгіл қиналды мың ойланып,  
Мұң көзінде толқыды лайланып.  
Жарты қойың – жартылық...  
Жанармайсыз  
Арбаның да оралды күні айналып.

Шамасы жоқ кетуге қызың қолдан  
Оқу қуған түлектен үзілді арман,  
Ет пен жүнін арқалап кемпір-кешек  
Тірнектеп жүр тірлігін ұзын жолдан.

Шабындықта шалғы ұстап терлегендер,  
Жалақы алып теңгемен көрмегендер,  
Қиянатты қиялмен жерлегендер!  
Сендерсіңдер – ел үшін ерлегендер  
Сендерменен қажымас ел – кеменгер

Үлкен түгіл, бауырмал жас баласы –  
Қызылкесік – бірліктің астанасы.

Жер киесін көтерген төзімділік  
Болсын тағы ерліктің бастамасы.

Шет Боғастың суындай бөлшектеніп,  
Тауқыметті тартса да ел шеттеліп,  
Ауыл көшіп жатса да жүрген жерде  
Рухымызды мезгілге өлшетпедік.

1995 ж.

## ТАРБАҒАТАЙ ЖОТАСЫ

*Дәулетке*

Суырлы тау – байлық бұл сыры басқа,  
Суыр өзін байлық деп жылымас та...  
Ін ішінде шыңғыртса үрей бәрін,  
Алапат тау суыр боп ұлымас па?

Сен де, Өкпеті, биіктің бір сілемі,  
Құшағыңда ғасырлар күрсінеді.  
Жан дертіңді сездірме,  
Сезіп қалса  
Ажалдың да жүрегі түршігеді.

Жынды мезгіл о бастан қасыңда еріп,  
Сұқтанса да рухың жүр – басың берік.  
Ақ шашыңнан сипалап бұлт жылады,  
Мың жылаған Боғастың жасын көріп.

Дидарында ызғарлы күлкі бекіп,  
Жер де айналып барады шырқы кетіп.  
Тік мүйізді шыңдарың бірге айланды,  
Кеңістіктің кеудесін жыртып өтіп.

Тірі тарих – сендерсің, қарлы шыңдар,  
Жыртқыш фәни өршіткен қарғысың бар,

Қарғысыңа қайралған аң-құсың бар,  
Сыр алдырма, тағы айтам, арлысыңдар,  
...Армысыңдар!

## ПАРАСАТТЫҢ ЖАЛҒАСЫ ЕМЕС ПЕ ЕДІК...

*М.Тәшеновке.*

Түнекте де түлігі өрістеген,  
Ұлттық рухы тілдескен періштемен,  
Тектіліктің тұғыры – Тарбағатай  
Тумасынан айырылды Мелс деген.

Қоштасса да жамағат қайғырып тым,  
Шамшырағы сөнбесін бойда үміттің.  
Тарихымнан сұлтандық рух дарыған  
Тұяғы еді ол қанатты сәйгүліктің.

Қимады Алла бізге де сүйікті ұлды,  
Тұғырды оған мәңгілік биік қылды.  
Бұл пәниге сыймаған күдіреті  
Шексіздіктің шегіне тиіп тұрды.

Тосын хабар жалғаса жұрт құлағы,  
Көзді нөсер, көңілді бұлт қылады.  
Шексіздіктің шегін де қақ айырып,  
Ізгілікті жаудырды ұлт қыраны.

Біздің тағдыр өзара сабақтасты,  
Бал дәуренді жетімдік тонап қашты.  
Қиындықта қол ұшын берді ағамыз,  
Бәрі де өтті,  
Уақыт қабақты ашты.

Жетімдікке қолды боп нәрестелік,  
Болашаққа «құрдымнан» елестедік...



Біз өлмедік,  
Өйткені, мәңгі өлмейтін  
Парасаттың жалғасы емес пе едік?!

### КӨКТӨБЕ

Салды арманшыл көңілім отқа елегін,  
Әйтсе де елден, сағыныш, шеттемегін.  
Байыз таппай Боғастан балалық шақ,  
Кеткен қуып балығын Көктөбенің.

Өзен – тарих – Көктөбе өр тынысты,  
Қан жұтып сан, қайғының өртің ішті.  
Балалығым сүңгіген тұңиыққа  
Енді үңіліп қарасам қорқынышты.

Өскен сайын көңілім биікке алаң,  
Тереңдікті амалсыз қиып барам.  
Қашықтықтың арасын дүйім көрмей,  
Кеңдігіне жанымның сыйып қалам.

Тұңғықты қалдырсам бекер ұмыт,  
Жұбата алмай тарихты кетер үміт.  
...Астаналық Көктөбе жотасына  
Аспа жолмен барамын көтеріліп.

1982 жыл.

### МАЙЛЫШАТ ЖОТАСЫ

*(Екі түрлі аңыздан)*

1.

Ұялшақтап жел жұлқыса еңістен  
Тау да етегін қымтай түсті егіспен,  
Гүлдің лебі жасырынып мұрныңа  
Кеңсірікпен, кейде ойыңмен өбіскен,

Көрмегенсіп бұлтқа кірген Ай құсап,  
Ғашықтарға сыйлап келген жайлы сәт,  
Боранбай мен қалмақ қызы отасқан  
Махаббаттың мекені еді – Майлышат,

Ер тойында жеңіс тербеп жер-көкті,  
Майлы шат боп малдың майы селдепті.  
Май тұтанса тарих талай алаулап,  
Шұғынықтың қызыл шоғы сөнбепті.

Май төгілды биікке де, жыраға,  
Мал шығыны құрбандық па,  
Күнә ма?–  
Малды аямай жанды аяған жараннан  
Парқы жұмбақ хақтың ісін сұрама...

2.

Кеудесінде қалғып кеткен кешегі  
Бізге жұмбақ – шерлі тарих есебі...  
Майлы батыр қорғағасын жоңғардан  
«Майлышат» боп атаныпты деседі.

### АЛАҚ ҚОЙНАУЫНДА

Қызылдарға тақта орнатып үлгірдік,  
Үлгірдік те тілді тістеп ділгірдік.  
Ел намысын алма кезек жаншыды  
Тәңір берген білместік пен білгірлік.

Қыр астынан әрілі-берілі жұлқынып,  
Қызыл таңның басы кетті қырқылып.  
Қызарактап тіл қата алмай тарихқа  
Қызыл іңір қынға кірді қылқынып.

Жөргегінде жаралы өмір тұралап,  
Өз тағдырын жұбата алмай тұр Алақ.

Көк аспаннан өзін іздеп сығалап,  
Көк туынды боямақ боп әр түске  
Тасада жүр кемпірқосақ – сұғанақ.

### ШЕШЕМНІҢ ЖАУАБЫ

*– Шеше, жасыңнан сенің «Тыныштық»  
деп атыңды атасам да, есейе келе не  
дерімді білмей өзімнен өзім қысыламын.  
Неге басқаша үйретпегенсің?*

– Әкесі бар баладан қалыс қылман, –  
Деп сені атаң өз атына ауыстырған.  
Мені әу баста ол сезімтал жүрегіңе  
«Тыныштық» деп, жеңген деп таныстырған.

Еркелетті жан атаң,  
Аптықпа енді,  
Орынды сөз, оқасы жоқ түк те енді.  
Қайтқан-ды атаң,  
Әйтсе де, балаңмын деп  
Айтпауың да жаныма шаттық берді.

Ілтипатты бүркеген өкіл есім –  
Құлақ нәрі,  
несіне өкінесің?  
Көрген көзге қысылмай қайталай бер,  
Жақсылықтан басқа жұрт не тілесін?

...Сұрапыл жыл сұрынан сұс төгеді,  
Жер-анаға ентіге тістенеді.  
Қуаныш пен қайғының тасасынан  
Біздің үйге бір хабар түскен еді.

Қаралы хат...  
Үмітгер әлі өшпеді.

Суға кетті дей ме екен жан ескегі?  
Ерсіз қалған анамды жұбатқан да  
Сол кездегі шыр еткен нәресте еді.

«Шалшығында қайғының әмір кештік,  
Кеше тұра өзара «сабыр» дестік,  
Ол іңгәлап, сен қоса жылағанмен  
Азалы үнді жарытпас Тәңір де естіп.» –

Деп тоздырып жұрт күн-түн есігімді,  
Тоқтау айтып шешеме неше үңілді.  
Жеңіс лебі ескенде тыныш елге  
«Тыныштық» деп қойыпты есімімді.

Сұр далаға сұсты елес қош деді де  
Содан мәңгі келместің көшті еліне.  
Өкінбе, ұлым, сондықтан «Тыныштық» деп,  
Ана ұранын қайталап өскеніңе.

1985 жыл.

\* \* \*

*Шолпан ана рухына.*

Сары далада соқты боран апта бойы тоқтамай,  
Сергелдеңге түсірмесе жарар еді көпті олай.  
Алматыдан ауыл деген ұлы ошаққа жеткенде  
Сырттағы аяз сыртта тынып,  
жан дүниеме соққаны-ай!...

Туыс көші қозғалды ма? –  
түн қойнына көшті іңір,  
Алдыңғы топ озған сайын  
артта әлсіреп өшті нұр.  
Қимастық та бірге кетіп баратқасын сендермен  
Сыйластыққа сабыр еткен ұрпағыңды, кеш, ғұмыр!

\* \* \*

*Марқұм Махамбетов Мақсатқа.*

Алатауды бетке алып жырақта әсем  
Ақтөбеден кетсең де жылап бәсең,  
Қайта оралдың сағынып.  
Көргеніңді  
Жеткізе алмай жатырсың бірақ та сен.

Ізетіне ілескен ірі сенім  
Сен тірі едің,  
Тірінің тірісі едің...  
Аңсап келген еліңнен  
азалы топ  
Қайда әкетіп барады, інішегім?

Жеткізбеген сорлы ажал көзге елесін –  
Жиырма бес жас шықпаған боз белесің.  
Сені ілді де  
Жұртыңның көз-жасына  
Кетті тағдыр жүйткітіп өз кемесін.

Балаушы едім алтынға әр ізінді,  
Қол қысқарак...  
Қысқаның бәрі жынды.  
Күйеу жұрт деп өзіңе пайғамбар боп  
Жарытпаппын өтеп те парызымды.

Тірліктенбіз, амал не, айтары – мұң.  
Сұрап келмес ажал да – сайқал ұғым.  
Жоқ, ол да бір сын шығар заңы басқа  
Қияметте бір өтейтін қайтарымын.

## БЕСМОЙНАҚ МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ

*Досым Бектұрсынға.*

Жиырма жылда кетсек те біз де есейіп,  
Ізгі арманның соңынан із кесейік.  
Балалықтың бір сәтін еске алуға  
Бесмойнаққа келіндер, жүздесейік!

Жүректе өскен сезімнің түйір дәні  
Жанарыңда жайқалсын,  
Жиыл, қані,  
Бұғымүйіз, Жетімсай арнасымен  
Қуаныштың тағы да құйылды әні.

Толқындардың көздегі белесіне  
Қалқыған ой көңілдің кемесі ме?  
Жиырма жылдың табы жүр тайғанақтап  
Балалықтың біздегі елесіне.

Бір топ едік,  
Бір ауыл жалғастырып,  
Бал күндерге жетті ұрпақ малдас құрып.  
Жиырма жыл да тарихты жасайды екен  
Буындарды буынға алмастырып.

## БАЛУАН ДОСЫМА

*Қазақстанның спорт шебері  
Халық Қожахметовқа.*

Әй, балуан досым-ай, тым аңғалсың,  
Қадіріңді білгендер сыр аңғарсын!  
Білмегендер сан мәрте сүріндірді,  
Жолда қалса аңғалдық – «күнәң» қалсын!

Мейірбан қып жаратса сүйектіні  
Өктемдікті сілкиді жиі екпіні.  
Қанжар да кеп кеуденді тесіп өтті,  
Тәңір, бірақ, сақтапты ниеттіні.

Досынды ұрып, намысты ел жерлесе де  
Жүректілер дәл сендей селбесе ме?  
Сонда сынған аяқты елемепсің  
Жылдар бойы қалпына келмесе де.

Балконынан қыздардың мен де құлап,  
Емханадан тұрғыздың демде жырақ.  
Қайыр – сауап дегенмен  
қадірі жоқ  
Аңғалдығың қауіпті,  
Емде, бірақ.

### **ТОЙ КӨКЕСІ – ҮЙЛЕНУ**

*(әзіл)*

Бесік тойың өткенше  
Тіл мен көзден қорғанып,  
Қоныстойың жеткенше  
Қаңғырасың, ол да анық.

Тұсаукесер – ол да мұң –  
Жіп аяқты қысады.  
Сүндет тойда молданың  
Қорқытады пышағы.

Мерейтоймен жаңғырып  
Жылдар жылап көшеді,  
Ал, үйлену – мәңгілік  
Тағдырыңды шешеді.

## ЖАС ШАҢЫРАҚ ИЕЛЕРІНЕ ТІЛЕК

Жас шаңырақ!  
Қабыл алсаң бір тілек –  
Қалса аңдамай жандарыңда кір түнеп  
Сол пәлені қабақ шытпай сол сәтте-ақ  
Алған дұрыс бір-біріңнен сілкілеп.

Сендерсіңдер – екі ауылға бір өткел,  
Киелі елдің бірлігі етіп түлетті ел.  
Сыртқа естіліп ыдыс-аяқ сылдыры  
Ауырмасын ақ сүт берген жүректер.

Реніш түбін сабыр ғана қозғасын,  
Сәби келсе жүйкесі оның тозбасын.  
Не сәтте де айырылмауға мәжбүрсің  
Екеуінді бір-біріңе жазғасын.

Жеңе алмаса мінез деген еркені  
Қырсықтының өзіне жау – ертеңі.  
Бет жырттыспай кім сабырға жығылса  
Сауап – сонда,  
Өрістейді ертеңі.

Берсе де Алла үйленуге кеңдігін  
Жаратпапты екі адамның теңдігін.  
Үй болудың заңы да енді –  
Сабырмен  
Жеңе білу бір-бірінің кемдігін.

Бұ дүниеден бірі кетсе дәм құрып,  
Қайта үйлену қиын да емес таң қылып.  
Ұрпағын да өгейсіткен жұртынан  
Ондайларға тозақ оты – заңдылық.

Шын сүйсе егер дәнеңе емес қалғаны,  
Мойытпайды тұрмыстың да салмағы.



Ең бастысы – бір-бірінің аңдамай  
Көзін алдап адаспаса болғаны.

Сұлулықтан сорлайды адам сорласа,  
Берік болсаң,  
Қатерлі емес ол да аса.  
Ал, махаббат қорқынышты  
Тек сонда –  
Бір-бірі үшін қызғанышы болмаса.

\* \* \*

Жүректі жұлқылап барып,  
Ойды үміт шырқыратты анық.  
Жанның сен кілтін ап қалып,  
Санамды жүрсің ақтарып.

Өтті ғой өмір нөсердей,  
Жеткейсің алқынып, арман!  
Мәңгі, әйтеу, көңілде сөнбей,  
Найзағай жарқылы қалған!

\* \* \*

Жанарыңнан жарқ еткен жарылыстың  
Жұттым дағы жалынын, жанып ұштым.  
Қиялымның отына аңдаусызда  
Өртеп аппын тамырын сағыныштың.

Дәрменсіздік шексе егер ылаңға айбат  
Жалғассын деп жүрекке шыдам, қайрат,  
Сұңгимін де өзімнің көз-жасыма,  
Тұнбасы боп намыстың шығам қайнап.

Көкейіме шешусіз сұрақты ілген,  
Қылығыңа мырс етіп жылап, күлгем.

Жылап тұрып жайдары сезіміме  
Аспанымды аяусыз құлаттым мен.

Уақыттың безбені сенім емес,  
Аққу – елес, көздегі көліме көш.  
Кеш күнәнды,  
Сынын кеш тағдырыңның,  
Болса менен қателік, мені де кеш...

1989 жыл.

### СЕЗІМНІҢ АСАУ ЕРМЕГІ

Шұғыла жүзің алауын шашып нұрлана  
Көздерден таса қарама, деуші-ем, ұрлана,  
Бала едің әлі,  
Екеумізді өртеп андаусыз  
Кететін болды-ау алдамшы сезім бір ғана.

Өзіңе сенсең құша бер онда,  
Құш тағы...  
Қанатты бір күш көзімнен үркіп ұшпады.  
Шекараң жаққа қолымды қозғай береді  
Алданыш деген төзімнің асау дұшпаны.

Құрыққа түсті құтылам деген талпыныс,  
Жетелей берді адаса жеткен алқыныс.  
Тілімді сенің тіліңе жалғап,  
әуелде-ақ,  
Ақылыңды еміп қойған-ау сиқыр тартылыс.

Сиқырлы бір күш сабырға қылыш сермеді,  
Ағалықты да, балалықты да «жерледі».  
Жерлеген сайын сезімнің ессіз отына  
Лақтырып кеткен махаббат неткен шерлі еді! –

Лақтырды дағы тағдырға ырық бермеді...  
Солай да солай...

Бір сәтке сосын басылып,  
Көзіңнен бәрі өкініш болып селдеді,  
Қатерлі-ең неткен, сезімнің асау ермегі!...

### ЖАНАРҒА

Шашқанда көзім көп ұшқын  
Өзім де содан шоқ іштім.  
Қоңырси түскен көңілдің  
Көгінде саған тоғыстым.

Құлдырай түскен ғұмырдың  
Құрығы түсіп жығылдың.  
Тектіден қалған түбірдің  
Тасасын тауып тығылдың.

Жұлынып біткен жүректің  
Жұлыны болып дір еттің.  
Жүрегі болып жарқ етіп,  
Жұмақтың нұрын түлеттің.

Малданған менің мастығым,  
Алданған сенің жастығың...  
Мендегі ағыс мұң ағыс  
Болғасын бәрі пәс бүгін...

### СЕНІҢ ЖАНЫҢ НЕ БІЛДІ?

Сен де өзгемен нұрланып,  
Сол кезде мен жынданып,  
Арамыздан махаббат  
Баратқанда ұрланып,  
Сен де алаңсыз тойшылап,  
Мен де амалсыз ойсырап,  
Арамызды тағдырлар  
Баратқанда қайшылап,

Мен бұлқынып қынапта,  
Сен жұлқынып жыраққа  
өртесен де,  
намысым  
Өртенбеді, бірақ та.

Менің жаным егілді,  
Сенің жаның не білді?  
Мен жыраққа жерледім  
Сен жылатқан көңілді.

### ЖАЛҒАСЫ БАР ТОЙЫМНЫҢ

Айбынды еңбек аптаппен жұлқыласып,  
Қуанышқа кеткенді шырт ұласып.  
Тұңғышыңның, жан әке, құрметіне,  
Тамыз тойы дүрлікті шұырасып.

Шөп науқаны шақырып тұрғанда алдан,  
Жанарыңнан жәудіреп тұнған-ды арман:  
«Ұлым мектеп есігін ашқалы отыр.  
Қайтып келіп шақырам кім бар қалған?» –

Дедің де әке ұзадың жолға асығып,  
Тоқтата алмай шарқ ұрды алғаш үміт...  
Ертесінде табиғат қайғы „келді,  
Тойға әкелген шашудың жалғасы ғып.

Қоштаспап – ек,  
Қоштасу құрсын әрі,  
Жиырма сегіз жас деген қыршын әлі  
Бәлкім, маған Зайсанның тұнығынан,  
Мөлдірлік, пәктікті іздеп жүрсің әлі...

Қайғы азуын итеріп тістеп алған  
Қызың келді өмірге іште қалған.

Көздің жасы қопсытып күйген бакты  
Армангүл боп гүлдеді іштегі арман.

Қырсық бірақ, күшейді қаталданып  
Қай бағытта жалғамақ сапарды анық...?  
Армангүл де жыл өтпей тым асығыс  
Әкемізге әкетті атамды алып.

Төзе түстік,  
Түнерді ақша тамыз,  
Төзе түссек нәубетті ақсатамыз.  
Кеткен ұлға кенжесін көрсетем деп  
Кете барды осылай жақсы атамыз.

Мен де осылай өмірдің сындарында,  
Сүрінсем де күймеппін мың жалында.  
О, Тәңірім, қуат бер,  
Ұлы тоймен  
Әке арманын жалғайын гүлзарында!

Көз жасымен қайғысын жуа алмаған  
«Тойлатамын!» дегенде уанды анам.  
Жеңер шақта қаралы қағаз алып,  
Анам туғанда – анасы қуанбаған.

Қуану да анама арман еді  
Бар жақсысын тойға ол да арнап еді.  
Тойға асығам,  
Білмеймін, қандай бақыт?  
Шаттығына жамағат жалға мені!

Алғысым көп, жанымды демегендер,  
Қонағым бол , кең пейіл, кемел ерлер,  
Мен дайындап жатқан бұл ұлы тойға,  
Жете алмаған Жүмекен, Төлегендер.  
Кел, ағайын!  
Кел, достар!  
Кел, өрендер!

## ЕҢСЕМДІ БАСЫП...

Күз желі тисе буыны қақырап барып,  
Ләззаттан құлап жатады жапырақ талып.  
Қираған ғұмыр, қырқылған қасіреттермен  
Қиялды жамап келеді атырап та анық.

Түңілсем маған бұл жалған – андыған жыра.  
Жалғаннан кетсем онда да қаңғырам, жүдә.  
Өз басым сыйса бақиға,  
әкетер едім  
Жанымды және жанашыр домбырамды да.

Өртеніп кетсем ішімнен жанғанда ғалам  
Жанымнан түтін будактап заңғарға барам.  
Ол жақтан жауым іздесе,  
Бақиды да өртеп,  
Панасыз қалсам мәңгілік, таңғалма маған.

Құдайдың қызы болса да ертеңгі ғашық,  
Әзірге жан жоқ сырымды шертер бір ашып.  
Жүйкеме мінген әлдебір сиқырлы салмақ  
Еңсемді басып келеді,  
Еңсемді басып.

1990 жыл.

## ТӨРКІЛЕДІ СЕЗІМНІҢ БӘРІН ҒҰМЫР

Ұнатпадым...  
Жоқ әлде ұнаттым ба?  
Сағынышың сіңбепті, бірақ, құмға.  
Қабағымнан көзіңе түн тамшылап  
Қайта-қайта сүріндің сұрақ-мұңға.

Жүргізе алмай жүрекке басқа ұғымды  
Түсінбестік тұрғызды тас тұғырды.

Жәбірлеуге кеп пе едім аш ғұмырды,  
Қадірлеуге жетпедім жастығыңды.

Құшақта – сен...  
Ой деген ұшақта әсем –  
Қиялыңның тылсымы қысап бәсең  
Бара жатты.  
Сен, бірақ, алданышқа  
Үмітіңнің үркегін тұсаппас ең.

Жымысқы түн,  
Санамды қалың дүбір  
Жаншып өтті,  
Жаулады жанымды іңір.  
Намысымды талатып алданышқа  
Тәркіледі сезімнің бәрін ғұмыр.

1996 жыл.

\* \* \*

Мінез тағы қашырды-ау сиқынды шын,  
Назың қайда сәбидей сиқыр-мүсін?  
Долданыстан түк шықпай жылай кеттің  
Аянышты-ақ! –  
Сол кезде сүйкімдісің.

Үміті – асқақ,  
Барымен базар құсым,  
Жараңды енді қиялмен жазармысың.  
«Көркім жоқ па сендік?» – деп айнаны ұрдың  
Аянышты-ақ! –  
Сол кезде ажарлысың.

Сүймедім бе, сүйдім бе?... –  
Дәл нақтысын  
Сезбеген соң өзінді алдап, құсым –  
Шылымды ұстап қорқыттың «сергимін» деп,

Аянышты-ақ! –  
Сен, бірақ, салмақтысың.

Қабағыңды аша алмай сабырлы ісің,  
Қаша бердің жағалап қабірді шын.  
Кездік ала жүгірдің өзді-өзіңе  
Аяп кетем...  
Сол кезде қадірлісің.

Қарғадың да тас аттың,  
Сорым қалың.  
Қанмен жудың бетімді,  
Қолыңдамын,  
Аянышты-ақ...  
Бақытқа жаны құштар  
Дәрменсіздік жасатты-ау соның бәрін.

\* \* \*

Елес пе,  
Оймен егес пе? –  
Жаныңды шарпып от-күдік,  
Тартты да сиқыр белеске  
Қорқыныш, мұңға жекті үміт.

Албырт ек,  
Бірақ, асыға  
Сезімнің уын бірге іштік.  
Жастықтың ессіз отына  
Өртеніп барып мұң құштық.

Сезімдер тартты жолға алыс,  
Серілік жанды жырлатып,  
Кездесті сәттік алданыш,  
Келді де кетті бір бақыт.

Жарқ етті де отың жанардан  
Қарашықтардан тұнды шық,



Жарқырап барып сан арман  
Құс жолын түзді түнге ұшып.

### АҒЫН

Кетті ме деп жанымды жай табалап,  
Қайта өрледім қиялға ой тағалап.  
Жарқ еттің де қираған көңілімнің  
Күмбездерін тұрғыздың қайта қалап.

Жеткізе алмай бөгеліп соңғы сырды  
Қиығына көзіңнің жол қысылды.  
Қысылды да Шардара екпіні боп  
Жайғап кетті жанарың болмысымды.

Сабырың да салмақсыз, аты мұңды,  
Қорғануға тіредім ақылымды.  
Ақылдың да қалқаны жалғыз ғана  
Қытықтаған деміңе жапырылды...?!

\* \* \*

Көтере алмай көңілімнің түңлігін,  
Жеткізе алмай көзімдегі күн нұрын,  
Ести алмай кетіп барам бұлдырап  
Жаныңдағы бұлақтардың сыңғырын.

Кеудеме әкеп тоғытты да мұңды мұң,  
Құдіретін қайталадым жындының.  
Опырылып бара жатқан жүректің  
Жөргегінде тұншықты да тынды үнім.

Тынды бәрі...  
Тынды бақ та, тынды ұғым.  
Сүйді бәлкім...  
Сүйе алмады кімді кім?  
Сұқтанды да сұмдығым мен шындығым

Сорлы тағдыр сынды мың –  
Жындымын...

### КЕШКІ ҚҰРЫЛЫСТА

Сол түнге ой көп таңдай қағып,  
Түскен соң көп құбылысқа,  
Қайтем деп өткенді ойға алып  
Шыққан ем кешкі жұмысқа.

Баққа біз жоғалтып алған  
Бағытты ұмытқым келіп,  
Кетсем де,  
Мұнартып арман,  
Қалмады күдік күнде еріп.

Жайсыздық қолқалай берді –  
Керең кеш ұғына алмады.  
Ойымды балталайды енді  
Кранның сигналдары.

Еншіден көңіл құр қалған  
Сәттерде сабыр – тайғанақ.  
Тұрды үнсіз көгілдір қорған  
Дүбірге жабырқай қарап.

Көгілдір құрсақтан әлі  
Дамылдап үй келеді өсіп.  
Көңілдің сыр сақтағаны –  
Кетті үміт имене көшіп.

Терімнен соғылған жақсы үй  
Өзіме сағыныш әлі.  
Кең көше,  
Ағылған такси  
Көңілді алып ұшады...

1985 жыл.

## МАЗМҰНЫ

### **...Шексіздікке қысылмай Сыйып кетсем деп едім**

Көлеңке.....	4
Мәңгілікті талатпай сүйреп келем. ....	5
Жоғалу.....	6
Сырқат.....	8
«Тағдырымнан ұрланып дара тыныс...».....	9
«Күдайға жетсе ғанибет үні...».....	10
«Өзімді келем өзімнен қорғап...».....	10
Түн.....	10
Шарасыздық.....	13
Мұң мен сынақ.....	14
Ақыретті мүсіркеп жаратылыс.....	15
Адасу.....	16
Қаға берді таңдайын кәрі сағат... ..	18
Оқылар едім фәниге... ..	21
Махамбетше.....	22
Күнә біткен теңсіздікте туғасын.....	24
Мен өзім... ..	25
Мәңгілікті құшақтап... ..	26
«Көзімнің нұры әлсіреп...».....	27
Лап етіп жансам бір күні.....	28
Тынымсыз тылсым жол кесті.....	29
«Зардабын ішіп тағы да жырдың...».....	29
«Сыңсиды жаралы жылдар...».....	30
Ызалы қандастарым.....	31
«Толғақ қысқан жүрегім жүр шыдатпай...».....	31
Мен әлемнің кендігін өлшеп өтем.....	33

### **Көлеңкемен көз жаздым өзімді ішіп**

Ортақ сырқат.....	36
Шайтанның мұңы.....	37
Саз аспаптары.....	38
Жалған туыс.....	39
Құрмалас сөйлемдер.....	41
Ақын апайға.....	42

Текесте.....	43
Ақын назы .....	45
Жазылмаған шежіре.....	46
Балаға ат қоюдың дауы .....	47
Ішіп өлсе арысын кім күштеген?.....	48
Кешіккен жігіт .....	49
Сыр тасқынындағы тікұшақ апатына.....	50
Шахтерлар қазасына аза.....	51
Кеңсайдағы бейіттер .....	52
Әйел.....	53
«Қиян» фильмін көрген соң.....	53
Шетелге бала сатқандарға.....	55
Жылу жүйесі .....	55
Атақтыларға арналған қолтаңба кітабы.....	56
Сұңқар .....	57
Мұхтардың Құнанбайы .....	58
Күзғынның шері .....	59
Махамбет пен Жәңгір.....	61
Ұлттық арнаға айтылған наз.....	62

**Оқылмадым  
оқымаған ғаламға...**

Азаттық жалауын желбірет! .....	66
Ана тілі .....	66
Желтоқсандық екіжүзділер.....	67
Ұғым .....	68
Тоналған дүкен. 1986 жыл. ....	69
Желтоқсанды бағала! .....	69
Алаңдағы мінбеге. 1986 жыл.....	70
Алаңдағы өрт. 1986 жыл.....	71
Аударылған трамвай. 1986 жыл.....	72
Алаңдағы жарық .....	72
86-ның төлі едік .....	73
«Үш жұрт түгілі үш жүздің де ендігі...».....	76
Шеңгелдер. 1986 жыл.....	76
Біз білетін құрбандар.....	77
Жаркенттегі ескерткіш.....	78
Қайрат кім? .....	79
Жиындағы Жұбан. 1986 жыл.....	81

Кезікпедім.....	82
Ләззаттың басына барғанда .....	83
Басқа тиіп, бастағы сұрақты ұрды.....	84
Ердің бірі .....	85
Толассыз бодандық .....	86
«Аспан астын...» .....	87
Құбылмаған ел ме едік?.....	88
Ердің құны .....	89
Орын таппаған ескерткіш .....	90
Дүние қозғалады .....	90
«Қасқырлық» немесе Желтоқсан оқиғасынан соң .....	91
Жаңа жыл. 1986 жыл .....	92
«Желтоқсанның екпіні лақтырғалы ...» .....	94
Ұлтсыздық идеясын тапқандаға .....	94
Желтоқсан жыры .....	95
Желтоқсан жаңғырығы.....	98
Шәуешекте .....	100
Шыңжаңда.....	101
Ұсыныс .....	102
Қазақ елі .....	103
Алақ көтерілісі.....	103
Жаңаөзен .....	110
Қазақстандық ұлт жайлы .....	111
Түнекті серпіп келеді сырғанап аспан .....	112
Сәйкеспейтін заңы басқа болғасын.....	113
Қазақпыз. 1990 жыл.....	114
Тәуелсіздік аларда .....	116
Қазақстан картасы .....	116
Ата заң.....	118
Көшеді бәрі .....	119
Дала маршы.....	120
Анашым арман әнім. ....	121
Драма .....	121
Ш. Әкірамиді жерлегенде .....	122
Оқиға үстінде туған жыр.....	123
Ғасыр кетіп барады.....	125
Олимпиада алауы .....	126
Ұлт тағдырын ойласаң... ..	128
Жәдігермін мен де бір.....	129

Тәуелсіз шешен еліне .....	130
Ит – тәуелді. 1962 жыл.....	131
«Уақыт пенен ғаламға елші атанып...» .....	132
Егемендік декларациясы шыққанда .....	133
Жасай бер, елім .....	134

### **Қытықтайды пәниді ар сұғынып**

Көлеңкесін терлеткен салмақтылық... ..	136
Бекзатқа .....	137
Алғаш келгенде.....	138
Мұстафа Өз Түрікке .....	140
№1 перзентханада.....	140
Ғ. Мүсіреповты жерлегенде.....	141
Қаныш Сәтбаевқа .....	143
Маңғыстауда .....	144
Отты қала – Өскемен .....	145
Семей.....	146
Ұрлатпады өз ақын нәзіктігін.....	146
Өскемен.....	147
Астана көшерде .....	148
Облыстар картасы.....	149
Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне .....	154
Құнанбай мен Шал қажы .....	154
Абай ескерткіші .....	157
Топан су.....	158
Сабырлы бол! .....	160
Бауыржанға .....	160
Әнеркеге .....	163
«Әнім, еркем...» .....	163
«Хабарыңды естіп, Әнерке...» .....	164
Ауылға барғанда .....	165
Бай қазақтың картасы.....	166
Өткен ғасыр наласы .....	166
Жауынгер Қасым .....	168
Заманбек, Алтынбектер.....	169
Малайсары бидің Сырымға берген батасы.....	170
Жібек жолы .....	172
Ақсуат.....	173

Қажытай аға.....	174
«Сәні кірсін деп жыр атты жұтаған үйдің...».....	174
Жанарымның жарығы мың тірілді.....	175
Ақын досыма.....	175
Асқар Егеубаевқа.....	176
Әулие.....	177
Айтыстағы «Хайлэйлім...».....	177
Талаптанға.....	177
Балаларға ат қоямын енді өзім.....	178
Нәресте жайлы түс.....	179
Алтын емел.....	181
Мәңгіліктің көзіне тұрақтасын.....	181
Қызылкесікте.....	182
Тарбағатай жотасы.....	183
Парасаттың жалғасы емес пе едік... ..	184
Көктөбе.....	185
Майлышат жотасы.....	185
Алақ қойнауында.....	186
Шешемнің жауабы.....	187
«Сары далада соқты боран апта бойы тоқтамай...».....	188
«Алатауды бетке алып жырақта әсем...».....	189
Бесмойнақ мектебінің түлектері.....	190
Балуан досыма.....	190
Той көкесі – үйлену.....	191
Жас шаңырақ иелеріне тілек.....	192
«Жүректі жұлқылап барып...».....	193
«Жанарыңнан жарқ еткен жарылыстың...».....	193
Сезімнің асау ермегі.....	194
Жанарға.....	195
Сенің жаның не білді?.....	195
Жалғасы бар тойымның.....	196
Еңсемді басып.....	198
Тәркіледі сезімнің бәрін ғұмыр.....	198
«Мінез тағы қашырды-ау сиқыңды шын».....	199
«Елес пе...».....	200
Ағын.....	201
«Көтере алмай көңілімнің түңлігін...».....	201
Кешкі құрылыста.....	202

**Аманғазы КӘРІПЖАН**

**САНА СУРЕТТЕРІ**

Редакторы *Сәндібек Жұбаниязов*  
Техникалық редакторы *Зайра Бошанова*  
Көркемдеуші редакторы *Нұрлан Тазабеков*  
Компьютерде беттеген *Дилярам Мансурова*

**ИБ № 7302**

Теруге 20.07.2014 жіберілді. Басуға 15.09.2014 қол қойылды.  
Қалыбы 84x108<sup>1/32</sup>. Офсетті басылыс. Қаріп түрі «Times New Roman». Баспа табағы 13,0. Шартты баспа табағы 10,92. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № .



Қазақстан Республикасы “Жазушы” баспасы, 050009.  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
E-mail: Zhazushi@mail.ru

ISBN 978-601-200-485-4



9 786012 004854